

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

«Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы

Осы Жарлыққа [түсіндірмені](#) қараңыз

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған [мемлекеттік бағдарламасы](#) (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің [іс-шаралары жоспарын](#) әзірлесін және бекітсін;

2) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 [Жарлығында](#) белгіленген [мерзімде және тәртіп](#) пен Бағдарламаны мониторингтеу мен бағалау нәтижелерін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсынсын.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 [Жарлығына](#) (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., №25-26, 185-құжат; 2011 ж., №3-4, 39-құжат; 2012 ж., №9, 171-құжат; №47, 626-құжат; 2013 ж., №11, 200-құжат; №55, 768-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

Жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік бағдарламалар [тізбесі](#) мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 11-жолмен толықтырылсын:

«11.	Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі	2014 жылғы 1 маусымға дейін	2015 - 2019 жылдар	2014 жылғы 1 шілдеге дейін».
------	--	--	-----------------------------	--------------------	------------------------------

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Астана, Ақорда, 2014 жылғы тамыздың 1-і.

№ 874

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2014 жылғы 1 тамыздағы
№ 874 [Жарлығымен](#)
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Мазмұны

[1. Бағдарламаның паспорты](#)

[2. Кіріспе](#)

[3. Ағымдағы жағдайды талдау](#)

[4. Бағдарламаны іске асыру мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және нәтижелердің көрсеткіштері](#)

[5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарына қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар](#)

[6. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері](#)

[7. Қажетті ресурстар](#)

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы	Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
Өзірлеу үшін негіздеме	1. «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы 2. Мемлекет басшысының «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы 3. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің XXVI пленарлық отырысында Мемлекет басшысы берген тапсырма
Жауапты орындаушы	Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
Мақсаты	Өңдеуші өнеркәсіпті әртараптандыруды және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруды ынталандыру
Міндеттер	1) өңдеуші өнеркәсіпті озыңқы дамыту; 2) басым секторларда тиімділікті арттыру және қосылған құнды ұлғайту; 3) шикізат емес тауарларды өткізуге арналған нарықтарды кеңейту; 4) өнімді жұмыспен қамтуды ұлғайту; 5) өңдеуші өнеркәсіптің басым секторларын технологияландыруды жаңа деңгейге көтеру және инновациялық кластерлер қалыптастыру арқылы болашақтың секторларын дамыту үшін негіз жасау; 6) өңдеуші өнеркәсіптегі кәсіпкерлікті ынталандырып, шағын және орта бизнесті дамыту.
Іске асыру мерзімі	2015-2019 жылдар
Нысаналы индикаторлар	2012 жылдың деңгейіне қатысты 2019 жылы мына экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізу: 1) өңдеуші өнеркәсіп өндірген өнім көлемін нақты мәнде 43 %-ға ұлғайту; 2) өңдеуші өнеркәсіпте жалпы қосылған құнды нақты мәнде кемінде 1,4 есе ұлғайту; 3) өңдеуші өнеркәсіпте еңбек өнімділігін нақты мәнде 1,4 есе ұлғайту; 4) шикізаттық емес (өңделген) экспорт құнының көлемін кемінде 1,1 есе ұлғайту; 5) өңдеуші өнеркәсіптің энергия сыйымдылығын 2012 жылдың деңгейіне қатысты кемінде 15 %-ға азайту; 6) өңдеуші өнеркәсіпте жұмыспен қамтуды 29,2 мың адамға ұлғайту.
Қаржыландыру көздері мен көлемі	Бағдарламаны 2015 - 2019 жылдары іске асыруға республикалық бюджетте көзделген жалпы шығыстар 643 909,6 млн. теңгені құрайды, оның ішінде: 2015 жылы - 327 506,3 млн. теңге* 2016 жылы - 111 324,6 млн. теңге* 2017 жылы - 74 464,6 млн. теңге* 2018 жылы - 64 785,3 млн. теңге* 2019 жылы - 65 828,8 млн. теңге*

Ескертпе*

сомалар тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік бюджетке сәйкес нақтыланатын болады

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) «Қазақстан-2050» [стратегиясының](#) ұзақ мерзімді басымдықтарына сәйкес Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының «Экономиканы әртараптандыруды жеделдету» деген түйінді бағытын іске асыру үшін, Қазақстанның әлемнің дамыған 30 ел қатарына кіру жөніндегі тұжырымдамасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің XXVI пленарлық отырысында Мемлекет басшысы берген тапсырманы орындау үшін және Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде әзірленген.

Бағдарлама Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның (бұдан әрі - ҮИИДМБ) қисынды жалғасы болып табылады және оны іске асыру тәжірибесі ескерілген. Бағдарлама Қазақстанның өнеркәсіптік саясатының бір бөлігі болып табылады әрі күш-жігер мен ресурстарды секторлардың шектеулі аясына, өңірлік мамандануға шоғырландыра отырып, кластерлік тәсілді қолдану арқылы өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға және тиімді салалық реттеуге бағытталған.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1497 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 — 2019 жылдарға арналған [тұжырымдамасының](#) негізгі қағидаттары мен тәсілдерінің негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 579 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын инновациялық дамытудың 2020 жылға дейінгі [тұжырымдамасының](#), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 қазандағы № 1092 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының перспективалы ұлттық кластерлерін қалыптастырудың 2020 жылға дейінгі [тұжырымдамасының](#) және индустрияландыру саласындағы басқа да бағдарламалық құжаттардың ережелері мен қағидаттары, сонымен қатар Қазақстан қатысушы болып табылатын халықаралық келісімшарттардың нормалары ескеріле отырып әзірленген.

Бағдарлама бизнес ахуалға ықпал ететін мемлекеттік саясат аспектілеріне өте тәуелді болып табылады. Бағдарламаның сәтті болуы Қазақстан Республикасының бизнесті жүргізу шарттарын жақсарту (Doing business), елдің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату (Global Competitiveness Index), жасыл парақтар (Yellow Pages) қағидатын ескере

отырып, жоспарлы жекешелендіруді жүргізу арқылы экономикаға мемлекеттік қатысу үлесін төмендету Қазақстанның ТШИ Инвестициялық сенім индексіне кіруі (FDI Confidence Index) адами капитал индикаторы бойынша алға қойылған міндеттерге қол жеткізуіне байланысты болмақ. Бұдан басқа, Бағдарламаны іске асыру тиімділігі қаржыландыру моделіне, оны іске асыруға бюджет қаражатын бөлудің толықтығы мен уақтылылығына тікелей байланысты.

3. Ағымдағы жағдайды талдау

1. Қазақстан Республикасындағы индустриялық дамудың ағымдағы жағдайын талдау

Қазіргі уақытта Қазақстан экономикасының құрылымында өнеркәсіп шамамен үштен бір бөлігін алады. Кен өндіру секторы жұмыспен қамтудың 2,9 %-дан астамын және экономикадағы жалпы қосылған құнның (бұдан әрі - ЖҚҚ) 18 %-ын қамтамасыз етеді. Өндіруші өнеркәсіптегі негізгі капиталға инвестициялар бүгінде жалпы көлемнің 30 %-ынан асады, ал өңдеуші өнеркәсіпте бар болғаны - 12 %. Қазақстан өндіруші салалардың өнімін экспорттауда алда келеді (ең алдымен, мұнай есебінен), жан басына шаққандағы экспорт көрсеткіші бойынша ТМД елдерінің бәрінен алда. Алайда, Қазақстан Республикасындағы өңдеуші өнеркәсіп өнімдерінің жан басына шаққандағы экспорты Ресейге қарағанда екі есе төмен.

2008 жылмен салыстырғанда 2012 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда ҮИИДМБ негізгі индикаторлары бойынша өсудің оң серпіні байқалып отыр: жалпы ішкі өнім (бұдан әрі - ЖІӨ) 22,5%-ға; шикізат емес сектордың ЖҚҚ 23,4%-ға; өңдеуші өнеркәсіптің ЖҚҚ 22,3%-ға; өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі 70%-ға; шикізаттық емес экспорт көлемі 6,5%-ға; кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің деңгейі 3,6%-ға; инновациялық өнім көлемі 240%-ға өсті, ЖІӨ энергия сыйымдылығы 13,6%-ға төмендеді. Мониторинг субъектілеріндегі сатып алуда тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің жергілікті қамту үлесі 2010 жылғы 48,2%-дан 2013 жылы 63,1%-ға дейін ұлғайды.

Сонымен қатар, Халықаралық валюта қорының (бұдан әрі - ХВҚ) елдер бойынша 2013 жылғы қыркүйектегі есебіне¹ сәйкес экономикада «голланд ауруының» белгілері, атап айтқанда сауда-саттықта қолайсыз жағдайлардың қалыптасқаны, экономикадағы шығыстар деңгейінің өскені және институционалдық проблемалар байқалады. Мұны сыртқы сауда құрылымы да айғақтайды. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2003 - 2013 жылдары экспорт құрылымындағы минералдық өнімдердің үлесі 64,5%-дан 80%-ға дейін өсті. Ресурстардың әлемдік бағаларының өсуімен бірге бұл белгілер тереңдей түспек.

Қазақстан «орташа кіріс тұзағы» проблемасымен бетпе-бет келеді. ЖІӨ-нің халықтың жан басына шаққанда 10 мыңнан 15 мың АҚШ долларына дейінгі аралығында әл-ауқаттың белгілі бір деңгейіне қол жеткізілген соң жалақының өсуіне, транзакциялық шығасылардың ұлғаюына және елдің бағалық бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне байланысты экономиканың өсуі бәсеңдеуі мүмкін. Мұндай жағдайда Қазақстан біліктілігі мен инновациялары жоғары дамыған экономикалармен де, кірісі төмен, жалақы деңгейі төмен әрі өнеркәсіптік тауарлардың өндірісі арзан экономикалармен де бәсекеге түсе алмайтын болады. Өткен ғасырда кедергіден өткен елдер (Тайвань, Финляндия, Оңтүстік Корея және басқалары) мұны өңдеуші өнеркәсіпті қарқынды дамыту базасында экономикалық өсуді қамтамасыз ете алды.

Индустрияландыру процесінде өнеркәсіптегі басты назар біртіндеп өңдеуші өнеркәсіпке қарай ауа бастады, дегенмен оның даму деңгейі салыстырмалы түрде төмен күйінде қалып отыр. Өңдеуші өнеркәсіп жұмыспен қамтудың 7%-дан азын және ел экономикасы ЖҚҚ 11%-ын қалыптастырады. Салыстыратын болсақ, Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібіндегі өнімділік деңгейі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (бұдан әрі - ЭЫДҰ) мүше елдердегі орташа деңгейге қарағанда екі есе төмен, өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс істейтіндердің үлесі жағынан Қазақстан ЭЫДҰ елдерінің бәрінен артта.

¹ХВҚ Ел бойынша есебі № 13/291, 2013 жылғы қыркүйек

Салалық реттеу

Қазіргі заманғы жағдайларда техникалық реттеу елдің экономикалық қауіпсіздігін қорғау құралы және отандық өнімдерді нарықтарға жылжытудың барабар тәсілі болып табылады, ол технологияларға қойылатын техникалық талаптардың деңгейін белгілеп, техникалық шешімдерді таңдаған кезде индустрия үшін бағдар болып табылады.

Жыл сайын жалпы жүйенің даму серпіні байқалуда:

1) аккредиттеу субъектілерінің саны 20%-ға өсті (сәйкестікті растау бойынша 87 орган, 657 сынақ, 332 тексеру және 31 калибрлеу зертханасы жұмыс істейді);

2) менеджмент жүйелерін енгізген және сертификаттаған қазақстандық кәсіпорындардың саны 6 346-ға жетті;

3) 2 800-нан аса сарапшы-аудитор сертификатталды.

Нормативтік-техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры стандарттау жөніндегі 67 000-нан астам халықаралық, өңірлік және өзге де нормативтік құжаттарды қамтиды, олардың 5 223-і - Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары. Оның ішінде олардың 70%-дан астамы халықаралық талаптармен үндестірілген, бұл өз кезегінде машина жасауда, фармацевтикада, химия және тамақ өнеркәсібі мен басқа да секторларда 150-ден астам жаңа өнім түрлерінің өндірісін игеруге мүмкіндік берді.

Бірыңғай экономикалық кеңістіктегі ықпалдастыру процестерін тереңдету жағдайларында және Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі қарсаңында мынадай бірқатар маңызды проблемаларды шешуге назар аудару керек:

1) салалық мемлекеттік органдар, бизнес-қоғамдастықтар мен өнеркәсіп тарапынан стандарттауға тиісті назар аударылмауы;

2) ұлттық стандарттарды халықаралық стандарттармен үндестірудің әлсіз қарқыны;

3) соңғы өнім шығаруға байланысты инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуын талдау мен болжаудың болмауы;

4) сынақ базалары мен сертификаттау орталықтары жүйесінің жеткіліксіз болуы;

5) Қазақстанның батыс және орталық өңірлеріндегі метрологиялық инфрақұрылымның кенже қалуы;

6) техникалық реттеу, метрология және менеджмент жүйесі саласындағы кадрлардың тапшылығы.

Интернационалдандыру

2010 - 2013 жылдар аралығында Қазақстан экономикасына 100 млрд. АҚШ долл. астам тікелей шетелдік инвестициялар тартылды. Бұл сомадан экономиканың шикізат емес салаларына 25 млрд. жуық АҚШ долл. инвестицияланды. Бұған экономиканың басым секторларында қызметін жүзеге асыратын инвесторларға арналып жасалған базалық ынталандыру: кедендік, салықтық преференциялар, мемлекеттік заттай гранттар ықпал етті.

Дегенмен, ағымдағы инвестициялық белсенділік Бағдарламаны іске асыру үшін жеткіліксіз. Бұл үшін мынадай тосқауылдарды жою қажет:

1) ұзақ мерзімді инвестицияларды қорғау және қолдау бойынша нашар кепілдіктер;

2) Қазақстанда шетелдік жұмыс күшінің болуы үшін кіру визалары мен рұқсат беру құжаттарын алудың күрделі рәсімдері;

3) Қазақстан Республикасындағы инвестициялардың перспективалары туралы шетелдік іскерлік ортаның хабардар болуының жеткіліксіздігі.

Экспорттың көлемі бойынша Қазақстан экспорттаушы елдер арасында 42-орынды иеленіп отыр (2008 жылы - 8-орын). Өңделген тауарлар экспортының көлемі 2008 жылмен салыстырғанда 2013 жылы 3%-ға төмендеп, 19,5 млрд. АҚШ долларын құрады. Өңделген тауарлар экспортының дамуына белгілі бір тосқауылдар кедергі келтіреді:

1) экспорттың тауарлық әртараптандырылуының нашар болуы;

2) тауарлар экспортын ілгерілету үшін талап етілетін шығындардың жоғары болуы;

3) шетелдік мемлекеттер тарапынан қазақстандық тауарларға қатысты тарифтік және тарифтік емес тосқауылдар;

4) қазақстандық экспорттаушылардың хабардар болуының нашарлығы.

Технологиялар мен инновациялар

ҰИИДМБ іске асырыла бастаған кезден бері жүргізілген реформалар нәтижесінде инновациялық белсенді кәсіпорындар саны 4%-дан 7,6%-ға дейін өсті, кәсіпорындардың технологиялық инновацияларға жұмсайтын шығындары 3 еседен астам өсті (113,5-тен 326 млрд. теңгеге дейін), инновациялық өнім көлемі де осыған ұқсас 3 еседен астам өсті (111,5-тен 379 млрд. теңгеге дейін). Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің «Инновациялар» факторы бойынша Қазақстан рейтингін 18 позицияға жақсартты және «Технологиялық әзірлік» факторы бойынша 25 позицияға (57-орын) жақсартып, 84-орында орналасты.

Инновациялық белсенділікті қолдау бойынша соңғы жылдары қабылданып жатқан шаралар ауқымының зор болуына қарамастан, мыналар бұрынғысынша түйінді проблемалар болып қала беруде:

1) озық технологиялар трансфертін жеткіліксіз ынталандыру;

2) кәсіпорындар мен бизнестің басым технологиялық міндеттерін шешуге және іздеуге арналған тектіктердің тиімсіз болуы;

3) бизнестің технологиялық сипаттағы инновацияларды қабылдауының төмен деңгейі;

4) технологиялық және басқарушылық құзыреттердің жетіспеуі;

5) білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялардың дамымауы;

6) инновациялық жобалардың іске асырылуын бақылау жүйесінің жетілдірілмеуі.

Қаржы ресурстары

ҰИИДМБ іске асыру барысында қаржыландыру салалардың кең спектрін қамтыды, бұл секторалдық қолдау шараларын және жобалардың бір бөлігін қаржыландыруда қаражаттың жетіспеуіне әкеліп соқты. Сонымен қатар, жеткіліксіз қаржыландыру, көбінесе «ұзын» ақша қорлары қалыптастырылып, ұзақ мерзімді инвестициялар тартылатын отандық нарықтық қаржы инфрақұрылымының дамымауына байланысты болды.

Коммерциялық қаржы институттары тарапынан тиісті қаржыландыру болмағандықтан, қазақстандық нарықтағы бұл тауашаны ұлттық холдингтер мен даму институттарының жүйесі арқылы мемлекет өзі иеленуге мәжбүр болды. Даму институттарының жүйесі кеңейтіліп, индустриялық-инновациялық даму қажеттіліктерін ескере отырып ретке келтірілді. Индустриялық дамуға қолдау көрсетудің түрлі құралдары сыналды: пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, шығындарды өтеу және инновациялар мен технологияларды енгізуге гранттар беру, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу, кредиттерге кепілдік беру және т.б.

Өңдеуші өнеркәсіптің жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарының жоғары кредиттік жүктемесі және соңғыларында қарыздық қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін бос өтімді активтердің болмауы түйінді тосқауылдар болып қалуда:

1) акционерлік капиталды қалыптастыру үшін қаржы ресурстарының қолжетімсіздігі;

2) ұзақ мерзімді кредиттердің қолжетімсіздігі;

3) кредиттік ресурстардың құны.

Қазіргі уақытта Қазақстанның қор нарығы әлі толық қалыптаспаған институт ретінде бағаланады, өйткені ол қаржы саласының акционерлік капиталды толықтыру көзі болып табылатын құрамдас бөлігіне айнала қойған жоқ. Бұдан басқа, осы тетіктің дамымауы көбінесе, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қаржы ресурстарын индустриаландыру мұқтажықтары үшін пайдалануды тежеп отыр.

Қазақстандық қаржы институттарының кредит беруінің, әсіресе ұзақ мерзімді кредит беруінің жоғары құны маңызды тосқауыл болып қалуда. 2013 жылы ЕДБ ұзақ мерзімді кредиттері бойынша сыйақының орташа мөлшерлемесі ұлттық валютада жылдық 17,3%-ды құрады. 2008 жылмен салыстырғанда ұлттық валютадағы кредит беру құны 1,1 пайыздық тармаққа өсті. Ұзақ мерзімді валюталық кредиттердің салыстырмалы түрде арзан болуы (2013 жылы орташа алғанда 10 %) жоғары валюталық тәуекелдермен нивелирленеді.

ЕДБ тарапынан корпоративтік кредит беруінің өсуіне кәсіпорындардың жоғары «кредиттелуі» мен проблемалық кредиттермен жағдайдың шешілмеуі бөгет жасап отыр. Банктердің несие қоржынындағы проблемалық кредиттердің жоғары деңгейі (90 күннен астам мерзімі өтіп кеткен) 2010 жылдан бастап сақталуда. 2014 жылғы I ақпандағы жағдай бойынша проблемалық кредиттер жыл басынан бері 3,6%-ға ұлғайып, 4,3 трлн. теңгені немесе ЕДБ несие қоржынының 32,2%-ын құрады.

Инфрақұрылым

2014 жылдың басындағы жағдай бойынша Қазақстанда 10 еркін экономикалық аймақ пен 10 индустриялық аймақ (бұдан әрі - ИА) жұмыс істейді, бұлар химия және мұнай химиясы, металлургия өнеркәсібі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, тоқыма, логистика, туризм сияқты экономиканың әркілі салаларында әрекет етеді. Арнайы экономикалық аймақтардың (бұдан әрі - АЭА) аумағында инвестициялар көлемі 203 млрд. теңге 83 өндіріс

жұмыс істейді, инвестициялар көлемі 1,8 трлн. теңге 68 жоба іске асырылу сатысындағы, инвестициялар көлемі 571 млрд. теңге 348 жоба инвестициялық шешім қабылдау сатысында.

2001 - 2013 жылдар кезеңінде АЭА-да 5967 жұмыс орны құрылды, өндіріс көлемі 210,8 млрд. теңгені құрады.

АЭА және ИА шеңберінде негізгі инфрақұрылымға қол жеткізу бөлігінде индустрияландыру субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

2009 - 2014 жылдар кезеңінде бірқатар АЭА инфрақұрылымын дайындау аяқталды (1-кесте).

1-кесте. Кейбір АЭА дайындық пайызы

№	АЭА атауы	Инфрақұрылымның әзірлік пайызы	
		2009 жылға	2014 жылға
1.	ҰЖТИ	0%	10%
2.	ИТП	83%	100% (1 кезек.)
3.	Астана - жаңа қала	47%	80%
4.	Индустриялық парк (Сарыарқа АЭА)	10%	90%
5.	Ақтау теңіз порты	21%	30%
6.	Оңтүстік	82%	100%
7.	Бурабай	0%	100%
8.	Павлодар	-	0%
9.	Қорғас-Шығыс қақпасы	-	0%
10.	Тараз химпаркі	-	0%

АЭА және ИА инфрақұрылымын қалыптастыру аяқталған жоқ, АЭА инфрақұрылымын қаржыландыру жеткіліксіз. Сондай-ақ, АЭА мен ИА басқарудың тиімділігінде де проблемалар бар.

Тұтастай алғанда, көліктік-логистикалық, энергетикалық және басқа да инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы өнеркәсіп секторларының дамуы үшін тосқауыл болып табылады.

Бұдан басқа, табиғи монополиялардың көрсетілетін қызметтеріне қатысты ұзақ мерзімді кезеңде болжанатын тарифтердің болмауы қазақстандық өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігіне келеңсіз әсерін тигізеді.

Отандық кәсіпорындар бетпе-бет келетін түйінді проблемалар:

- 1) теміржол тасымалдарына, электр энергиясын тасымалдауға және жылу энергиясына жоғары тарифтер;
- 2) көлік және энергетика монополистерінің тарифтік саясатының жиі өзгеруі;
- 3) көліктік-логистикалық инфрақұрылымның төмен деңгейі;
- 4) АЭА инфрақұрылымын, оның ішінде, өндірістік инфрақұрылымды жеткілікті қаржыландырудың болмауы.

Адами ресурстар

Өндірістегі жұмыс істейтіндер саны 2009 жылдан (921,9 мың адам) бері 12,7%-ға өсіп, 2013 жылы 1 млн. адамнан асты (1 039,1 мың адам). 2010 - 2013 жылдар кезеңінде Индустрияландыру қарсаатының шеңберінде 61 мыңнан астам тұрақты жұмыс орындары құрылды.

Сонымен бірге Бағдарламаны адами ресурстармен қамтамасыз етуде проблемалар бар:

1) АЭА-ға қатысушылардың инвестициялық кезеңде білікті жұмыс күшін квоталардан және арнайы рұқсат бермей тарту құқығының болмауы;

2) техникалық және инженерлік машығы мен техникалық және кәсіптік білім беру базасындағы мамандықтары бар кадрлардың жетіспеуі және біліктілігінің төмен болуы;

3) техникалық, инженерлік мамандықтар мен инновациялық менеджмент бойынша ғылыми кадрлардың тапшылығы;

4) кәсіптік стандарттарды білім беру стандарттарымен үндестірудің жеткіліксіз болуы;

5) инженер-техник кадрлардың ағылшын тілін білуінің төмен деңгейі.

Көші-қон проблемалары адами ресурстар саласындағы қосымша тосқауылдар болып табылады:

1) жұмыс күшінің өңіраралық ұтқырлығының нашар болуы;

2) шетелдіктердің жұмыс визалары мен Қазақстанда жұмыс істеуге ықтиярхат алу рәсімінің күрделі болуы.

Мемлекеттік сатып алу

ҰИИДМБ іске асырылған 4 жыл ішінде жергілікті қамтуды мониторингтеу субъектілері тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі - ТЖҚ) 31,2 трлн. теңгеге, оның ішінде отандық ТЖҚ-ны 17,6 трлн. теңгеге немесе 56,5% сатып алды. ТЖҚ сатып алуғағы жергілікті қамту үлесі 2010 жылмен салыстырғанда 2013 жылы 48,2%-дан 63,1%-ға дейін өсті.

Отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік сатып алу, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор мен жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алу жүйесі арқылы қолдауда белгілі бір жетістіктерге қол жеткізілді. Сонымен қатар, жалпы өңдеуші өнеркәсіптің сатып алу жүйесіне қол жеткізуі үшін мыналардың:

1) сатып алынатын өнімнің инновациялылығы критерийлерінің;

2) технологиялық келісімдер негізіндегі ұзақ мерзімді жеткізу шарттарын жасасу тетігінің;

3) техникалық ерекшелікте ұлттық стандарттар талаптарының;

4) сапасыз және қауіпті өнімнен қорғаудың;

5) офсеттік келісімдер жасасу тетігінің болмауына байланысты тосқауылдар әлі де сақталып отыр.

Кәсіпкерлік пен шағын және орта бизнес

Мемлекеттік қолдау шараларының арқасында шағын және орта кәсіпкерліктің Қазақстан экономикасына үлесі едәуір өсті. 2012 жылдың қорытындысы бойынша ел ЖІӨ-сіндегі шағын және орта бизнес (бұдан әрі - ШОБ) үлесі 17,3%-ды құрады. 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша белсенді субъектілер саны 871 мыңнан асты, жұмыспен қамтылғандар саны - 2,6 миллион адам.

Сонымен бірге, кәсіпкерлік пен ШОБ одан әрі дамытуға кедергі келтіретін бірқатар проблемалар бар:

- 1) квазимемлекеттік сектор мен шикізаттық трансұлттық корпорациялардың (бұдан әрі - ТҰК) экономикада көп шоғырлануы;
 - 2) бизнесті ашу мен жүргізудегі рұқсат беру мен бақылау-қадағалаудың күрделі жүйелері;
 - 3) кәсіпкерлік және ШОБ субъектілерінің қаржы ресурстарына қолжетімділігі деңгейінің жеткіліксіз болуы.
- Бәсекелестікті ынталандыру
- Мыналар бәсекелестікті ынталандырудың түйінді тосқауылдары болып табылады:
- 1) экономикаға мемлекеттің негізсіз қатысуы;
 - 2) инвесторлар үшін бизнесті қорғау бойынша қажетті кепілдіктердің болмауы;
 - 3) тиімсіз кәсіпорындарды нарықтан шығару жөніндегі тиімсіз тетік.
2. Өңірлік мамандану
- Өңдеуші өнеркәсіптің өңірлік мамандануы тарихи қалыптасқан құрылым мен ҮИИМДБ-ны іске асыру негізінде айқындалған.
- Өңірлердің ұсынылып отырған мамандануы оны одан әрі тереңдетуді ескере отырып нақтылануы мүмкін.
1. Ақмола облысы - тамақ өнімдерінің, құрылыс материалдарының өндірісі, түсті металлургия, теміржол және ауыл шаруашылығы машиналарын жасау.
 2. Ақтөбе облысы - түсті, қара металлургия, мұнай-газ өңдеу, өнеркәсіпке арналған химикаттар, құрылыс материалдарының, тамақ өнімдерінің өндірісі.
 3. Алматы облысы - тамақ өнімдерінің, электр жабдықтарының, негізгі фармацевтикалық өнімдердің, құрылыс материалдарының, киім, жиһаз өндірісі.
 4. Атырау облысы - мұнай-газ химиясы, өнеркәсіпке арналған химикаттар өндірісі, мұнай өңдеуші және мұнай өндіруші өнеркәсіпке арналған машиналар мен жабдықтар өндірісі, құрылыс материалдарының өндірісі, тамақ өнімдерінің өндірісі.
 5. Батыс Қазақстан облысы - машиналар мен жабдықтардың, құрылыс материалдарының, тамақ өнімдерінің өндірісі.
 6. Жамбыл облысы - өнеркәсіпке арналған химикаттар өндірісі, агрохимия, қара металлургия, құрылыс материалдарының, тамақ өнімдерінің, былғары және оған жататын өнімдердің өндірісі.
 7. Қарағанды облысы - қара, түсті металлургия, өнеркәсіпке арналған химикаттар өндірісі, тау-кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтардың, электр жабдығының, құрылыс материалдарының, тамақ өнімдерінің өндірісі.
 8. Қостанай облысы - қара металлургия, тамақ өнімдерінің, автокөлік құралдарының, ауыл шаруашылығы техникасының өндірісі.
 9. Қызылорда облысы - құрылыс материалдарының өндірісі, тамақ өнімдерінің өндірісі.
 10. Маңғыстау облысы - мұнай өңдеу, мұнай-химия, газ өңдеу, мұнай өңдеу және мұнай өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтар өндірісі, тамақ өнімдерінің өндірісі.
 11. Оңтүстік Қазақстан облысы - тамақ өнімдерінің өндірісі, мұнай өңдеу, жеңіл өнеркәсіп, негізгі фармацевтикалық өнімдердің, құрылыс материалдарының өндірісі, қара металлургия, электр жабдықтары, агрохимия.
 12. Павлодар облысы - қара, түсті металлургия, мұнай өңдеу, теміржол техникасының, өнеркәсіп үшін химикаттардың, тамақ өнімдерінің өндірісі.
 13. Солтүстік Қазақстан облысы - машина жасау (мұнай өңдеу және мұнай өндіру өнеркәсібіне, теміржол көлігіне, энергетикаға арналған жабдық), тамақ өнімдерінің өндірісі.
 14. Шығыс Қазақстан облысы - түсті металлургия, автокөлік құралдарының, ауыл шаруашылығы техникасының, электр жабдықтарының, бекіткіш арматураның, құрылыс материалдарының, тамақ өнімдерінің өндірісі.
 15. Астана қаласы - тамақ өнімдерінің, теміржол техникасының, электр жабдықтарының өндірісі, құрылыс материалдарының өндірісі.
 16. Алматы қаласы - тамақ өнімдерінің, электр жабдықтарының, мұнай өңдеу және мұнай өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтардың, кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтардың өндірісі, құрылыс материалдарының, негізгі фармацевтикалық өнімдердің, жиһаз өндірісі.
3. Индустриялық даму саласындағы күшті, әлсіз жақтарын, мүмкіндіктерін және қатерлерін талдау (SWOT-талдау)
- Күшті жақтары:
- 1) минералдық ресурстармен жоғары қамтамасыз етілуі;
 - 2) макроэкономикалық және саяси тұрақтылық;
 - 3) іскерлік ахуалды жақсарту және реформалар жүргізу;
 - 4) өнеркәсіптік саясатты іске асыру үшін даму институттары жүйесінің болуы.
- Әлсіз жақтары:
- 1) өңдеуші өнеркәсіптегі төмен инвестициялық белсенділік;
 - 2) біліктіліктің талап етілетін деңгейіндегі адами ресурстардың төмен қолжетімділігі;
 - 3) инфрақұрылымдағы осал тұстардың болуы (көлік-логистикалық, энергетикалық, сумен жабдықтау);
 - 4) мемлекеттік компаниялар үстем болып, шағын және орта бизнестің дамуының төмен деңгейі;
 - 5) өңдеуші өнеркәсіптегі бәсекелестіктің төмен деңгейі;
 - 6) инновациялық жүйенің бәсекеге қабілеттілігінің төмен болуы;
 - 7) өнеркәсіптің ресурс тиімділігінің төмен болуы және энергияны көп қажет етуі;
 - 8) техникалық реттеудің дамымаған жүйесі;
 - 9) экономикадағы құрылымдық проблемалар («голланд ауруы», орташа кіріс тұзағы, жұмыспен қамту проблемасы);
 - 10) экономикадағы «нашар» кредиттердің жоғары деңгейі.
- Мүмкіндіктер:
- 1) Кеден одағының нарығына қолжетімділік, Қытайдағы, Орталық Азиядағы және Каспий маңы мелекеттеріндегі нарықтық мүмкіндіктер;
 - 2) ресурстық секторлардың техникалық жабдыққа, арнайы қызметтер мен инновацияларға сұранысы;
 - 3) өңдеуші өнеркәсіптегі қазіргі заманғы өндірістік және басқарушылық технологияларды енгізу;

4) мемлекеттік, квазимемлекеттік сатып алуды және жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуының тиімділігін арттыру.

Қауіптер:

1) Қазақстанның экономикасы мен өнеркәсібінің дамуына жаһандық және өңірлік дағдарысты құбылыстардың келеңсіз әсер етуі;

2) әлемдік шикізат нарықтарындағы өзгермелі конъюнктура;

3) Кеден одағы елдерінің компаниялары тарапынан Қазақстанның ішкі нарығында күшейіп келе жатқан бәсекелестік;

4) ДСҰ-ға кіру.

4. Басым секторларды таңдау

Бағдарламада басым секторларды айқындау кезінде екі факторлы модельді пайдалана отырып, секторларға талдау жүргізілді. Біріншіден, жергілікті нарықтың, сол сияқты макроөңір нарығының көлемі мен өсімін қоса алғанда, сектор үшін нарықтық перспективалар, сондай-ақ секторды дамытудан болатын әлеуетті экономикалық әсер есепке алынды. Екіншіден, осы сектордың Қазақстан Республикасындағы мүмкіндіктері, оның ішінде даму деңгейі мен перспективалары ескерілді.

Талдау нәтижелері бойынша өңдеуші өнеркәсіптің металлургия, химия, мұнай химиясы, машина жасау, құрылыс материалдары, тамақ өнеркәсібі сияқты 6 басым саласы таңдап алынды, олар 14 секторға бөлінген:

1) қара металлургия;

2) түсті металлургия;

3) мұнай өңдеу;

4) мұнай-газ химиясы;

5) азық-түлік өнімдерінің өндірісі;

6) агрохимия;

7) өнеркәсіпке арналған химикаттар өндірісі;

8) автокөлік құралдарының, олардың қосалқы бөлшектерінің өндірісі;

9) электр машиналары мен электр жабдығының өндірісі;

10) ауыл шаруашылығы техникасының өндірісі;

11) теміржол техникасының өндірісі;

12) кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтар өндірісі;

13) мұнай өңдеу және мұнай өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтар өндірісі;

14) құрылыс материалдарының өндірісі.

Инновациялық секторлар тұжырымдамалық және бағдарламалық құжаттарда, Мемлекет басшысының жолдаулары мен сөйлеген сөздерінде, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген басымдықтарға сәйкес айқындалған. Мұндай секторларға мыналар жатады: ұтқыр және мультимедиялық технологиялар, нано- және ғарыш технологиялары, робототехника, гендік инженерия, болашақтың энергиясын іздеу және ашу салалары.

4. Бағдарламаны іске асыру мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және нәтижелердің көрсеткіштері

Мақсаттар, міндеттер және нысаналы индикаторлар жалпы, басым секторлардағы және инновациялық секторлардағы болып бөлінеді.

Қазақстан Республикасын 2020 жылға дейін индустриялық дамытудың мақсаты, міндеттері және жалпы нысаналы индикаторлары.

Бағдарламаның мақсаты: өңдеуші өнеркәсіпті әртараптандыруды және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруды ынталандыру.

Нысаналы индикаторлар:

Бағдарламаны іске асыру 2012 жылдың деңгейіне қатысты 2019 жылы мынадай экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік береді (2-кесте):

1) өңдеуші өнеркәсіп өндірген өнім көлемін нақты мәнде 43%-ға ұлғайту;

2) өңдеуші өнеркәсіпте жалпы қосылған құнды нақты мәнде кемінде 1,4 есе ұлғайту;

3) өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін нақты мәнде 1,4 есе ұлғайту;

4) шикізаттық емес (өңделген) экспорт құнының көлемін кемінде 1,1 есе ұлғайту;

5) өңдеуші өнеркәсіптің энергияны қажет етуін 2012 жылдың деңгейіне қатысты кемінде 15%-ға азайту;

6) өңдеуші өнеркәсіпте жұмыспен қамтуды 29,2 мың адамға ұлғайту.

2-кесте. Өңдеуші өнеркәсіптегі жалпы нысаналы индикаторлар

р/с №	Нысаналы көрсеткіштер	Өлш. бірл.	2012 есеп	2013 меже	2012 жылға қатысты болжам						2012 жылға қатысты 2019 ж., %-бен
					2014	2015	2016	2017	2018	2019	
1	Өндірілген өнім көлемі	%	100,0	101,6	108,0	117,1	119,5	133,4	138,8	143,0	143,0
2	Жалпы қосылған құн	%	100	101,8	108,3	117,7	120,1	134,2	139,7	144,6	1,4 есе
3	ЖҚҚ бойынша	%	100	100,8	105,5	113,2	114,4	127,1	132,4	137,0	1,4 есе

	еңбек өнімділігі										
4	Шикізат емес (өңделген) экспорт құны көлемінің өсуі	%	100	93,1	91,5	106,3	107,8	90,5	100,8	109,2	1,1 есе
5	ЖІӨ энергия сыйымдылығы	%	100	103	101	97	93	90	87	85	15%-ға
6	Жұмыспен қамтылғандар саны	мың адам	543,5	548,0	557,8	563,9	569,3	572,9	572,3	572,6	29,2 мың адам

Шикізаттық емес (өңделген) экспорт көлемінің шамалы өсуі, бір жағынан, мұнай өңдеу секторының міндетімен байланысты, ол өз кезегінде ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қажеттілігін 2020 жылға қарай толық қамтамасыз етуге байланысты. Бұл ретте, мұнай өңдеу секторы экспортының көлемін 2012 жылғы деңгейде сақтау өңдеуші өнеркәсіптің жалпы шикізаттық емес экспорты 2019 жылы 20,7%-ға, ал 2014 жылдың деңгейіне қатысты - 37,0%-ға өсуін қамтамасыз етер еді.

Екінші жағынан, Бағдарламаны іске асыру шеңберінде өз өндірісі есебінен ішкі нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға және содан кейін ішкі нарықты молықтырған сайын, экспортты қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінетін болады. Осындай тәсіл кезінде өңдеуші өнеркәсіптің отандық өнімін дамыту міндеті біршама шешілетін болады. Қазіргі уақытта өңдеуші өнеркәсіп өнімінің импорт көлемі өңдеуші өнеркәсіптің ЖҚК көлемінен 1,8 есе артық.

Міндеттер:

1) өңдеуші өнеркәсіпті озыңқы дамыту;

2) басым секторларда тиімділікті жоғарылату және қосылған құнды ұлғайту;

3) шикізат емес тауарларды өткізу үшін нарықтарды кеңейту;

4) өнімді жұмыспен қамтуды сақтап қалу;

5) өңдеуші өнеркәсіптің басым секторларына технологиялық жаңа деңгейін беру және инновациялық кластерлерді қалыптастыру арқылы болашақтың секторларын дамыту үшін негіз құру;

6) өңдеуші өнеркәсіпте кәсіпкерлікті ынталандырып, шағын және орта бизнесті дамыту.

Басым секторлардағы мақсаттар, міндеттер және нысаналы индикаторлар

Өңдеуші өнеркәсіптің орнықты өсуі үшін мемлекеттік орталық және жергілікті атқарушы органдардың, даму институттарының, қоғамдық бірлестіктердің, қаржы ұйымдарының, жеке және мемлекеттік меншік нысандарындағы кәсіпорындардың басым секторларды дамытуға бағытталған іс-қимылы үйлестірілетін болады.

Бағдарламаның іс-шаралары түйінді тосқауылдарды еңсеру жөніндегі міндеттерді шешуге және өңдеуші өнеркәсіптің басым секторларындағы жобаларды іске асыруға бағытталатын болады, бұл нысаналы индикаторларға қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Өңдеуші өнеркәсіптің басым секторларында Бағдарлама жобаларын сәтті іске асыру қолжетімді қаржыландырудың болуына, бәсекеге қабілетті тарифтер бойынша логистикалық, энергетикалық, коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге тәуелді болады және мынадай тәуекелдермен ұштасады.

Макроэкономикалық тәуекелдер: экономиканың өсу қарқыны мен инвестициялық белсенділік деңгейінің төмендеуі, металл өнімдерінің, энергия жеткізгіштердің және көліктік тасымалдардың әлемдік бағаларының өзгеруі.

Геосаяси тәуекелдер: макроөңір елдеріндегі саяси ахуалдың тұрақтылығы және ЕурАзӘҚ-қа ықпалдасу тереңдігі.

Нормативтік-құқықтық тәуекелдер: Бағдарламаны қолайлы құқықтық және экономикалық ахуал жасайтын техникалық және нормативтік құқықтық қолдаудың жеткіліксіздігі.

Қаржылық тәуекелдер: қолжетімді қаржы ресурстарының жеткіліксіздігі.

Қара металлургия

Қара металлургия өңдеуші өнеркәсіптің ірі секторы болып тарихи тұрғыдан қалыптасқан және оның өңдеуші өнеркәсіптегі үлесі 13 %-ды құрайды. Қара металлургия машина жасау мен металл өңдеуді дамыту үшін база болып табылады, оның өнімі экономиканың барлық дерлік салаларында қолданылады. Шикізат секторларын, машина жасау мен құрылысты дамыту ішкі нарықта да, сол сияқты макроөңір нарығында да орнықты сұраныс қалыптастырады.

Ішкі нарықтың және макроөңір нарықтарының басым тауарлар топтары бойынша импорт сыйымдылығы тиісінше 2,7 және 25,3 млрд. АҚШ долларын құрайды.

Өндіру көлемі 2008 - 2013 жылдар аралығында нақты мәнде 6,2%-ға өсті және 632 млрд. теңгені құрады. Сонымен қатар өңдеуші өнеркәсіп құрылымындағы қара металлургияның үлесі 2008 жылы 20%-дан 2013 жылы 10,7%-ға дейін төмендеді.

Жалпы қосылған құн 2008 жылғы 393 млрд. теңгеден 2013 жылы 453,2 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. 2008 - 2013 жылдар аралығындағы кезеңде салада жұмыспен қамтылған адамдар саны 28 мың адамға қысқарды. 2013 жылы еңбек өнімділігі 89,9 мың АҚШ долл. құрап, 2008 - 2013 жылдар аралығындағы кезеңде 1,2 есе ұлғайды. Алайда, сала 2012 жылы ЭЫДҰ елдерінің орташа көрсеткішінен (151,9 мың АҚШ долл.) бұрынғысынша 37% артта болды. 2008 жылмен салыстырғанда қара металлургия экспортының көлемі 2013 жылы 47,3%-ға төмендеп, 3,4 млрд АҚШ долл. құрады (3-кесте).

3-кесте. Сектор бойынша 2008 - 2013 жылдардағы деректер

Көрсеткіштер	2008	2009	2010	2011	2012	2013*
Өңдеуші өнеркәсіптегі қара металлургияның үлесі	20,0	16,1	17,9	16,5	13,1	10,7
ЖҚК, млрд, теңге**	393,0	311,4	388,0	495,1	453,2	308,8
Өңдеуші өнеркәсіптегі өндіріс көлемі	3 359,6	2 946,0	3 844,7	4 801,4	5 446,7	5 882,5
НКИ, өткен жылға %	97,5	97,1	113,9	107,7	101,2	101,6
Қара металлургия өндірісінің көлемі	670,8	474,7	687,4	785,4	712,5	631,9
НКИ, өткен жылға %	86,6	101,6	109,4	106,8	88,2	89,6
Жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	65 622	62 038	60 005	58 398	38 038	36 831

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың саны	22	22	30	26	28	33
Еңбек өнімділігі, мың теңге	8 889	6 928	9 581	13 118	16 732	13 814
Еңбек өнімділігі, мың АҚШ долл.	73,6	46,7	65,0	88,4	111	89,9
ЭБДҮ елдері бойынша орташа еңбек өнімділігі, мың долл.	148,3	120,0	143,2	153,2	152,0	н/д
Есептік жылы орташа жылдық қуаттылықты пайдалану, %***	56,9	64,5	73,8	79,0	65,5	н/д
Негізгі құралдардың тозу дәрежесі, %	33,92	30,23	38,21	32,30	35,27	н/д
Негізгі құралдарды жанарту коэффициенті, %	29,7	8,1	6,5	14,6	11,7	н/д
Жылдың соңындағы теңгерімділік құны бойынша негізгі құралдардың болуы, млрд. теңге	126 242	84 303	97 279	89 630	115 468	н/д
Негізгі капиталға инвестициялар, млрд. теңге	26 849	36715	83418	112378	125390	152149
Экспорт, млн. АҚШ долл.	6 530,8	3 069,1	3 765,0	4 875,6	4 030,8	2793,5
Импорт, млн. АҚШ долл.	5 570,9	5 192,6	2 222,5	3 040,8	4 743,0	5 407,8

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі және Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау комитеті 3-кестеге:

Ескертпе:

*мұнда және бұдан әрі салалық бөлімдерде Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жедел деректері пайдаланылды;

**мұнда және бұдан әрі салалық бөлімдерде Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2013 жылдың 9 айы үшін жедел деректер пайдаланылды

***көрсеткіш «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» АҚ-ның (бұдан әрі - «КИДИ») АҚ статистикалық деректері негізінде есептелген.

Сектордың дамуына, негізінен сыртқы және ішкі факторлар әсер етті. Халықаралық нарықтардағы қиындықтар өнім экспортына және «АрселорМиттал Теміртау» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - АҚ), «Кастинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестік (бұдан әрі - ЖШС), «АЛЗ» ЖШС және «KSP Steel» ЖШС сияқты қара металлургия кәсіпорындарының өндірістік қуаттарына ықпал етті. Болат өндірісін жылына 6 млн. тоннаға дейін ұлғайту бойынша «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның жаңғырту бағдарламасы іске асырылған жоқ.

Қазіргі уақытта Forbes - Global 2000 журналының нұсқасы бойынша әлемнің жетекші транслұттық компанияларының тізіміне кіретін әлемдік нарықтың мынадай ірі ойыншылары бар: Posco (Оңтүстік Корея), ArcelorMittal (Люксембург), Evraz Group (Ресей).

Сектордың түйінді проблемалары:

1) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың өндірістік қуаттарының төмен жүктемесі;

2) кәсіпорындардағы жабдықтардың тозу дәрежесінің жоғары болуы, моральдық ескірген жабдықтардың болуы;

3) нашар дамыған ішкі нарық;

4) қосылған құны жоғары өнім экспортының төмендеуі мен импортының өсуі;

5) шығарылатын өнімнің төмен сапасы мен аз ассортименті;

6) теміржол тасымалдарына, электр энергиясы тасымалдарына жоғары тарифтер;

7) өнімді сертификаттау үшін сынақ базалары мен зертханалардың болмауы;

8) өнімнің жоғары энергия және еңбек сыйымдылығы;

9) көліктік-логистикалық инфрақұрылымның төмен деңгейі;

10) тиісті біліктілігі бар кадрлардың тапшылығы;

11) салалық институттардың материалдық-техникалық және тәжірибелік-өнеркәсіптік базаларын жаңғырту қажеттілігі.

Мақсаты: Қара металлургияны орнықты дамытудың және оны әртараптандыру мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау.

Нысаналы индикаторлар:

Бағдарламаны іске асыру 2012 жылдың деңгейіне қатысты 2019 жылға қарай экономикалық көрсеткіштерді:

1) жалпы қосылған құнды нақты мәнде кемінде 1,3 есе;

2) жұмыспен қамтылуды 3,1 мың адамға;

3) еңбек өнімділігін нақты мәнде 1,18 есе;

4) экспортты кемінде 1,04 есе өсіруге қол жеткізуге мүмкіндік береді (4-кесте).

4-кесте. Нысаналы индикаторлар

р/с №	Нысаналы көрсеткіштер	Өлшем бірл.	2012 есеп	2013 жеке	2012 ж. қатысты болжам						2012 ж. қатысты 2019 ж., %
					2014	2015	2016	2017	2018	2019	
1	Жалпы қосылған құн	%	100,0	89,6	107,5	120,2	120,6	125,2	125,2	128,4	1,3 есе
2	Жұмыспен қамтылғандар	мың адам	35,8	34,6	34,9	37,0	39,7	40,1	39,6	38,9	3,1 мың адамға

	саны										
3	Еңбек өнімділігінің өсуі	%	100	92,7	110,5	116,4	108,7	111,8	113,3	118,1	1,18 есе
4	Экспорт	%	100	69,3	68,1	91,1	93,1	98,2	99,8	103,7	1,04 есе

Міндеттер:

- 1) әртараптандыру және жаңғырту арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттыру;
 - 2) өнімнің сапасын арттыруға, еңбек өнімділігін ұлғайтуға және өнімнің энергияны қажет етуін төмендетуге бағытталған инновацияларды енгізуді ынталандыруға жағдайлар жасау;
 - 3) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың өндірістік қуаттарын ұлғайту және қосылған құны жоғары бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер құру;
 - 4) бәсекеге қабілетті отандық өндірісті дамыту есебінен металл өнімдері импортының көлемін қысқарту;
 - 5) жұмыс істеп тұрған өндірістер мен инвестициялық жобаларды қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету;
 - 6) саланы техникалық орта буынның білікті еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету;
 - 7) салалық институттардың материалдық-техникалық және тәжірибелік-өнеркәсіптік базасын жаңғырту.
- Қызметтің басым түрлері
Бағдарлама шеңберінде қызметтің басым түрлері айқындалды (5-кесте).

5-кесте. Қызметтің басым түрлері

ЭКЖЖ-4	Атауы
2410	Шойын, болат және феррокорытпа өндірісі
2420	Құбырлар, құбыржолдар, пішіндер, болаттан жасалған фитингтер өндірісі
2431	Суықтай илеу (болат шыбық пен тұтас әзірleme өндірісі)
2432	Таспалар мен жіңішке жолақтарды суықтай илектеу
2433	Суықтай пішіндеу немесе бүктеу
2434	Суықтай созу әдісімен сымдар өндірісі

Басым тауарлар топтары

Басым тауарлар топтары ішкі нарықпен қатар, макроөңір нарығына да: ТМД елдеріне, Иран мен Қытайға бағдарланған. Басым тауарларды/тауарлық топтарды өндіру жөніндегі кәсіпорындардың жаңа қуаттарын құру немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту сектор өнімі импортының қысқаруына және экспортының ұлғаюына ықпал етеді (6-кесте).

6-кесте. Басым тауарлар топтары

ЭҚТӨЖ	Атауы	Импорттың үлесі мен көлемі*							
		2010 ж.		2011 ж.		2012 ж.		2013 ж.	
		мың тонна	%	мың тонна	%	мың тонна	%	мың тонна	%
24.20.11	Диаметрі әртүрлі құбырлар, болаттан жасалған іші қуыс жіксіз пішіндер	468,6	66,1	467,9	80,3	1000,6	80,3	2064,5	87,1
24.20.40	Құбырларға арналған болат, құйылмаған фитингтер	13,4	99,1	14,2	98,9	22,71	98,9	22 350	98,5
24.34.11	Суықтай тарту жолымен алынған сым	58	90,9	61	81,5	61	81,5	78	77,2
24.10.63	Ыстықтай илектенген серіппелер мен шыбықтар, тот баспайтын болаттан жасалған пішіндер	618,9	87,3	620,8	71,9	696,1	71,9	754,6	68,8
24.10.74 24.10.75	Дәнекерленген пішіндер мен болаттан жасалған тығын конструкциялары және теміржолдарға арналған кара металдардан жасалған бұйымдар	138,9	99,6	97,3	100	151,1	100	244,9	100
28.22.20	Бұрғылау машиналарына арналған шөміштер, грейферлер, бөлшектер	5,58	100	3,65	100	5,58	100	3,5	100

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі және Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау комитеті Басым жобалар

2015 - 2019 жылдар кезеңінде қара металлургияны дамытудағы мемлекеттік саясат болат алу үшін сапасы жоғары шикізат өндіру жөніндегі басым жобаларды іске асыруға (түйіршіктелген шойын және брикеттелген ыстық темір,

феррокорытпалардың көлемін ұлғайту және жаңа түрлерінің өндірісі), болаттың жаңа түрлерінің өндірісіне (құбырлық және тот басуға төзімді, ыстыққа төзімді және ыстыққа берік, құралдық, шар-мойынтірек, рельстік және рессорлық-серіппелі) және жаңа қосындыланған болат ассортиментін кеңейтуге бағытталатын болады.

Бизнес-құрылымдардың өздерінің ұсыныстарына сәйкес жалпы инвестициялар көлемі 400 млрд. теңгеден асатын өндіріс көлемі мен өнімнің қосылған құнын арттыруға, сондай-ақ қоршаған ортаға келеңсіз әсерді төмендетуге бағытталған ірі инвестициялық жобалар іске асырылатын болады.

Ақтөбе және Павлодар облыстарында инновациялық технология бойынша орташа көміртекті феррохром өндірісін құру жөніндегі бірқатар ірі жобалар іске асырылады.

Алматы облысында инновациялық технология бойынша қуаты жылына 400 мың тонна шойын шығаратын шекті шойын өндіру жөніндегі жоба іске асырылатын болады.

Жамбыл облысында шикізат базасын кеңейту арқылы феррокорытпа өндірісі жылына 300 мың тоннаға дейін ұлғайтылатын болады.

Қарағанды облысында болат өндірісі жылына 6 млн. тоннаға дейін ұлғайтылатын болады және қуаты жылына 75 мың тонна болатын кешенді қорытпалар өндірісі ұйымдастырылды.

Қостанай облысында қуаты 1,8 млн. тонна брикеттелген темір шығаратын металдандырылған өнім өндірісін ұйымдастыру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Маңғыстау облысында қуаты 600 мың тонна болатын электр болат балқыту кешенін салу жөніндегі жоба іске асырылатын болады.

Павлодар облысында қуатын жылына 270 мың тонна құбырға дейін ұлғайта отырып, құбыр прокатының өндірісін дамыту жөніндегі бірқатар ірі жобалар іске асырылады.

Алматы қаласында қуаты жылына 200 мың тонна дәнекерленген болат құбырларының өндірісін құру жоспарланып отыр.

Түсті металлургия

Түсті металлургия Қазақстан Республикасының өңдеуші өнеркәсіптің экспорттық әлеуетін қалыптастыратын өңдеуші өнеркәсіптің түйінді саласы. Сектор өнімдері машина жасауда, электр техникасында, құрылыста, радиоэлектроникада пайдаланылады.

Басым тауарлар топтары бойынша ішкі нарық пен макроөңір нарықтарының импорт сыйымдылығы тиісінше 111 және 6 718 млн. АҚШ долл. құрайды.

Өңдеуші өнеркәсіптің құрылымында түсті сектордың үлесі 2008 жылмен салыстырғанда 19,6%-дан 2012 жылы 22,8%-ға дейін өсті, ал 2013 жылы 19,2 %-ға дейін төмендеді. Жалпы қосылған құн 2008 жылғы 377,9 млрд. теңгеден 2012 жылы 749,9 млрд. теңгеге дейін өсті. 2008 - 2013 жылдар аралығында өндіріс көлемі атаулы мәнде 1,7 есе өсті. 2008 - 2013 жылдар аралығындағы кезеңде салада жұмыспен қамтылғандар саны 22,2 мың адамға қысқарды. 2013 жылы түсті металлургиядағы еңбек өнімділігі 107,8 мың АҚШ долл. құрады. ЭЫДҰ елдерінің осы көрсеткіші осыған ұқсас кезеңде орта есеппен 147,5 мың АҚШ долл. құрады, бұл Қазақстан үшін осындай көрсеткішпен салыстырғанда 18,9%-ға жоғары. 2013 жылы түсті металлургия экспортының көлемі 2008 жылғы деңгейде қалып, 4,2 млрд АҚШ долл. құрады (7-кесте).

7-кесте. Сектор бойынша 2008 - 2013 жылдардағы деректер

Көрсеткіштер	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Металлургия өнеркәсібіндегі үлесі	19,6	20,0	23,7	25,2	22,8	19,2
ЖКҚ, млрд. теңге*	377,9	376,0	492,2	687,6	749,9	523,3
Өңдеуші өнеркәсіп өндірісінің көлемі	3 359,6	2 946,0	3 844,7	4 801,4	5 446,7	5 882,5
НКИ, өткен жылға %	97,5	97,1	113,9	107,7	101,2	101,6
Түсті металлургия өндірісінің көлемі	658,6	596,9	902,4	1 141,5	1 244,0	1 131,4
НКИ, өткен жылға %	104,5	92,0	115,7	108,2	107,2	98,8
Жалдамалы жұмыскерлердің тізімдік саны	69 529	64 885	65 569	62 771	53 213	47 245
Кәсіпорындардың саны	47	39	36	36	36	34
Еңбек өнімділігі, мың теңге	8 164	8 827	10 495	15 033	18 692	16 565
Еңбек өнімділігі, мың АҚШ долл.	67,6	59,5	71,2	101,3	124,0	107,8
ЭЫДҰ елдері бойынша еңбек өнімділігі, мың АҚШ долл.	131,6	121,7	141,1	149,6	147,5	н/д
Есепті жылы орташа жылдық қуаттың пайдаланылуы, %*	93,2	86,7	88,2	86,5	82,2	н/д
Негізгі құралдардың тозу деңгейі, %	38,85	39,58	34,87	35,24	47,47	н/д
Негізгі капиталға инвестициялар, млрд. теңге	109285	121381	106847	132061	133868	119678
Негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті, %	19,4	25,6	19,3	19,4	12,7	н/д
Жылдың соңына теңгерімдік құны бойынша негізгі құралдардың болуы, млрд. теңге	109 784	143 087	157 846	190 782	197 317	н/д
Экспорт, млн. АҚШ долл.	4 274,4	2 407,1	3 388,7	5 636,5	4 343,4	4 230,3
Импорт, млн. АҚШ долл.	489,8	299,2	206,9	364,1	411,9	3 558,4

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

7-кестеге:

Ескертпе: ** көрсеткіш «ҚИДИ» АҚ статистикалық деректер негізінде есептелген.

Түсті металлургияның теріс серпіні жаңа технологияларға көшумен байланысты Жезқазған мыс қорыту зауытының тоқтауымен байланысты болып отыр.

Алтын өндіру бойынша нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізбеу «Бақыршық ТӨК» ЖШС-нің жоспарланған өндірістік объектілерінің пайдалануға уақтылы енгізілмеуіне байланысты - металлургия кешенінің құрылысы мен өнімділігі жылына 1,5 млн. тонна жер асты кенішін игеру экологиялық аспектілерге байланысты технологиялар қайта пысықталғандықтан жобаның қымбаттауына байланысты; «Юбилейное» ЖШС-нің құрамында алтын бар 5 млн. тонна кенді қайта өңдеу жөніндегі байыту фабрикасының құрылысы қоршаған ортаға әсерін бағалауға байланысты оңтайлы қайта өңдеу технологиясын таңдауға байланысты.

Секторды одан әрі дамыту стратегиясы Rio Tinto Plc, Glencore International AG, ThyssenKrupp AG, Sumitomo сияқты трансұлттық компаниялармен ынтымақтастыққа негізделеді.

Сектордың түйінді проблемалары:

1) түсті металдардың бай және оңай қолжетімді кендері қорларының сарқылуы, минералдық құрамдардың көп компоненттілігіне байланысты оларды байыту күрделілігі;

2) кәсіпорындардағы жабдықтардың тозу дәрежесінің жоғары болуы мен моральдық ескірген жабдықтардың болуы, нашар дамыған ішкі нарық;

3) өндірістік қуаттардың аз жүктелуі;

4) әлемдік нарықтағы базалық металдар бағасының құбылмалы болуы және өткізу нарықтарындағы сұраныстың төмендеуі;

5) қосылған құны жоғары өнім экспортының қысқаруы және импортының ұлғаюы;

6) теміржол тасымалдарына, электр энергиясын тасымалдауға жоғары тарифтер;

7) өнімнің энергия мен еңбекті көп қажет етуі;

8) көліктік-логистикалық инфрақұрылым дамуының төмен деңгейі;

9) тиісті біліктілігі бар кадрлардың тапшылығы;

10) салалық институттардың материалдық-техникалық және тәжірибелік-өнеркәсіптік базаларын жаңғырту қажеттілігі.

Мақсаты:

Базалық металдарды өндіру көлемдерін ұлғайту, олардан жасалатын бұйымдарды шығару жөніндегі өндірістерді дамыту және құру.

Нысаналы индикаторлар:

Бағдарламаны іске асыру 2012 жылдың деңгейіне қатысты 2019 жылы экономикалық көрсеткіштердің (8-кесте):

1) жалпы қосылған құнның нақты мәнде кемінде 1,3 есе;

2) еңбек өнімділігінің нақты мәнде 1,4 есе;

3) экспорт құны көлемінің кемінде 1,1 есе өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

8-кесте. Нысаналы индикаторлар

№	Нысаналы көрсеткіштер	Өлш. бірл.	2012 есеп	2013 меже	2012 жылға қатысты болжам						2012 жылға қатысты 2019 ж., %
					2014	2015	2016	2017	2018	2019	
1	Жалпы қосылған құн	%	100	98,8	98,8	117,1	117,4	120,7	122,4	127,1	1,3 есе
2	Еңбек өнімділігі	%	100	111,3	111,2	130,0	125,4	131,4	135,2	140,8	1,4 есе
3	Экспорт	%	100	81,9	80,7	98,0	99,2	105,3	108,7	114,4	1,1 есе

Міндеттер:

1) жұмыс істеп тұрған өндірістердің қуаттарын кеңейту;

2) еңбек өнімділігі мен ресурс тиімділігін ұлғайту арқылы өндіріс тиімділігін арттыру үшін жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту;

3) кенді кешенді өңдеуге арналған инновацияларды енгізуді ынталандыруға жағдайлар жасау;

4) қазіргі өндірісті кеңейту және аралас секторлар үшін базалық металдардан жасалған жаңа өнімдерді шығаруды игеру;

5) бәсекеге қабілетті отандық өндірісті дамыту есебінен металл өнімдері импортының көлемдерін қысқарту;

6) ішкі нарықтағы сұранысты ынталандыру;

7) шикізаттық емес тауарларды өткізу және қосылған құнның жаһандық тізбектеріне (бұдан әрі - ҚҚТ) қатысу үшін нарықтарды кеңейту;

8) жұмыс істеп тұрған өндірістерді және инвестициялық жобаларды қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету;

9) саланы техникалық орта буынның орта білікті еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету;

10) салалық институттардың материалдық-техникалық және тәжірибелік-өнеркәсіптік базасын жаңғырту.

Қызметтің басым түрлері

Бағдарлама шеңберінде қызметтің басымды түрлері айқындалған (9-кесте).

9-кесте. Қызметтің басым түрлері

ЭҚЖЖ-4	Атауы
2441	Асыл (бағалы) металдар өндірісі
2442	Алюминий өндірісі
2443	Қорғасын, мырыш пен қалайы өндірісі

2444	Мыс өндірісі
2445	Өзге де түсті металдар өндірісі

Басым тауарлар топтары

2015 - 2019 жылдар кезеңінде елдің түсті металлургиясын дамытудағы мемлекеттік саясат сектор өнімі импорттының қысқаруына және экспортының ұлғаюына ықпал ететін басым тауарларды/тауар топтарын өндіру жөніндегі кәсіпорындар қуаттарының жаңаларын құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге бағытталатын болады (10-кесте).

10-кесте. Басым тауарлар топтары, тоннамен

ЭҚТӨЖ	Атауы	ҚР-да өндіру	Импорт		
			Ресей	Қытай	Қалған елдер
24.44.26	Мыс құбырлар мен түтіктер	-	1 428,9	129,3	417,3
24.44.23	Мыс сым, мыс шыбықтар мен пішіндер	-	651,4	82,5	173,3
24.44.24	Мыс тақтайлар, табақтар және жолақтар немесе таспалар	-	518,8	9,8	249,7
24.42.22	Алюминий шыбықтар мен профильдер	-	3 392,3	1 374,8	3 061,1
25.11.10	Алюминий металл конструкциялары	-	24 616,2	811,5	1455,2
25.91.11	Күбілер, атаңақтар, құтылар, жәшіктер және ұқсас сыйымдылықтар	-	4 903,8	33,2	452,4
25.91.12					
	Жиыны:	-	35 507,0	2 441,0	5 809,0

Басым жобалар

2015 - 2019 жылдар кезеңінде елдің түсті металлургиясын дамытудағы мемлекеттік саясат базалық металдар: мыс, алтын, титан, алюминий өндірісін кеңейтуге; мына бұйымдардың: илек, сым, прокат, пішін және қорытпалар, фольга, зергерлік бұйымдар, аралас салаларға арналған бұйымдар өндірісінің көлемін ұлғайтуға бағытталатын болады.

Бизнес-құрылымдардың ұсыныстарына сәйкес инвестициялар көлемі 800 млрд. теңгеге жуық ірі инвестициялық жобалар іске асырылатын болады.

Алматы облысында қуаты жылына 12 мың тонна алюминий пішіндерінің өндірісін құру жоспарланып отыр.

Ақмола облысында ЖСМҰК жылына өндіріс көлемі 3000 тонна жерде сирек кездесетін металдар өндірісін ұлғайту жөніндегі жоба іске асырылатын болады.

Шығыс Қазақстан облысында 85 мың тонна мыс концентраты мен 25 мың тонна катод мысына арналған жаңа байыту қуаттарын пайдалануға енгізе отырып, Ақтоғай кен орнын игеру жөніндегі жоба іске асырылады; Бақыршық кен орнында катод алтынын өндіру жөніндегі жобаны іске асыру жалғасады.

Қуаты жылына 6 мың тоннаға жуық құрылған сом титандар мен қуаты жылына 15 мың тонна ильменит концентратының өндірісін құру жөніндегі инвестициялық жобалар іске асырылатын болады.

Қазақстанда бұрын өндірілмеген никель өндірісі бойынша қуаты 40 мың тонна тауарлық ферроникельдің «Горностаевский» кобальт-никель рудаларының кен орнында металлургия комбинатын салу мәселесі пысықталуда.

Қарағанды облысында жаңа гидрометаллургиялық технологияға ауыстыру арқылы мыс балқыту зауытын реконструкциялау жүргізілуде, бұл мыс өндіру көлемін сақтап, қуаты 60 мың тонна катод мысы болатын Жезқазған кен орнын пайдалану мерзімін ұзартуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Павлодар облысында Бозшакөл кен орнын игеру жобасын іске асыру жалғасын табады.

Қызылорда облысында ванадий өндіру жөніндегі мәселе пысықталуда. Бала-Сауысқандық және Қорымсақ кен орындарында ванадийдің бірегей қорлары бар.

Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында жылына 2,5 тоннаға дейін скандий өндіру көлемімен уран ерітінділерінен алынатын скандийдің тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісін жасау және орналастыру жөніндегі мәселе пысықталуда.

Бастапқы алюминийді шығаруды ұлғайту жөніндегі жоба пысықталатын болады.

Мұнай өңдеу

Мұнай өңдеу нарықтық перспективаларды, экономикалық әсерді және Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін ескере отырып, өңдеуші өнеркәсіптің неғұрлым тартымды секторы болып табылады. Өңдеуші өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемінде сектордың айтарлықтай үлесі бар - 13,8 %, бұл ретте көрсеткіш серпіні бірнеше жылдар бойы жағымды болып табылады.

Қазақстанның мұнай өнімдері нарығының орташа жылдық өсімі 2008 - 2013 жылдар аралығындағы кезеңде 35,7 % - ды құрап, 2013 жылы 2,4 млрд. АҚШ долларын құрады. Нақты өндіріс көлемі 20,5 % ұлғая отырып, 13,7 млн. тоннадан (2008 жыл) 16,5 млн. тоннаға дейін (2012 жыл) өсті. Импорттың орнықты ұлғаюы да байқалды, оның мәні 2013 жылы 1,8 млрд. АҚШ долл. дейін жеткен, оның ішінде 89%-ы дистилляттар (жеңіл - 45%, орта және ауыр - 44%).

Сектордың бәсекеге қабілеттілігінің өсуі байқалуда. Еңбек өнімділігі 2008 - 2012 жылдар кезеңінде бір адамға шаққанда 54,7 млн. теңгеге 2,3 есе өсті. Бұл жалпы қосылған құнның 449 млрд. теңгеге дейін 2,7 есеге едәуір өсуіне байланысты болды, ал жұмыспен қамту 16%-ға ғана артып, 9,1 мың адамды құрады. Экспорт 2008 - 2013 жылдар кезеңінде жыл сайын 9,4%-ға артып, 2013 жылы 4,6 млрд. АҚШ долл. құрады. Экспорттың шоғырлануы мейлінше жоғары - оның ақшалай көлемінің 86%-ы орта және ауыр дистилляттарға (67%), сондай-ақ сұйытылған пропанға (19%) тиесілі.

Сектор бойынша негізгі көрсеткіштер 11-кестеде берілген.

	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Өңдеуші өнеркәсіптегі сектордың үлесі, %	6,3	7,2	9,2	8,5	11,5	13,8
Мұнай өңдеу өнімдері өндірісінің көлемі, млн. теңге	210 559	211456	352 582	407 360	626 783	810 222
НКИ, өткен жылға %-бен	103,1	105,0	114,2	100,9	100,5	101,4
ЖКС, млн. теңге	183 288	225 387	354 523	448 541	499 377	350 017
Жалданған қызметкерлердің тізімдік саны, адам	7 860	8 193	8 686	9 184	9 130	9 323
Еңбек өнімділігі, мың теңге/адам	23 319	27 510	40 815	48 839	54 696	37 543
Еңбек өнімділігі, мың АҚШ долл./адам	193,8	186,5	277,0	333,1	366,8	246,8
Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар саны	36	40	47	38	38	-
оның ішінде:						
Ірі	4	4	5	6	5	-
Орта	4	5	5	6	6	-
Шағын	28	31	37	26	27	-
Жылдың соңында бастапқы құн бойынша негізгі құралдардың болуы, млн. теңге	121 622	130 177	148 445	184 662	212 269	-
Негізгі құралдардың тозу дәрежесі, %	24,2	27,7	31,0	28,9	32,6	-
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	40 118	25 095	36 177	49 272	56 707	75 905
Негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті %	6,9	4,1	6,7	2,6	4,1	-
Қуаттардың жүктелу деңгейі**, %	49,7	47,7	56,7	61,5	62,1	62,8
Экспорт, млн. АҚШ долл.	2 967	1665	2 649	3 872	4410	4 642
Импорт, млн. АҚШ долл.	1 747	895	539	1 476	1 659	1753

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кенедік бақылау комитеті

11-кестеге:

Ескертпе: *негізгі үш зауыт бойынша орташа өлшенген жүктелім

Атырау мұнай өңдеу зауыты (бұдан әрі - МӨЗ), Шымкент МӨЗ және Павлодар мұнай-химия зауыты (бұдан әрі - МХЗ) бірге сектордағы өндіріс көлемінің 90%-дан астамын қамтамасыз етеді. Павлодар МХЗ Ресей Федерациясынан келетін батыс-сібір мұнайын қайта өңдеуге бағдарланған. Қалған екі МӨЗ отандық мұнайды қайта өңдеуге бағдарланған. Шағын МӨЗ өнімінің бәсекеге қабілеттілігінің төмен болуы салдарынан олардың мұнай өңдеу секторының жалпы өндіріс көлеміндегі үлес салмағы 5,8%-ға дейін қысқарды және өсуі күтілмейді. Бұл мұнайды өңдеу тереңдігі мен өнім сапасын шектейтін өндірістік және технологиялық ерекшелікке байланысты.

Мұнай өндірудің оң серпініне және мұнай өнімдеріне артып отырған сұранысқа қарамастан, Қазақстан МӨЗ-дің жиынтық қуаттары мен өндіру көлемінің арақатынасы көрсеткіші бойынша әлемде соңғы орындардың бірін алады. Айталық, 2013 жылы мұнайды өңдеу 15,3 млн. тонна деңгейіне дейін жетіп, өңдеу/өндіру коэффициентіне 18,7%-ды құрады.

Ішкі нарыққа жеткізуден түсетін кіріске қарағанда, мұнайды экспорттаудан түсетін неғұрлым жоғары кірістілік мұнай өңдеу өнімдері өндірісінің өсуіне айтарлықтай кедергі болып табылады. 12-кестенің деректері ҚҚТ-дағы жекелеген буындар бойынша кірістілікті бөлудегі теңгерімсіздікті көрсетеді.

12-кесте. Кірістілікті сегменттер бойынша бөлу, теңге

	Бағыт	Өткізу бағасы	Операциялық кіріс
Өндіру	экспорт	71 758,0	30 286,5
	ішкі нарық	49 145,5	2 408,4
Қайта өңдеу (МӨЗ)	ішкі нарық	8 436,8	1 506,6
Көтерме сауда	ішкі нарық	71 874,9	316,0
Бөлшек сауда	ішкі нарық	54 838,7	3 820,5

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
12-кестеге:

Ескертпе: деректер 1 тонна мұнайдың айналымы бойынша есептеуге негізделіп алынған. МӨЗ үшін көрсеткіштер Қазақстан Республикасының Үкіметі әрбір МӨЗ үшін бекітетін тарифтерге негізделіп отырып есептелген процессинг үшін орташа есептелген тариф негізінде есептелген (МӨЗ үшін көрсетілген «өткізу бағасы» процессинг мөлшерлемесін білдіреді). Көтерме нарықтағы баға - барлық мұнай өнімдері қоржынының орташа есептелеген бағасы. Бөлшек саудадағы бағасы - Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мұнай өнімдерін өткізудің шекті бағалары негізінде есептелген саудаға салынатын позициялар бойынша (бензиндер мен дизель отыны) орташа есептелген баға.

Қолданыстағы келісімшарттарға сәйкес мұнайды қазіргі кен орындарынан ішкі нарыққа жеткізу 2030 жылға қарай үш МӨЗ-дің және Ақтау битум зауытының қажеттілігін жабу үшін жеткіліксіз болады.

Тағы бір кедергі Қазақстанның негізгі МӨЗ ағымдағы техникалық жай-күйіне байланысты. Сектордағы негізгі құралдардың тозу деңгейі 2012 жылы 33 %-ға дейін жетіп, оның ұлғаю үрдісі орын алып отыр, ал негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті соңғы жылдары 2-7% аралығында болды. Технологиялық артта қалу шикізатты өңдеу тереңдігінің жеткіліксіздігіне (13-кесте) және еңбек өнімділігінің біршама төмендігіне алып келеді, оның өсу серпіні жақсы болса да, ЭЫДҰ елдерінің орташа көрсеткіштерінен әлі де біршама артта қалуда.

13-кесте. Негізгі үш өндірушінің өңдеу тереңдігі бойынша деректер

Атауы	ҚР МӨЗ, 2013 ж., нақты	Ресей МӨЗ		Батыс Еуропа МӨЗ	АҚШ МӨЗ
		нақты	жоспар		
Өңдеу тереңдігі, оның ішінде:	70%	71%	85%	85%	95%
АМӨЗ	59,8%				
ПМХЗ	74,2%				
ПҚОП	74,4%				

Дереккөз: ҚазМұнайГаз - өңдеу және маркетинг, SPG

Мақсаты: ішкі нарықты мұнай өңдеудің, газ өңдеудің және мұнай химиясының сапалы өнімдерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ макроөңір елдеріне экспортты дамыту мақсатында Қазақстанның ресурстық әлеуетін барынша іске асыру.

Нысаналы индикаторлар:

Бағдарламаны іске асыру 2019 жылы 2012 жылғы деңгейге қарағанда мынадай экономикалық көрсеткіштердің:

1) жалпы қосылған құнның нақты мәнде кемінде 1,6 есе;

2) еңбек өнімділігінің нақты мәнде 2,3 есе өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

14-кесте. Нысаналы индикаторлар

p/c	Нысаналы көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2012 ж. есеп	2013 ж. меже	2012 жылға қатысты болжам						2012 ж. қарағанда 2019 ж.
					2014	2015	2016	2017	2018	2019	
1	Жалпы қосылған құн	%	100	101,4	103,0	103,1	103,2	159,8	160	160,1	1,6 есе
2	ЖҚҚ бойынша еңбек өнімділігі	%	100	99,3	128,8	152,1	149,6	231,3	231,2	231,2	2,3 есе

Міндеттер:

1) ішкі нарықты сапалы мұнай өнімдерімен толық қамтамасыз ету;

2) мұнай өңдеу саласын шикізаттың тұрақты жеткізілімдерімен қамтамасыз ету;

3) мұнай өңдеу саласы қызметінің тиімділігін арттыру;

4) қазақстандық өнімнің макроөңір нарықтарына шығуы.

Қызметтің басым түрлері

Секторды дамыту басымдықтары 15-кестеде көрсетілген.

15-кесте. Мұнай өңдеу өнімдерін өндіру секторы қызметінің басым түрлері

ЭКЖЖ-4	Атауы
1920	Мұнай және мұнай өнімдері

Басым тауарлар топтары

Басым тауарлар топтары Қазақстан және макроөңір нарықтарының көлемдеріне, тауар топтарының технологиялық «күрделілігіне», сондай-ақ оларды өндіру мүмкіндігіне (16-кесте) негізделе отырып айқындалған. Бұл ретте, экологиялық шығарындыларды азайту жөніндегі талаптар ескерілген.

16-кесте. ЭҚТӨЖ жіктемесі бойынша басым тауарлар топтары

ЭҚТӨЖ	Тауар тобының атауы	Ішкі нарықтың импорт сыйымдылығы, мың АҚШ долл.	Макроөңір нарықтарының импорт сыйымдылығы, мың АҚШ долл.
192024, 192025, 192026, 192027, 192028, 192029	Өзге дистилляттар мен өнімдер (ауыр дистилляттар, орта дистилляттар, мотор майлары және басқалар)	677 681	42 368 357
192023	Жеңіл дистилляттар мен өнімдер	793 469	5 133 032
192042	Мұнай битумы	170 245	2 017 956

192023	Сұйытылған пропан	380	2 004 626
192032	Сұйытылған бутандар	1211	1 490 846
192042	Кальцийлендірілмеген мұнай коксы	248	956 939
192032	Сұйытылған этилен, пропилен, бутилен және бутадисен	2	459 502
192042	Кальцийлендірілген мұнай коксы	3 264	299 964
192029, 381225	Құрамында биодизель бар битумдандырылған жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикіден басқа)	449	299 964
192032	Өзге сұйытылған мұнай газдары	562	142 165
192041	Синтез немесе басқа процестер нәтижесінде алынған, боялған немесе боялмаған өзге минералдық балауыз бен ұқсас өнімдер	91	101 247

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті, UN Comtrade

Көрсетілген талаптардың нәтижесінде Еуро 4 және Еуро 5 сыныптағы мотор отындарын шығару және ақшыл мұнай өнімдерін шығаруды 76-82%-ға дейін ұлғайту басымдықтар ретінде айқындалған.

Басым жобалар

МӨЗ жаңғырту жобаларын іске асыруды аяқтау 2017 жылға жоспарланып отыр. Мұның өзі оларда мұнай өңдеуді жылына 19,5 млн. тоннаға дейін ұлғайтуға және К4, К5 кластарының талаптарына сәйкес келетін экологиялық таза мотор отындарының өндірісін бастауға мүмкіндік береді.

Базалық майларды шығару жөніндегі жоба пысықталатын болады.

Мұнай-газ химиясы

Базалық мұнай-газ химиясы (бастапқы нысандарда мұнай-химия өнімдерінің өндірісі) - Қазақстан экономикасының перспективалы жаңа саласы. Базалық мұнай-газ химиясының өнімдерін түрлі мақсаттағы: құрылыс материалдары, қағамалар және басқалар үшін пластмассалардан жасалатын бұйымдарды қазақстандық өндірушілер пайдаланады. Осы секторлардың мұқтаждықтары үшін жыл сайын Қазақстанға орташа алғанда 400 млн. АҚШ долл. полимерлік шикізат импортталады. Базалық мұнай-газ химиясы өнімінің ішкі нарығының көлемі шамамен 72 млрд. теңгені құрайды, бұл ретте 70%-дан астамы импортқа тиесілі.

Мұнай-газ химиясы өнімдерінің экспорттық әлеуеті жоғары. Басым тауарлар топтары бойынша макроөңір елдерінің импорты 20 млрд. АҚШ долл. астам.

Импорт алмастыру үшін мүмкіндіктер Атырау МӨЗ-де хош иісті көмірсутектерді өндіру жөніндегі кешен, Атырау облысындағы ықпалдастырылған газ-химия кешені және бутадисен мен полибутадисен өндірісі жөніндегі кешен іске қосылғаннан және басқа да жобалар іске асырылғаннан кейін жасалады.

2012 жылы химия өнеркәсібі өндірісінің жалпы көлеміндегі саланың үлес салмағы 2008 жылмен салыстырғанда 3,9%-ға ұлғайып, 10,8%-ды құрады. 2008 - 2012 жылдар аралығында өндіріс көлемі нақты көріністе 12,8%-ға өсті. Саладағы жалпы қосылған құн 2008 жылғы 3,5 млрд. теңгеден 2012 жылы 14,6 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Еңбек өнімділігі 2002 жылдан бастап 2012 жыл аралығында 5,8 есе өсті. Негізгі құралдардың тозу дәрежесі 2012 жылы 52%-ды, негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті - 22,4%-ды құрады. Негізгі капиталға инвестициялар 2012 жылы 48,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2008 жылғы көрсеткіштен 27 есе жоғары.

Қазақстаннан базалық мұнай-газ химиясы өнімдері экспортының көлемі 2008 - 2012 жылдар кезеңінде 2,2-ден 63,7 млн. АҚШ долларына дейін шамамен 29 есе өсті.

Ішкі сұранысты қанағаттандыру үшін жеткілікті қуаттардың болмауы жағдайында базалық мұнай-газ химиясы өнімдеріне деген серпінді өсіп келе жатқан сұраныс біршама деңгейде импорт есебінен қамтамасыз етіледі.

Өнеркәсіпке арналған химикаттар өндірісі секторы дамуының 2008 - 2012 жылдардағы негізгі көрсеткіштері 17-кестеде келтірілген.

17-кесте. Сектор бойынша 2008 - 2013 жылдардағы деректер

Көрсеткіштер	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Өңдеуші өнеркәсіптегі үлесі	0,2	0,2	0,3	0,4	0,4	0,3
Химия өнеркәсібіндегі үлесі	6,9	8,3	11,2	11,6	10,8	10,0
Базалық мұнай-газ химиясы өнімдері өндірісінің көлемі, млн. теңге	7 310	7 089	11 647	17 189	19 378	18 517
ЖҚҚ, млн. теңге	3536,5	3809,1	9687,9	13914,6	14616,5	11103,9
Жалдалмалы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	1 669	1 980	1019	971	1 191	2 021
Еңбек өнімділігі, мың теңге/адам	2119	1924	9507	14330	12272	5494
Негізгі құралдардың тозу дәрежесі, %	39,2	48,5	55,7	50,5	51,9	39,2
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	22 959	31 107	39 772	34 046	37 172	22 572
Негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті, %	151,9	29,0	14,1	14,3	22,4	151,9
Жылдың соңына бастапқы құн бойынша негізгі құралдардың болуы, млн. теңге	45,5	26248,1	18863,5	16183,1	15740,4	45,5
Экспорт, млрд. АҚШ долл.	2,2	4,0	20,8	35,6	51,0	40,6

Импорт, млрд. АҚШ долл.	343,2	267,5	383,7	526,2	565,8	598,0
-------------------------	-------	-------	-------	-------	-------	-------

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Қазақстанда Павлодар қаласында полипропилен өндірісі бойынша қуат («Компания Нефтехим Лтд.» ЖШС) бар.

Мұнай-газ химиясы өнімдері өндірісінің әлемдік нарығындағы Exxon Mobil Corp (АҚШ, 334 млрд. АҚШ долл.), Chevron Corp (АҚШ, 233 млрд. АҚШ долл.) Royal Dutch Shell plc (Британия-Голландия, 360 млрд. АҚШ долл.), Газпром (Ресей, 375 млрд. АҚШ долл.), Statoil ASA (Норвегия, 135 млрд. АҚШ долл.) сияқты² аса ірі ойыншылар қызметін өндіру сегменттерінде де, сол сияқты мұнай өңдеу және мұнай-газ химиясы сегменттерінде де жүзеге асыратын тігінен ықпалдастырылған болып табылады.

Мұнай-газ химиясын дамыту мемлекеттің негізгі екі міндетін шешуге мүмкіндік береді:

1) көмірсутек шикізаты - ілеспе мұнай мен құрғақ газды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, бұл өнімсіз экономикалық шығындарды, оның ішінде экологиялық сипаттағы шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді;

2) химия өнеркәсібін, құрылыс материалдары өндірісінің, резеңке-техникалық бұйымдар өндірісінің өнеркәсібін арзан шикізатпен қамтамасыз ету, өйткені бүгінгі таңда пластмасса және резеңке бұйымдарының өндірушілер импорттық шикізатты пайдаланады, ал бұл соңғы өнімнің қымбаттауына әкеліп соғады.

Сектордың түйінді проблемалары:

1) шикізаттың негізгі көлемін - өндірілген газды технологиялық мұқтаждыққа пайдалану (газды қыртысқа айдау, электр энергиясын өндіру);

2) мұнай-газ химиясы өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорындардың төмен технологиялық деңгейі;

3) «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА инфрақұрылымының жеткіліксіз қаржыландырылуы;

4) тиісті біліктілігі бар кадрлардың жетіспеуі;

5) шетелдік білікті кадрларды тарту жөніндегі шектеу (квоталау, рұқсаттар беру);

6) шетел инвестицияларын тартуға кедергі болатын қаржы, жер қатынастары саласындағы, арнайы экономикалық аймақтар бойынша заңнаманың жетілдірілмеуі.

²Капиталдандыру бойынша деректер. Platts

Мақсаты: Қазақстанның қолда бар ресурстық әлеуетін іске асыру және қолайлы нарықтық конъюнктура есебінен мұнай-газ химиясын дамыту.

Нысаналы индикаторлар:

Бағдарламаны іске асыру 2012 жылғы деңгейге қарағанда 2019 жылы мынадай экономикалық көрсеткіштердің:

1) жалпы қосылған құнның нақты мәнде кемінде 19,1 есеге;

2) жұмыспен қамтудың 2,6 мың адамға;

3) еңбек өнімділігінің нақты мәнде 6 есе;

4) шикізаттық емес (өңделген) экспорттың құндық көлемінің кемінде 41 есе өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

18-кесте. Нысаналы индикаторлар

p/c №	Нысаналы көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2012 есеп	2013 жеке	2012 ж. қатысты болжам						2012 ж. қарағанда 2019 ж., %
					2014	2015	2016	2017	2018	2019	
1	Жалпы қосылған құн	%	100	95,2	102,1	110,8	110,6	447,5	1360,9	1909,7	19,1 есе
2	Жұмыспен қамтылғандардың саны	мың адам	1,2	2,0	2,0	2,0	2,5	3,0	3,4	3,8	2,6 мың адам
3	ЖКҚ бойынша еңбек өнімділігі	%	100	56,1	60,2	65,4	52,4	175,7	471,8	600,8	6 есе
4	Шикізаттық емес (өңделген) экспорттың құндық көлемі	%	100	86,6	117,9	152,4	162,8	401,3	2712,5	4096,6	41 есе

Міндеттер:

1) бәсекелестік негізде базалық өнім өндіру бойынша жобаларды қажетті шикізатпен қамтамасыз ету;

2) шикізаттық емес тауарларды сату үшін нарықтарды кеңейту;

3) «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА аумағында инфрақұрылымды және қуаттарды дамытуды қаржылық қамтамасыз ету;

4) «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА аумағындағы жобаларды қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету;

5) мұнай-газ химиясы өнімінің экспортын көліктік-логистикалық қамтамасыз ету;

6) мұнай-газ химиясы секторында біліктілігі жоғары қажетті кадрлармен қамтамасыз ету.

Қызметтің басым түрлері

Сала қызметінің басым түрлері 19-кестеде берілген.

19-кесте. - ЭҚЖЖ-4 бойынша басым қызмет түрлері

ЭҚЖЖ-4	ЭҚЖЖ атауы
20.14	Өзге де негізгі органикалық химиялық заттар өндірісі
20.16	Бастапқы нысандағы пластмассалар өндірісі

Басым тауарлар топтары

Басым тауарлар топтары ішкі нарық конъюнктурасына, сондай-ақ халықаралық нарықтың өсу көлемі мен әлеуетіне негізделі отырып айқындалды (20-кесте).

20-кесте. Басым тауарлар топтары

ЭҚТӨЖ	Тауар тобының атауы	Ішкі нарықтың импорт сыйымдылығы, млн. АҚШ долл.	Макроөңір нарықтарының импорт сыйымдылығы, млн. АҚШ долл.
201610	Үлес салмағы 0,94 және одан көп полиэтилен	202,5	6 906,3
201651	Полипропилен	17,6	6 449,1
201610	Үлес салмағы 0,94 кем бастапқы нысандардағы полиэтилен	37,9	3 183,3
201651	Пропиленнің қосалқы полимерлері	14,0	2 267,2
201630	Басқа құрамдауыштармен араласпаған ПВХ	26,0	2 057,4
201411	Бутадиен	0	790,7
201710	Бастапқы нысандардағы бутадиен каучугы (BR)	0,9	833,6
201656	Полиуретандар	9,7	808,9
201640	Полиэтилентерефталат	99,8	1 286,5

Басым жобалар

2015 - 2019 жылдар кезеңінде мұнай-газ химиясы секторын дамытудағы мемлекеттік саясат бастапқы нысандағы полимерлерді (Атырау облысында қуаты жылына 500 мың тонна полипропилен мен қуаты жылына 800 мың тонна полиэтилен; қуаты 4,1 мың тонна ПП-пленка полимерлік өнім, БОПП-пленка -14,7 мың, ПП-қаптар - жылына 48 млн. дана; Атырау облысында бутадиен жылына қуаты 125 мың тонна) және мұнай-газ химиясы секторының өзі, сол сияқты тұтастай алғанда, химия саласы үшін органикалық коспаларды - шикізат (Атырау облысында хош иісті көмірсутектерді өндіру жөніндегі кешен) өндіру жөніндегі жаңа қуаттарды құруға бағытталды.

2015 - 2019 жылдар кезеңінде бизнес-құрылымдардың ұсыныстарына сәйкес полимерлік өнімдер мен одан жасалатын бұйымдар өндірісінің көлемін ұлғайтуға бағытталған жалпы инвестициялар көлемі 1,2 трлн. теңге болатын ірі инвестициялық жобалар іске асырылатын болады.

Тамақ өнімдерінің өндірісі

Тамақ өнімдерінің өндірісі елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стратегиялық маңызы бар сала болып табылады. Тамақ өнімдерін тұтынудың өсуімен және тұтыну құрылымының неғұрлым сапалы өнімдер жағына өзгеруімен ел халқы өсуінің орнықты үрдісі қалыптасты. Сектор шикізатты жеткізуші ретіндегі ауыл шаруашылығы өндірісімен тығыз байланысты. Тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорындар тұтыну орталықтарының (қалалар, ірі кенттер) жанында шоғырланған.

Өңдеуші өнеркәсіп көлеміндегі тамақ өнімдері өндірісінің үлесі 2008 жылғы 18,6%-дан 2013 жылы 16,5%-ға дейін төмендеді, бұл ретте 2008 - 2013 жылдар аралығында тамақ өнімдері өндірісінің көлемі 56,0%-ға ұлғайды.

Тамақ өнімдері өндірісі саласындағы ЖҚҚ 2008 - 2013 жылдар аралығында 1,5 есе ұлғайды.

Тамақ өнімдері экспортының көлемі 2008 жылмен салыстырғанда 2013 жылы 17,1 %-ға төмендеп, 902,1 млн. АҚШ долл. құрады. Тамақ өнімдерінің импорты дәл осы кезеңде 17,4%-ға өсіп, 2 446,5 млн. АҚШ долл. құрады.

Тамақ өнімдерінің өндірісі секторының 2008 - 2013 жылдары дамуының негізгі көрсеткіштері 21-кестеде келтірілген.

21-кесте. Сектор бойынша 2008 - 2013 жылдардағы деректер

Көрсеткіш	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.*
Тамақ өнімдерінің өндірісі, млн. теңге	623 488	629 756	695 244	828 005	865 570	973 030
Өңдеуші өнеркәсіптегі үлесі	18,6%	21,4%	18,1%	17,2%	15,9%	16,5%
ЖҚҚ, млн. теңге	230 589,1	264 604,1	360 433,4	427 430,8	472 810,9	355 404,9
Жұмыскерлердің тізімдік саны (мың адам)	52,3	52,6	52,8	53,9	53,2	52,4
ЖҚҚ бойынша еңбек өнімділігі, мың теңге/адам	4 286	5 324	7 620	9 017,5	9 891,4	7 094
Еңбек өнімділігі, АҚШ долл./адам	35 548	35 808	51 696	60 970	65 759	46 980
Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар саны	2442	2 402	2 326	2 263	2219	1 573
Негізгі құралдардың тозу дәрежесі, %	27,9	33,8	32,5	50,9	35,5	-
Экспорт, млн. АҚШ долл.	1 088,6	797,6	854,2	886,5	898,1	902,1
Импорт, млн. АҚШ долл.	2 083,4	1 615,5	2 190,6	2 450,4	2 456,3	2 446,5

Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	22 959	31 107	39 772	34 046	37 172	33 572
Негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті, %	14,3	13,8	11,6	8,9	10,1	-
Жылдың соңына бастапқы күн бойынша негізгі құралдардың болуы, млн. теңге	174 489,9	236 200,2	289 893,2	392 229,3	336 416,6	-

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Тамақ өнімдері өндірісі құрылымындағы негізгі үлесті астық өңдеу саласы (23,5%), сүт өңдеу (16,3%), нан және нан-тоқаш өнімдері (15,3%), ет өңдеу (13,4%), жеміс-көкөніс (8,1%), май-тоң май (7,8%) және өзге де салалар (15,6%) алып отыр.

Сектордың негізгі проблемаларына: жергілікті өндірістің сапалы шикізатының жеткіліксіздігі; сауда-логистикалық инфрақұрылымның дамуының жеткіліксіз деңгейі; өңдеуші кәсіпорындар үшін айналым қаражатының төмен қолжетімділігі; моральдық тозған жабдықтың жоғары үлесі; білікті кадрлардың тапшылығы; сауданы статистикалық есепке алу және саланы дамыту проблемалары; техникалық реттеу, оның ішінде стандарттардың сақталуын бақылау саласындағы проблемалар; коммуналдық және көліктік көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтердің жоғары құны; ыдыс пен қаптаманың төмен қолжетімділігі; жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға жоғары кредиттік жүктеме; ішкі және сыртқы нарықтардағы өнімді жылжытудағы жеткіліксіз қолдау жатады.

Мақсаты: Қазақстанның тамақ өнеркәсібі өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау.

Нысаналы индикаторлар:

Бағдарламаны іске асыру 2012 жылғы деңгейге қарағанда 2019 жылы мынадай экономикалық көрсеткіштердің (22-кесте):

- 1) жалпы қосылған құнның нақты мәнде кемінде 1,2 есе;
- 2) жұмыспен қамтудың кемінде 2,4 мың адамға;
- 3) еңбек өнімділігінің нақты мәнде 1,1 есе;
- 4) шикізаттық емес (өңделген) экспорттың құндық көлемінің кемінде 1,2 есе өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

22-кесте. Нысаналы индикаторлар

P/c №	Нысаналы көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2012 есеп	2013 меже	2012 ж. қатысты болжам						2012 ж. қарағанда 2019 ж., %
					2014	2015	2016	2017	2018	2019	
1	Жалпы қосылған құн	%	100	105,0	108,0	111,0	113,0	114,0	115,0	116,0	1,2 есе
2	Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарындағы жұмыспен қамтылғандардың саны	мың адам	53,2	52,4	54,2	54,6	55,6	55,6	55,6	55,5	2,4 мың адам
3	ЖҚҚ бойынша еңбек өнімділігі	%	100	105,0	106,0	108,0	108,0	109,0	110,0	111,0	1,1 есе
4	Шикізаттық емес (өңделген) экспорттың көлемі	%	100	95,8	86,0	93,0	100,0	106,0	111,0	117,0	1,2 есе

Міндеттер:

- 1) ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындар үшін ауыл шаруашылығы шикізатының қолжетімділігін арттыру;
- 2) ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындар үшін қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыру;
- 3) саладағы өндірістің инфрақұрылымдық шығындарын (коммуналдық, көліктік көрсетілетін қызметтері, ыдысқа және қаптамаға жұмсалатын шығындар және басқалары), оның ішінде МЖӘ тетігі есебінен төмендету;
- 4) отандық азық-түлік тауарларын өткізуді кеңейту үшін жағдайлар жасау;
- 5) тамақ өнімдерін тұтыну мәдениетін дамыту;
- 6) тамақ индустриясы саласында техникалық реттеуді дамыту;
- 7) экспортты/импортты саудалық реттеуді жетілдіру;
- 8) ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарды білікті кадрлармен қамтамасыз ету;
- 9) тауар айналымының есебін жетілдіру.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешу мынадай нысаналы индикаторларға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қызметтің басым түрлері

Тамақ өнімдерінің өндірісі секторы бойынша қызметтің басым түрлері 23-кестеде келтірілген.

23-кесте. Қызметтің басым түрлері

ЭҚЖЖ-4	ЭҚЖЖ атауы
1011	Етті өңдеу және консервілеу
1012	Үй құсының етін өңдеу және консервілеу
1013	Еттен және үй құсы етінен жасалған өнімдер өндірісі
1020	Балықты, шаянтекестерді және ұлуларды өңдеу және консервілеу
1031	Картопты өңдеу және консервілеу

1032	Жеміс және көкөніс шырындарының өндірісі
1039	Жемістер мен көкөністерді өңдеу мен сақтаудың өзге түрлері
1041	Майлар мен тоң майлар өндірісі
1042	Маргарин мен осыған ұқсас жануарлар тоң майларының өндірісі
1051	Сүт өңдеу және ірімшік өндірісі
1061	Ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдерінің өндірісі
1062	Крахмал және крахмалдан жасалатын өнімдер өндірісі
1071	Нан өндіру ісі; ұннан дайындалған жаңа пісірілген кондитерлік тағамдарды, торттар мен тәтті тоқаштар өндірісі
1072	Қатырлақ нан мен печенье өндіру; ұзақ уақыт сақтауға арналған ұннан дайындалған кондитерлік бұйымдарды, торттарды, тәтті тоқаштар, бәліштер мен бисквиттер өндірісі
1073	Макарон өнімдерінің өндірісі
1081	Қант өндірісі
1082	Какао, шоколад және қанты көп кондитерлік бұйымдар өндірісі
1083	Шай және кофе өңдеу
1085	Дайындалған тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттар өндірісі
1086	Балалар тағамы мен емдәмдік тамақ өнімдерінің өндірісі

24-кестеде түйінді нарықтарға бағдарланған басым тауарлар топтары келтірілген.

24-кесте. Басым тауарлар топтары

ЭҚТӨЖ	Тауар тобының атауы	Ішкі нарықтың сыйымдылығы 2012 ж. (млн. тг)	Макрөөңір нарықтарының импорт сыйымдылығы 2012 ж. (млн. тг)
1	2	3	4
101120	Ірі қара мал, шошқа, қой, ешкі, жылқы және жылқы тектес жануарлардың жас немесе тоңазытылған тағамдық қосымша өнімдері	4,1	530,5
101130	Мұздатылған ет және тағамдық қосымша өнімдер; ет және өзге тағамдық қосымша өнімдері	13901,8	1484755,1
101210	Жас немесе тоңазытылған үй құсының еті	106,6	16534,1
101220	Мұздатылған үй құсының еті	1808,1	25615,5
101314	Еттен, еттік қосымша өнімдерден немесе малдың қанынан жасалған шұжық және ұқсас бұйымдар	14065,6	26177,9
101315	Ірі қара малдың етінен жасалған дайын және консервіленген	103 705,18	22302
102013	Мұздатылған балық	1714,9	193428,0
102014	Мұздатылған балықтың жон еті	-	9583,6
102023	Кептірілген, тұздалған немесе тұздалмаған немесе тұздық судағы балық	269,3	9494,0
102025	Балықтан жасалған дайын тағамдардан басқа, басқа тәсілмен дайындалған немесе консервіленген балық	3267,4	47619,0
103111	Мұздатылған картоп	638,04	38 025
103114	Қайта өңделген және консервіленген картоп	3 872,08	14 988
103200	Құрамында спирт қоспалары жоқ жеміс шырындары (жүзім ашытқысын қоса алғанда) және көкөніс шырындары	67 178,05	137 557
103917	Сірке суы немесе сірке қышқылы қосылмай консервіленген өзге де көкөністер (картоптан басқа), дайын көкөніс тағамдарынан басқа	4 034,51	47990
103918	Сірке суы немесе сірке қышқылы қосылмай консервіленген көкөністер (картоптан басқа), жемістер, жаңғақтар және өсімдіктердің өзге де жеуге жарамды бөліктері	350,15	14 483
103923	Басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында қант немесе басқа да тәттілейтін заттардың қоспасы немесе спирті бар немесе жоқ, өзге тәсілмен дайындалған немесе консервіленген жемістер, жаңғақтар және өсімдіктердің жеуге келетін өзге бөліктері	9 338,11	96 446
103930	Көкөністі шикізаттар және көкөністі қалдықтар, көкөністі шығындар және жанама өнімдер	15,29	1 198
103992	Джемдер, жеміс-жидек желесі, мармеладтар, жеміс-жидек немесе жаңғақ пюресі, жылытып өңдеу, оның ішінде қант қосып немесе тәттілеуіш заттар қосу жолымен алынған жеміс-жидек немесе жаңғақ пастасы	4 452,45	30 171
104120	Тазартылмаған өсімдік майы	1,7	427749,0

104124	Гидрогенизелген және эстерифицирленген, бірақ кейіннен өңделмеген тоң майлар және жануарлардан немесе өсімдіктен алынатын тоң майлар және олардың фракциялары	71 494,75	587843
104141	Күнжара және қатты майлар мен өзге өсімдік майларының қалдықтары	4 427,90	273564
104150	Қалдықтардан басқа, тазартылған май	8372,1	1429468,1
104210	Маргарин және ұқсас өнімдер	17 738,51	144 685
105111	Қоюлатылмаған және қант пен басқа да тәттілендіретін заттар қосылмаған сүт және кілегей	83 537,18	31 266
105121	Майсыздандырылған құрғақ сүт	10245,3	135856,2
105122	Тұтас құрғақ сүт	2838,8	219598,3
105130	Сары май және сүтті спредтер (паста)	5902,4	145994,2
105140	Ірімшік және сүзбе	92 779,56	360 478
105152	Өзге де ұйытылған немесе ашытылған йогурт, сүт және кілегей	8461,6	23416,2
106111	Тазартылған күріш	141,1	1862,4
106121	Бидай немесе аралас ұсақ тартылған ұны	129 347,76	136 810
106122	Дәнді дақылдардың ұсақ тартылған ұны (бидай ұнынан басқа)	134,9	135 889
106123	Ұсақ және ірі тартылған өсімдік ұны	1 683,67	2 201
106131	Ірі тартылған жарма, ұн және дәнді дақылдардан алынған түйірлер	139,1	593,9
106133	Жүгері қауызын қоса алғанда, дәнді дақылдардың өзге де өнімдері	1 084,32	23 613
106140	Кебектер, еленділер, өзге де дәнді дақылдарды өңдеуден қалған қалдықтар	3 883,71	29 158
106211	Крахмал; инулин; бидай ұлпасы; декстриндер; өзге де түрлендірілген крахмалдар	471,43	89 866
107111	Құрамында какаоһы бар немесе жоқ нан, ұннан жасалған кондитерлік өнімдер, тәтті тоқаштар, печенье және өзге де нан өнімдері; фармацевтикалық мақсаттарда пайдалану үшін жарамды вафельді пластиналар, бос капсулалар, жапсыру үшін қажетті вафельді қабықтар, күріш қағазы және ұқсас өнімдер	11 885,12	206 448
10721	Кептірілген нан мен печенье; ұзақ уақыт сақталатын кондитерлік өнімдер мен тәтті тоқаштар	2937,2	5669,5
107311	Жылумен өңдеуге тартылған немесе тартылмаған, салындыһы бар (еттен немесе өзге азық-түліктерден) немесе салындыһы жоқ немесе спагеттилер, макарондар, лапша, рожки, клецки, равиоли, каннеллони сияқты басқа тәсілмен дайындалған макарон бұйымдары	22 284,60	46 693
108111	Құрақ немесе қызылшаның қатты түрдегі шикі қанты	231,3	30157,1
108112	Хош иісті және бояғыш қосымшалар қосылмаған, тазартылған құрақ немесе қызылша қанты және қатты түрдегі химиялық таза сахароза	10586,0	72367,3
108221	Құрамында какао бар шоколад және өзге де дайын тамақ өнімдері (тәттілендірілген какао-ұнтақтан басқа), көлемді қаптамаларда	1540,9	13864,2
108222	Шағын орамалардағы құрамында какао бар шоколад және тамақ өнімдері	36973,4	239955,4
108223	Құрамында какаоһы жоқ, ақ шоколадты қоса алғанда, қанттан жасалған кондитерлік өнімдер	12907,3	84544,0
108224	Қантталған, глазурыленген, шәрбат сіндірілген және кептірілген жеміс-жидектер, жемістер, жаңғақтар, жеміс қабықтары және өсімдіктердің өзге де бөліктері	144,56	2 331
108300	Қайта өңделген шай және кофе	11949,0	238195,3
10851	Дайын тамақ өнімдері және тамақтар	37658,1	338459,1
108610	Гомогенделген және диеталық тамақ өнімдері	8823,9	224520,7

24-кестеге:

ескертпе: *макроөңір елдері: Армения, Өзербайжан, Беларусь, Қытай, Грузия, Иран, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан, Украина, Өзбекстан.

Басым жобалар

2015 - 2019 жылдар аралығындағы кезеңде тамақ өнімдерінің өндірісі саласында мыналарды: құс шаруашылығы өнімдерін (күс етін, жұмыртқа өндіру); сүт (құрғақ сүт, сары май, ірімшік және сүзбе, тағамдық сүт, ашыған сүт өнімдері); ет (мұздатылған, консервіленген, шұжық және ұқсас бұйымдар); балық (мұздатылған балық, балықтың жон еті, дайындалған және консервіленген балық); дәнді дақылдар (ұн, макарон бұйымдары, крахмал, ұлпа, инулин және басқалары); май (өсімдік майы, маргарин өндіру); көкөністер мен жемістер (шырындар, көкөніс және жеміс

консервілері); қант, кондитерлік бұйымдар (қанттан, шоколад пен қанттан жасалған, жаңа піскен және ұзақ сақтаудағы нан-тоқаш кондитерлік бұйымдарынан) қайта өңдеу жөніндегі басым жобаларды іске асыру көзделеді.

Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындар үшін ауыл шаруашылығы шикізатының қолжетімділігін арттыру

Қайта өңдеуші кәсіпорындарды сапалы және қолжетімді шикізатпен жүйелі қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы № 151 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» [бағдарламасы](#) (бұдан әрі - Агробизнес-2020) іске асырылатын болады.

Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеуші кәсіпорындар үшін қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыру

Отандық азық-түлік тауарларының орнықты өндірісі үшін жағдай жасау мақсатында қайта өңдеуші кәсіпорындарды айналым қаражатын толықтыруға және негізгі құралдарды сатып алуға арналған кредиттік ресурстармен жеткілікті көлемде қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ, қайта өңдеуші жаңа кәсіпорындарды салуды, оның ішінде инвестициялық субсидиялар, венчурлік қаржыландыру және т.б. арқылы ынталандыру үшін жеке қолдау талап етіледі.

Тамақ өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының қаржыландыруға қолжетімділігін кеңейту үшін кредиттер мен лизинг бойынша шығындардың бір бөлігін субсидиялау түріндегі, инвестициялық салымдар кезінде шығыстарды (құрылыс-монтаждау жұмыстары, жабдықты, ауыл шаруашылығы техникасы мен арнайы техниканы сатып алу) ішінара өтеу түріндегі мемлекеттік қолдау құралдары көзделетін болады, сондай-ақ қарыздарды сақтандыру және кепілдендіру жүйесі енгізіледі.

Саладағы өндірістің инфрақұрылымдық шығындарын (коммуналдық, көліктік көрсетілетін қызметтер, ыдысқа және қаптамаға және басқаларына жұмсалатын шығындар), оның ішінде МЖӨ тетігі есебінен төмендету.

Өндірілетін азық-түлік тауарларының өзіндік құнын төмендету мақсатында ыдыс қаптамасын, затбелгі бұйымдарын өндірумен айналысатын отандық компанияларды, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі есебінен дамыту бойынша шаралар қабылданатын болады.

Сондай-ақ қайта өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары үшін коммуналдық, көліктік көрсетілетін қызметтерге арналған сараланған тарифтерді қолдану бойынша шаралар қабылданатын болады.

Отандық азық-түлік тауарларын өткізуді кеңейту үшін жағдайлар жасау

Ішкі нарықтағы отандық азық-түлік тауарлары айналымының көлемін ұлғайту үшін заманауи форматтағы сауда алаңдарын, сауда-тарату орталықтарын кеңейту, сондай-ақ оларға қолжетімділік бойынша жағдай жасау жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Сыртқы өткізу нарықтарына шығу үшін негізгі көлік бағыттары бойынша шекара маңындағы аумақтарда мамандырылған логистикалық орталықтар желісін құру көзделуде.

Бұдан басқа, биржалық сауданы дамыту әрі әлеуетті отандық және шетелдік сатып алушыларды электрондық сауда алаңына барынша тарту бойынша шаралар қабылданатын болады.

Азық-түлік өнімдерін тұтыну мәдениетін дамыту

Отандық өнімді тұтыну мәдениетін дамыту үшін тамақ өнеркәсібі мен қайта өңдеуші өнеркәсіпті дамыту бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында басымдықпен жария етуді талап ететін түйінді хабарламалардың тізбесі айқындалатын болады.

Отандық азық-түлік тауарларының ұлттық брендтерін жасау болжануда.

Халықты тарту үшін тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы үгіт-насихат бағдарламалары жасалатын болады. Бұл ретте, халықтан сапасыз өнім туралы ақпаратты қабылдау үшін қоғамдық қабылдау бөлмелерін құру жұмысы жалғастырылатын болады.

Бұдан басқа, жаңа піскен және табиғи тамақ өнімдерін басым тәртіппен сатып алу жөніндегі талаптарды қосу тұрғысынан азық-түлік тауарларын сатып алу талаптарын қайта қарау, сондай-ақ ішкі нарықта отандық тамақ өнімдерінің жарнамасын шығаруға және көрсетуге жұмсалатын шығындарды субсидиялау көзделеді.

Тамақ индустриясы саласындағы техникалық реттеуді дамыту

Тамақ өнеркәсібі мен қайта өңдеуші өнеркәсіп өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оны өткізу нарықтарын кеңейту, сондай-ақ ішкі нарықты сапасыз өнімнен қорғау мақсатында техникалық реттеуде бірқатар шаралар қабылданатын болады.

Техникалық регламенттер талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалауды (бақылауды) жүргізу және жасанды тамақ өнімдерімен күрес кезінде зертханалық зерттеулерге ерекше назар аударылатын болады. Бұл үшін республиканың әрбір өңірінде кемінде 1 сынақ зертханасы құрылатын (жаңғыртылатын) болады.

Бұдан басқа, сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және сынақ зертханаларын аккредиттеу саласы қайта қаралды.

Стандарттарды ревизиялау жүргізіледі, сондай-ақ техникалық регламенттердің талаптарын орындау үшін қажетті бақылау әдістеріне және өлшеу әдістемесіне арналған, оның ішінде тамақ өнімдерін сәйкестендіру және оның қолдан жасалғандығын анықтау жөніндегі стандарттар әзірленеді.

Экспортты/импортты саудалық реттеуді жетілдіру

Ішкі және сыртқы нарықтардағы өзгермелі жағдайларға жедел ден қою мақсатында тамақ өнеркәсібі мен қайта өңдеуші өнеркәсіп өнімдерінің тауар қозғалысына мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету қажет.

Мониторинг нәтижелері негізінде сыртқы сауда қызметін реттеу шараларын қолдану бойынша ұсыныстар қалыптастыру және Еуразиялық экономикалық комиссияға жіберу жоспарлануда.

Бұдан басқа, мемлекеттік органдар мен ұйымдарда кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғайтын қоғамдық бірлестіктер мен бизнес қауымдастықтарды тарту жөніндегі шаралар көзделетін болады.

Тауар айналымының есебін жетілдіру

Аграрлық азық-түлік нарықтарын реттеу шараларын қабылдау үшін тамақ өнеркәсібі мен қайта өңдеуші өнеркәсіптің жай-күйіне толыққанды талдау жүргізу мақсатында азық-түлік тауарлары өндірісін статистикалық бақылау әдістемесіне олардың толықтығы мен шынайылығын қамтамасыз ету мақсатындағы өзгерістер енгізілетін болады, сондай-ақ Келен одағының елдері арасындағы өзара сауда көлемін есептеу әдістемесі, оның ішінде түзету коэффициенттерін енгізу есебінен жетілдірілетін болады.

Сондай-ақ тамақ өнімдерін шығару жөніндегі кәсіпорындар қуаттарының болуын және пайдаланылуын статистикалық мониторингтеуді жүргізуді қамтамасыз ету қажет.

Агрохимия

Агрохимиялық өнім өндірісінің секторын басым секторға жатқызу қажетті шикізаттың, жұмыс істеп тұрған ірі кәсіпорындардың және ел ішінде де, сол сияқты жақын маңдағы елдердің нарықтарында да агрохимиялық өнімге жоғары сұраныстың болуымен айқындалады.

Қазақстандық агрохимия нарығының көлемі 2013 жылы шамамен 71,8 млрд. теңгені құрады, оның ішінде 58 %-дан астамы импортқа тиесілі. Макроөңірдің басым тауарлар топтары бойынша импорт сыйымдылығы шамамен 6,8 млрд. АҚШ долл. құрайды.

Өңдеуші өнеркәсіптегі сектордың үлесі 2012 жылы 0,6%-ды құрады, химия өнеркәсібі өндірісіндегі көлемі шамамен 20%-ды құрады (25-кесте).

Агрохимиялық сектордағы өндіріс көлемі 2008 - 2012 жылдар аралығында атаулы мәнде 1,7 есеге өсті және 34,7 млрд. теңгені құрады (25-кесте).

Минералды тыңайтқыштарға әлеуетті қажеттілік шамамен 1 млн. тонна әсер ететін затты құрады, олардың ішінде фосфорлы - 58,4%-ды, азотты - 40%-ды, калийлі - 1,6%-ды құрады. 2013 жылы іс жүзінде 84,5 мың тонна енгізілді, бұл қажетті енгізу нормасынан 12 есе аз. Минералды тыңайтқыштармен өңделген ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы 2013 жылы 1,4 млн. гектарды құрады.

ЖКҚ агрохимиялық секторда 2008 - 2012 жылдардағы кезеңде 2,7 есеге өсті. Қазақстан Республикасындағы еңбек өнімділігі 2012 жылы 2008 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 2,7 есеге өсті және 13,6 млн. теңгені құрады, ол ЭЫДҰ елдері бойынша еңбек өнімділігінің орташа көрсеткішінен 2,7 есеге төмен.

Минералды тыңайтқыштар мен пестицидтерді экспорттау көлемі 2012 жылы 2008 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 13,6 %-ға төмендеді және 63,5 млн. АҚШ долларын құрады, ал аталған кезеңде импорттың көлемі 36 %-ға өсті және 117 млн. АҚШ долларына жуық болды. Агрохимия секторында өнім экспортының қысқаруы мен импортының өсуі ішкі сұраныстың өсуімен байланысты.

Агрохимия секторының 2008 - 2012 жылдардағы дамуының негізгі көрсеткіштері 25-кестеде көрсетілген.

25-кесте. Сектор бойынша 2008 — 2013 жылдардағы деректер

Көрсеткіштер	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Өңдеуші өнеркәсіптегі агрохимия өндірісінің үлесі, %	0,6%	0,5%	0,4%	0,6%	0,6%	0,7%
Химия өнеркәсібіндегі агрохимия өндірісінің үлесі, %	18,9%	17,9%	14,9%	18%	19,4%	21,3%
Өңдеуші өнеркәсіп, млн. теңге	3 359 551	2 945 966	3 844 658	4 801 407	5 446 749	5 882 456
НКИ, өткен жылға %-бен	97,5	97,1	113,9	107,7	101,2	101,6
Химия өнеркәсібі, млн. теңге	106 157	85 542	104 107	147 929	178 971	184 919
НКИ, өткен жылға %-бен	107,4	75,7	121,4	130,1	103,2	103,3
Агрохимия өндірісі, млн. теңге	20 089	15 331	15 509	26 584	34 664	39 480
ҚҚС, млн. теңге**	9 719	8 238	12 900	21 520	26 147	23 674
ҚР-дағы еңбек өнімділігі, мың теңге/адам	4 964	3 999	6 939	11 772	13 618	15 557
ҚР-дағы еңбек өнімділігі, долл./адам	41 168	26 895	47 073	79 594	90 533	100 993
ЭЫДҰ елдері бойынша орташа еңбек өнімділігі, долл./адам	204 402	194 394	236 331	247 917	248 843	
Жалданған жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	1958	2 060	1 859	1 828	1 920	2 029
Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар саны	24	22	21	25	28	
оның ішінде:						
ірі	3	3	3	3	2	
орташа	1	1	1	2	2	
шағын	20	18	17	20	24	
Қуат жүктемесінің дәрежесі, %*	44,4	38,8	42,8	39,6	38,8	
Жабдықтың тозуы, %	28,7	52,7	37,7	37,6	38,7	
Инвестициялар, млн. теңге	338	484	424	1 851	3 484	782
Негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті, %	5,6	3,9	39,2	55,2	8,9	
Жыл соңында негізгі құралдардың бастапқы құны бойынша болуы, млн. теңге	4 254	4 090	6 358	10 213	16 954	
Экспорт, млн. АҚШ долл.	74,1	17,1	28,5	72,8	64,3	70,7
Импорт, млн. АҚШ долл.	231,0	196,8	186,3	212,0	263,4	255,2

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

25-кестеге:

ескертпе: * - көрсеткіш «КИДИ» АҚ-ның статистикалық деректері негізінде есептелген.

Қазақстанда минералды тыңайтқыштардың өндірісін фосфорлы және азотты тыңайтқыштардың өндірушілері: «ҚазФосфат» ЖШС (суперфосфат, аммофос) және «ҚазАзот» ЖШС (аммоний нитраты) ұсынады.

Калийлі тыңайтқыштардың өндірісі бойынша ірі кәсіпорындар бүгінгі күні жоқ, алайда Қазақстанның батыс өңіріндегі калий шикізатының кен орнында геологиялық барлау жұмыстары жүргізілуде.

Азотты тыңайтқыштарды тұтыну 2012 жылы 403 мың тоннаны құрады, оның 165 мың тоннасы Қазақстан Республикасының аумағында шығарылды, ал 319 мың тоннасы импортталды. Фосфорлы тыңайтқыштарды тұтыну 2012 жылы 60,7 мың тоннаны құрады, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында 69,5 мың тонна шығарылды, ал импорты шамалы. Калийлі тыңайтқыштарды тұтыну 2012 жылы 22 мың тоннаны құрады, оның бүкіл көлемі импортқа тиесілі. Қазақстан Республикасында кешенді тыңайтқыштардың нарығы толықтай импорттық өнімдерден тұрады және шамамен жылына 6 мың тоннаны құрайды.

Пестицидтер өндірісінің сегментін негізінен өсімдіктерді қорғау құралдарының формуляциясымен айналысатын шағын кәсіпорындар ұсынады: «Агрохимия» ЖШС, «КазТрастКем» ЖШС, «Бай Жер» ЖШС, «Astana-NanChemicals» ЖШС, «Гербицидтер» АҚ. Елімізде пестицидтерді тұтыну 2012 жылы 28,5 мың тоннаны құрады, оның ішінде 10,5 мың тонна өндірілген, ал 18 мың тоннасы импортталған.

Секторды дамыту үшін халықаралық химия компанияларын агрохимия секторына тарту қажет. Айталық, DuPont компаниясы Қазақстан Республикасының аумағында ауыл шарушалығы үшін химия өнімдерінің өндірісін құруды жоспарлап отыр. Ресейдегі минералды тыңайтқыштарды ірі өндірушілердің бірі «ЕвроХим» ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - ААҚ) кешенді тыңайтқыштар өндіру зауытын салуды жоспарлауда.

Агрохимиялық секторға трансұлттық компанияларды да (Mosaic, PotashCorp, Agrium, YaraInternational, Monsanto, Syngenta, «Фосарго» жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - ЖАҚ) тартуға болады.

Саланың түйінді проблемалары:

- 1) сектор кәсіпорындарының өндірістік қуатын жүктеудің төмен деңгейі;
- 2) сектор кәсіпорындарындағы өндірісті жаңғырту мен дамыту үшін қаржы қаражатының тапшылығы;
- 3) жабдықтардың жоғары тозу деңгейі;
- 4) агрохимия өндірушілерінің тарапынан минералдық тыңайтқыштар мен пестицидтерді өткізуге/дистрибуциялауға арналған логистиканың әлсіз жүйесі;
- 5) агрохимиялық өнімдерге зерттеулер жүргізу үшін сынақ базасының болмауы;
- 6) тиісті біліктілігі бар кадрлардың тапшылығы.

Мақсаты: ішкі сұранысты ынталандыру жолымен агрохимиялық секторды дамыту және сараптамалық әлеуетті өсіру.

Нысаналы индикаторлар:

Бағдарламаны іске асыру 2012 жылғы деңгейге қарағанда 2019 жылы мынадай экономикалық көрсеткіштердің:

- 1) жалпы қосылған құнның нақты мәнде кемінде 3 есе;
- 2) жұмыспен қамтудың 1,1 мың адамға;
- 3) еңбек өнімділігінің нақты мәнде 1,9 есе;
- 5) шикізаттық емес (өңделген) экспорттың құндық көлемінің кемінде 2,8 есе өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

26-кесте. Нысаналы индикаторлар

Р/с №	Нысаналы көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2012 ж. есеп	2013 ж. жеке	2012 жылға қатысты болжам						2012 ж. қарағанда 2019 ж. %-да
					2014	2015	2016	2017	2018	2019	
1	Жалпы қосылған құн	%	100	98,2	99,5	142,7	165,4	193,5	269,0	296,0	3,3 есе
2	Жұмыспен қамтылғандардың саны	мың адам.	1,9	2,0	2,0	2,3	2,3	2,3	2,3	3,0	1,1 мың адамға.
3	ЖҚҚ бойынша еңбек өнімділігі	%	100	92,9	94,2	119,2	138,1	160,0	222,4	188,1	1,9 есе
4	Шикізат емес (өңделген) экспорт құны	%	100	110,0	116,7	146,7	194,8	222,8	266,9	275,6	2,8 есе

Міндеттер:

- 1) өндірістің тиімділігін арттыру және шығарылатын өнімді әртараптандыру үшін жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту;
- 2) ішкі сұранысты ынталандыру;
- 3) шикізаттық емес тауарды өткізу үшін нарықтарды кеңейту;
- 4) жаңа кәсіпорындар құру;
- 5) секторды тиісті біліктілігі бар кадр ресурстарымен қамтамасыз ету;
- 6) сынау және сертификаттау инфрақұрылымын құру.

Қызметтің басым түрлері

Бағдарлама шеңберінде қызметтің басымды түрлері айқындалған (27-кесте).

27-кесте - Агрохимия өнеркәсібі қызметінің басым түрлері

ЭЖЖ-4	Атауы
2015	Тыңайтқыштар мен құрамында азот бар қоспалардың өндірісі
2020	Пестицидтердің және өзге агрохимиялық өнімдердің өндірісі

Басым тауарлар топтары

Басым тауарлар топтары ішкі нарыққа ғана емес, сондай-ақ макроөңір нарықтарына: ТМД елдеріне, Иранға, Қытай мен Түркияға бағдарланады. Басым тауарларды/тауар топтарын өндіру жөніндегі кәсіпорындардың жаңа қуаттарын салу немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту агрохимия импортын қысқартуға және экспортын ұлғайтуға ықпал ететін болады.

28-кестеде импорт көлемі неғұрлым жоғары тауар топтары анықталған.

28-кесте. Агрохимия өнеркәсібінің басым тауарлар топтары

ЭТӨЖ-6	Тауар тобының атауы	Ішкі нарықтың импорт сыйымдылығы, млн. АҚШ долл.	Макроөңір нарығының импорт сыйымдылығы, млн. АҚШ долл.
201531	Карбамид	5,7	205,8
201532	Аммоний сульфаты	2,8	13,3
201551	Калий хлориді	5,1	3032,3
201552	Калий сульфаты	0,11	95,2
201559	Өзге калийлі тыңайтқыштар	17,3	33,5
201571	Кешенді тыңайтқыштар	6	1187,4
201573	МАФ/ДАФ	0,3	153,7
202011	Инсектицидтер	18,6	439,5
202015	Фунгицидтер	12,9	637,2
202012	Гербицидтер	71,5	980,6

Басым жобалар

Бағдарлама шеңберінде агрохимиялық секторды дамытудағы мемлекеттік саясат күрделі (NPK-тыңайтқыштары), калийлі тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын өндіру жөніндегі басым бағыттарды іске асыруға бағытталатын болады.

2015 - 2019 жылдар кезеңінде бизнес-құрылымдардың ұсыныстарына сәйкес өндіріс көлемін және өнімнің қосылған құнын арттыруға, секторда жаңа өндірістерді құруға бағытталған жалпы инвестициялар көлемі 454 млрд. Теңге болатын ірі инвестициялық жобалар іске асырылады.

Ақтөбе облысында Шилісай кен орнының кені базасында күрделі минералдық тыңайтқыштар (МАФ/ДАФ) мен Жилиан калий тұздарының кен орны базасында калийлі тыңайтқыштар өндірісін іске қосу жоспарлануда.

Жамбыл облысында агрохимиялық өнімдер өндірісі жөніндегі бірқатар жобалар жоспарланған. 2019 жылға дейін жылына 1 млн. Тонна минералдық тыңайтқыштар өндірісіне қол жеткізу, калий сульфаты (жылына 300 мың тонна) мен глифосат (жылына 10 мың тонна) өндірісі жөніндегі жобаларды іске асыру жоспарлануда.

Мынадай жобаларды пысықтау жүргізілуде: кейіннен жем-шөп фосфаттарын шығара отырып, экстракциялық фосфор қышқылын шығару, метанол және аммиак негізінде бірқатар химия өнімдерін (формальдегид, сірке суы және сірке қышқылы, аммиак селитрасы, азот қышқылы, карбамид, кешенді тыңайтқыштар мен карбамидтік-формальдегидтік және меламинаформальдегидтік шайырлар) шығару, «бір терезе» қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтер кешенін ұсыну бойынша агрохимиялық сервистік орталықтарды құру.

Өнеркәсіпке арналған химикаттардың өндірісі

Өнеркәсіпке арналған химикаттарды өндіру секторы өнеркәсіптің дәстүрлі салалары (кен-металлургия кешені (бұдан әрі - КМК) және мұнай-газ саласы) үшін де, сол сияқты жоғары технологиялық секторлар (электрондық өнеркәсіп, аккумуляторлар, энергия тиімді және инновациялық құрылыс материалдары өндірісі, машина жасау) үшін де шикізаттың, жартылай фабрикаттардың, бұйымдардың жеткізушісі болып табылады. Өнеркәсіпті дамыту жалпы сектор өніміне сұранысты ұлғайтуға алып келеді.

Өнеркәсіпке арналған химикаттардың Қазақстанда жұмыс істеп тұрған өндірістері негізінен базалық химия өнімдерімен: пайдалы қазбаларды өндіру, минералды тыңайтқыштарды өндіру кезінде пайдаланылатын бейорганикалық қышқылдармен және сілтілермен, сондай-ақ лак-бояу өнімімен, жарылғыш заттар мен үстіңгі белсенді заттармен (бұдан әрі - ҮБЗ) ұсынылған.

2012 жылы ішкі нарықтың сыйымдылығы 1,4 млрд. АҚШ долларын құрады. Басым тауарлар топтары бойынша Қазақстан импортының көлемі 300 млн. АҚШ долл. Асады, макроөңірдің сол тауарлары бойынша импорттық сыйымдылығы шамамен 6 млрд. АҚШ долл.

Өңдеуші өнеркәсіп бойынша орташа алғандағы сектордың үлесі 2%-ды, химия өнеркәсібінде - 68%-ды құрайды. Сектор өндірісінің көлемі 2012 жылы 118,5 млрд. Теңгені құрады, ол 2008 жылға қарағанда 60%-ға артық. 2012 жылы 2008 жылмен салыстырғанда сектордың ЖҚК 2,5 есеге өсті. Еңбек өнімділігі 2,3 есе өсті. Дегенмен, бұл ЭЫДҰ елдерінің ұқсас көрсеткіштерінен 2 есе төмен.

Сектор кәсіпорындарындағы жабдықтардың тозуы 40%-ға жетеді, қуаттардың жүктелуі 60%-дан астам. Қуаттың жоғары жүктелуі экспортаушы-кәсіпорындар: «АХКЗ» АҚ мен «Қазфосфат» ЖШС тиесілі. Негізгі құралдарды жаңғырту коэффициентін 2012 жылы 8,5%-ға ұлғайту жабдықтың тозу коэффициентін 2011 жылғы 45%-дан 2012 жылы 30%-ға дейін төмендетуге ықпал етті.

Өнеркәсіп үшін химикаттардың өндірісі секторындағы экспорт 2008 жылмен салыстырғанда 16,4%-ға өсті және 600 млн. Астам АҚШ долларын құрады. Экспортқа, негізінен, төменгі бөліністегі өнімдер шығады, ал импортты өңдеу дәрежесі неғұрлым жоғары тауарлар құрайды.

Өнеркәсіп үшін химикаттар өндірісі секторын дамытудың 2008 - 2012 жылдардағы негізгі көрсеткіштері 29-кестеде ұсынылған.

29-кесте Сектор бойынша 2008 - 2013 жылдардағы деректер.

	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
--	---------	---------	---------	---------	---------	---------

Сектордың өңдеуші өнеркәсіптегі үлесі, %	2,2	2,0	1,9	2,1	2,2	2,0
Сектордың химия өнеркәсібіндегі үлесі, %	70,0	69,0	69,6	66,6	66,2	64,7
Өнеркәсіп үшін химикаттар өндірісінің көлемі, млн. Теңге	74 275	59 055	72 474	98 527	118555	119 685
ЖҚК, млн. Теңге	37 677	33 670	63 571	83 964	93 740	75 762
ЭБДҰ бойынша орташа еңбек өнімділігі, АҚШ долл./адам.	104167	104304	111909	117373	117105	
Еңбек өнімділігі, АҚШ долл./адам.	24308	18912	33899	32508	45273	
Еңбек өнімділігі, мың теңге/адам.	2 931	2 812	4 997	4 808	6 810	
Жалданған қызметкерлердің тізімдік саны, адам	12 856	11 972	12 723	17 465	13 766	13 703
Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар саны	138	154	156	155	153	
оның ішінде:						
ірі	6	7	9	9	8	
орта	12	16	19	17	20	
шағын	120	131	128	129	125	
Инвестициялар, млн. теңге	6 645	29 295	17 381	19 870	40 391	26 462
Жабдықтың тозуы, %	35,3	37,4	41,1	44,8	30,1	
Негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті %	10,6	10,4	13,1	11,9	20,4	
Жыл соңында бастапқы құны бойынша негізгі құралдардың болуы, млн. теңге	10 884	4 218	10 377	18 276	26 097	
Экспорт, млн. долл.	516,0	269,3	369,6	511,5	600,6	624,9
Импорт, млн. долл.	1040,1	893,5	1054,8	1209,3	1296,3	1459,1

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, TradeMap, Euromonitor дерекқоры.

Секторда күкірт қышқылын («СКЗ-У» ЖШС, «Қазфосфат» ЖШС), сары фосфорды («Қазфосфат» ЖШС), хром қоспаларын («Ақтөбе хром қосындылары зауыты» АҚ), балқымалы қышқылды («Үлбіфтор-Комплекс» ЖШС), хлорсілті сегментін («Каустик» АҚ), лак-бояу өнімдерін («Alina» компания тобы), жарылғыш заттар («Орика-Қазақстан» АҚ) өндіруші кәсіпорындар жұмыс істейді.

Сектордың ірі ойыншылары «Қазфосфат» ЖШС болып табылады, олардың химия өнеркәсібі өндірісінің жалпы көлеміндегі үлесі 22%, «Ақтөбе хром қоспалары зауыты» АҚ - 12,5%, «Каустик» АҚ - 2,4% құрайды. Өнеркәсіп үшін химикаттар өндірісі секторы өнімді негізінен еліміздің ішкі тұтынуы үшін ғана шығарады, өйткені өнімнің осындай көп бөлігін тасымалдау қиын және адамдардың денсаулығы үшін қауіпті болып табылады.

Секторды одан әрі дамыту үшін Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында халықаралық химия компанияларын тарту қажет. Қазіргі уақытта: China Kingho Energy Group Co., Ltd (Қытай), IndussGroup (Бельгия), DowChemicalsCompany (АҚШ), Lanxess (Германия), GreenDay (Германия), LanzaTech (АҚШ) халықаралық компанияларымен келіссөздер жүргізілуде.

Секторды дамытудың негізгі кедергілері мыналар болып табылады:

- 1) көліктік және энергетикалық монополистердің тарифтік саясатын өзгерту;
- 2) сектор кәсіпорнында өндірісті жаңғырту мен дамыту үшін меншікті қаржы қаражатының тапшылығы;
- 3) сынақ және сертификаттау инфрақұрылымның дамымауы;
- 4) тиісті біліктілігі бар кадрлардың тапшылығы.

Мақсаты: өндіріс көлемін кеңейту және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту, жаңа өнімдерді шығару жөніндегі өндірістерді құру.

Нысаналы индикаторлар:

Бағдарламаны іске асыру 2012 жылғы деңгейге қарағанда 2019 жылы мынадай экономикалық көрсеткіштердің (30-кесте):

- 1) жалпы қосылған құнның нақты мәнде кемінде 1,5 есе;
- 2) жұмыспен қамтудың кемінде 1,1 мың адамға;
- 3) еңбек өнімділігінің нақты мәнде 1,4 есе;
- 4) шикізаттық емес (өңделген) экспорттың құндық көлемінің кемінде 1,3 есе өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

30-кесте. Нысаналы индикаторлар

Р/с	Нысаналы көрсеткіштер	Өлшем бірл.	2012 есеп	2013 меже	2012 жылға қатысты болжам						2012 жылға қатысты 2019 ж, есе
					2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	
1	Жалпы қосылған құн	%	100	98,2	107,3	115,8	118,9	128,6	142,6	153,2	1,5 есе
2	Жұмыспен қамтылғандар	мың адам	13,8	13,7	14,2	14,2	14,2	14,3	14,9	14,9	1,1 мың адамға.
3	ЖҚК бойынша еңбек өнімділігі	%	100	98,7	104,4	112,5	115,4	123,9	131,8	141,6	1,4 есе

4	Шикізаттық емес (өңделген) экспорт құнының көлемі	%	100	104,0	108,6	112,9	117,1	121,4	125,7	130,0	1,3 есе
---	---	---	-----	-------	-------	-------	-------	-------	-------	-------	---------

Міндеттер:

- 1) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың қуатын кеңейту;
 - 2) өндірістің тиімділігін арттыру үшін жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту;
 - 3) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың өнімін әртараптандыру;
 - 4) жаңа кәсіпорындар құру;
 - 5) жаңа өндірістерді инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың инфрақұрылымын жаңарту;
 - 6) секторды білікті кадр ресурстарымен қамтамасыз ету.
- Қызметтің басым түрлері
Бағдарлама шеңберінде қызметтің басым түрлері айқындалған (31-кесте).

31-кесте. Өнеркәсіпке арналған химикаттар өндірісі секторының басым қызмет түрлері

ЭҚЖЖ-4	Атауы
2011	Өнеркәсіптік газдардың өндірісі
2012	Бояғыштар мен пигменттер өндірісі
2013	Негізгі бейорганикалық қосылыстар өндірісі
2030	Бояулар, лактар және ұқсас бояғыш заттар өндірісі
2041	Сабын және жуатын, тазартатын және ысқылайтын заттар өндірісі
2051	Жарылғыш заттар өндірісі
2059	Өзге химиялық өнімдер өндірісі

Тауарлардың басым топтары

Басым тауарларды/тауар топтарын өндіру жөніндегі жаңа кәсіпорындар салу немесе жұмыс істеп тұрған қуаттарын кеңейту өнеркәсіп үшін химикаттар өндірісі секторы өнімдерінің импортын қысқартуға және экспортын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

32-кестеде импорты неғұрлым жоғары тауар топтары аталған.

32-кесте. Басым тауарлар топтары

ЭТӨЖ-6	Тауар тобының атауы	Өлшем бірлігі	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.
201324	Сутегі хлориді (тұзды қышқыл)	Импорт, тонна	31945	28995	29434	29318	27700
		Импорт, мың АҚШ долл.	7 384	5 141	3 597	8 681	7 540
201343	Динатрий корбонаты	Импорт, тонна	390557	311564	342661	376832	434795
		Импорт, мың АҚШ долл.	97 134	74 655	40 653	100 126	111030
201325	Су ергіндісіндегі натрий гидроксині (каустикалық сода)	Импорт, тонна	77535	94674	62020	26071	32652
		Импорт, мың АҚШ долл.	15 958	17 891	8 882	16 409	14 553
201363	Сутегі пероксиді	Импорт, тонна	4059	8685	12648	10960	14410
		Импорт, мың АҚШ долл.	3 152	6512	8 460	7 982	10 235
201321	Кальций хлориді	Импорт, тонна	8019	5897	11434	9028	9519
		Импорт, мың АҚШ долл.	2 719	1667	1 324	3 793	4 471
203012	Күрделі полэфирлер негізіндегі бояулар мен лактар	Импорт, тонна	20878	21174	23064	19214	17068
		Импорт, мың АҚШ долл.	32318	30 108	23 796	49 292	30011
205111	Оқ-дәріден басқа, дайын жарылғыш заттар	Импорт, тонна	18688	19583	13 078	12986	16732
		Импорт, мың АҚШ долл.	36 277	36 738	15 740	20 929	26 853
205942	Антидетонаторлар, антиоксиданттар, шайыр түзгіш ингибиторлар, қойылтқыштар, коррозияға қарсы заттар және өзге мұнай өнімдеріне немесе басқа сұйықтықтарға дайын телімдер	Импорт, тонна	17624	18510	10759	10459	9662
		Импорт, мың АҚШ долл.	73 590	63 101	43 226	45 534	43 416

205956	Катализаторлар	Импорт, тонна	1 058	692	753	1065	1482
		Импорт, мың АҚШ долл.	10 066	4 979	3 081	7 141	13313
205943	Антифриздер және мұздануға қарсы дайын өзге сұйықтықтар	Импорт, тонна	25245	25549	30576	30464	37194
		Импорт, мың АҚШ долл.	30 792	21 814	14 208	38 046	41405

Басым жобалар

2015 - 2019 жылдар кезеңінде өнеркәсіп үшін химикаттар өндірісі секторын дамытудағы мемлекеттік саясат жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың өндірістік қуаттарын кеңейтуге және жаңа кәсіпорындар құруға бағытталатын болады.

2015 - 2019 жылдар кезеңінде бизнес құрылымдардың ұсыныстарына сәйкес ірі инвестициялық жобаларды өндіріс көлемін және өнімнің қосылған құнын арттыруға бағытталған, инвестициялардың жалпы көлемі 80 млрд. теңгеге жуық ұсыныстарына сәйкес ірі инвестициялық жобаларды іске асыру жоспарланып отыр.

Автокөлік құралдарының, олардың бөлшектерінің, керек-жарақтары мен қозғалтқыштарының өндірісі

Автокөлік құралдарының, олардың бөлшектерінің, керек-жарақтары мен қозғалтқыштарының өндірісі - экономиканың жаңа индустриясы, оның Қазақстандағы машина жасаудың жалпы көлеміндегі алатын үлесі айтарлықтай қомақты.

Ұлттық автомобиль жасауды дамыту экономиканың басқа салаларына мультипликативті әсерін тигізеді. Айталық, автомобиль өнеркәсібінде құрылған бір жұмыс орны металлургия, химия және электрондық өнеркәсіп, металл өңдеу, қосалқы бөлшектер өндірісі, көлік және көрсетілетін қызметтер саласы сияқты аралас салаларда тағы да 3-еуден 11-ге дейінгі жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Елдің ішкі нарығының сыйымдылығы шамамен 5 млрд. АҚШ долларын құрайды, оның 82%-ы импорт есебінен өтеледі. Басым тауарлар топтары бойынша макроөңір елдерінің импорттық сыйымдылығы 70 млрд. АҚШ долларынан асады, оның шамамен 30 млрд. АҚШ долларын автокомпоненттер құрайды.

Отандық бірқатар компания Қазақстан Республикасының Үкіметімен өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасты, оның шеңберінде мемлекет преференциялар ұсынады. Бұл ретте, келісім шеңберінде компаниялар белгілі бір мерзімде неғұрлым терең технологиялық бөліністерді және жиынтықтауыштардың өндірісін игеруді қамтитын даму деңгейіне шығуды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2008 - 2012 жылдар аралығында сектордың жалпы қосылған құны 5,8 есе өскен. Автоөндірісте 2000 адам жұмыспен қамтылған. 2008 - 2012 жылдар аралығында еңбек өнімділігі 7,5 есе ұлғайған және ЭЫДҰ елдерімен бір деңгейде.

Сектордағы экспорт көп емес, 2012 жылы 35 млн. АҚШ долл. құрды.

33-кесте. Сектор бойынша 2008 - 2013 жылдардағы деректер

Көрсеткіш	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Машина жасау, млн. теңге	301386	281310	376 184	536 876	687 235	853 923
Өткен жылға НКИ, %	89,7	82,5	133,6	119,0	116,5	114,6
Автокөлік құралдары, олардың бөлшектері, керек-жарақты және қозғалтқыштар, млн. теңге	13 565	6 347	15 768	35 404	78 423	156 563
Автокөлік құралдарының, трейлер мен жартылай тіркемелер өндірісі, алдыңғы жылға %-ды	54,0	36,8	210,6	210,7	198,3	178,9
ЖКҚ, млн. теңге	5 989,1	3 514,4	8 003,2	16 708,0	34 615,3	33 984,0
Жалдалмалы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	1763	1283	1 133	1252	1 351	1 731
ҚР-дағы еңбек өнімділігі*, мың теңге/адам	3 398	2 740	7 064	13 346	25 623	-
ҚР-дағы еңбек өнімділігі*, АҚШ долл.	28 101	18 463	47 922	90 145	170 484	-
ЭЫДҰ елдері бойынша орташа еңбек өнімділігі, АҚШ долл.	82 915	75 482	83 368	90 822	91293	-
Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар саны	16	17	15	20	22	-
Қуаттардың жүктелу деңгейі, %**	18,3	9,6	14,3	22,2	36,9	-
Негізгі құралдардың тозу дәрежесі, %	21,9	29,1	32,4	33,7	30,9	-
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	156	828	537	12 550	2 234	9 468
Негізгі құралдарды жанарту коэффициенті, %	4,3	1,7	4,2	12,7	14,4	-
Бастапқы құны бойынша жылдың соңына негізгі құралдардың болуы, млн. теңге	1 813	1647	1660	1 923	2 861	-
Экспорт, млн. долл.	43,8	35,6	33,1	41,0	35,1	44,1
Импорт, млн. долл.	2 378	1408	1 236	1 816	3 202	4 285

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

33-кестеге:

ескертпе: *еңбек өнімділігі секторда жұмыспен қамтылғандар санына сектор ЖКҚ-ға бөлуден алынған мән ретінде есептелген.

**көрсеткіш «ҚИДИ» АҚ статистикалық деректер негізінде есептелген.

Жеңіл автомобильдер өндірісі Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарында, жүк автомобильдері - Ақмола және Алматы облыстарында шоғырланған. Арнайы және мамандандырылған автомобильдер Батыс Қазақстан және Ақмола облыстарында шығарылады. Тіркемелер мен жартылай тіркемелер негізінен Жамбыл облысында және Алматы қаласында шығарылады.

Қазақстан Республикасының автомобиль өнеркәсібін одан әрі дамыту стратегиясы отандық компаниялардың General Motors, Hyundai, Kia, Peugeot, Renault-Nissan-Avtovaz, Skoda, Toyota, Iveco сияқты әлемдік көшбасшылармен ынтымақтастығына негізделген. Бұл стратегия Қазақстанға орын алып отырған технологиялық артта қалуды өте қысқа уақытта еңсеруге, құзыретті жедел түрде ұлғайтуға мүмкіндік береді, бұл кейіннен жаһандық автомобиль экожүйесіне қосылуға мүмкіндік береді.

Әлемдік нарықта автокөлік құралдарына арналған жиынтықтауыштар өндірісінде Denso (Жапония), Magna International (Канада), Aisin Seiki (Жапония), Delphi Automotive (Ұлыбритания), TRW Automotive Holdings (АҚШ), Valeo (Франция) компаниялары көшбасшы болып табылады, оларды Қазақстанға тарту бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Сектордың түйінді проблемалары:

- 1) ішкі нарық көлемінің шағын болуы;
- 2) автомобильдерді ірі сериялармен³ шығарудың болмауы;
- 3) оқшауландырудың және қосылған құнның төмен деңгейі;
- 4) техникалық реттеу саласында инфрақұрылымның болмауы;
- 5) кәдеге жаратудың кешенді жүйесінің болмауы;
- 6) қолжетімді қаржы ресурстарының болмауы;
- 7) халықтың сатып алу қабілетінің жоғары болмауы;
- 8) тиісті біліктілігі бар кадрлардың жетіспеушілігі;
- 9) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың (бұдан әрі - ҒЗТКӨ) нашар дамуы;
- 10) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы көлік құралдарын жеткізудің көліктік тарифтерінің жоғары болуы;
- 11) Кеден одағы (бұдан әрі - КО) елдерінің нарығына қазақстандық өнімдерді экспорттаған кезде техникалық кедергілердің болуы, техникалық реттеу саласында Ресей Федерациясының техникалық сынақ базасына тәуелділік және омологация мүмкіндігінің болмауы.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі отандық автокөлік өндірушілерге мемлекеттік қолдау шараларына белгілі бір талаптар қояды.

³Ірі сериялы өндіріс - өнім үздіксіз үлкен көлемде дайындалатын сериялық өндіріс түрі. Ірі сериялы өндірісте мамандандырылған жабдық, толассыз желілер мен автоматтандыру құралдары кеңінен пайдаланылады.

Мақсаты: автокөлік құралдарының бәсекеге қабілетті ірі сериялы өндірісін құру және оқшауландыру деңгейін жоғарылату.

Нысаналы индикаторлар:

Бағдарламаны іске асыру 2012 жылдың деңгейіне қарағанда 2019 жылы мынадай экономикалық көрсеткіштердің:

- 1) жалпы қосылған құнның нақты мәнде кемінде 4,9 есе;
- 2) жұмыспен қамтудың кемінде 4,8 мың адамға;
- 3) еңбек өнімділігінің нақты мәнде 1,1 есе;
- 4) экспорттың 2019 жылға қарай өндіріс көлемінен 30% өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді (34-кесте).

34-кесте. Нысаналы индикаторлар

р/с №	Нысаналы көрсеткіштер	Өлш. бірл.	2012 есеп	2013 жеке	2012 жылға қатысты болжам						2012 жылға қатысты 2019 ж.
					2014	2015	2016	2017	2018	2019	
1	Жалпы қосылған құн*	%	100	185,5	201,3	257,6	310,9	386,8	411,3	487,1	4,9 есе
2	Жұмыспен қамтылғандардың саны	мың адам	1,4	1,7	1,5	1,8	2,0	3,9	4,2	6,2	4,8 мың адамға
3	Еңбек өнімділігі	%	100	144,8	181,2	193,4	211,4	132,6	133,5	106,9	1,1 есе
4	Шикізаттық емес (өңделген) экспорт көлемінің құндық көлемі	%	100	125,7	128,9	135,4	140,8	149,6	157,6	168,5	жыл сайын өндіріс көлемінен 30%

34-кестеге:

ескертпе: * 2012 жылдың салыстырмалы бағаларымен.

Міндеттер:

- 1) автомобильдердің ірі сериялы өндірісіне бағытталған жобаларды қолдау;
- 2) меншікті автоқұрауыштар базасын құру;
- 3) ішкі сұранысты ынталандыру;
- 4) шикізаттық емес тауарларды өткізу үшін нарықтарды кеңейту;
- 5) техникалық реттеу инфрақұрылымын жасау;
- 6) ішкі нарықтағы өнім қауіпсіздігі мен сапасын арттыруға бағытталған техникалық реттеу жүйесін жетілдіру және нысаналы экспорттық нарықтардағы техникалық кедергілерді еңсеру;
- 7) кәдеге жаратудың кешенді жүйесін құруды ынталандыру;
- 8) қаржы ресурстарының қолжетімділігін арттыру;
- 9) инфрақұрылымдық тарифтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасау;

- 10) автомобиль өнеркәсібі секторын білікті кадрлармен қамтамасыз ету;
 11) саладағы технологиялар трансферті мен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер (бұдан әрі - ҒЗТКӨ) қолдау.
 Қызметтің басым түрлері
 Бағдарлама шеңберінде қызметтің басым түрлері айқындалды (35-кесте).

35-кесте. Қызметтің басым түрлері

ЭҚЖЖ	Қызмет атауы
2910	Автокөлік құралдарын шығару
2920	Автокөлік құралдарына арналған шанақтар, трейлерлер мен жартылай тіркемелер шығару
2931	Автокөлік құралдары үшін электр және электронды жабдықтар шығару
2932	Автокөлік құралдары мен олардың қозғалтқыштары үшін өзге де бөлшектер мен керек-жарақтарды шығару
3099	басқа топтамаларға қосылмаған өзге де көлік құралдары мен жабдықтарды шығару

Басым тауарлар топтары

Дамудағы тауарлар топтарының басым бағыты автокөлік құралдарын, олардың бөлшектерін, керек-жарақтары мен қозғалтқыштарын шығару болып табылады (36-кесте).

Белгілі бір әлеуеті бар отандық компаниялардың қатысуымен автокөлік құралдарының бөлшектері мен керек-жарақтарының өндірісі саласындағы басым жобалар аккумулятор батареяларының, электр-техника бұйымдарының, шыны, резеңке-техникалық бұйымдардың, консистентті жағармайдың, мотор майының, сүзгілердің, тежегіш қалыптарының, отырғышты қаптауға арналған тоқыма бұйымдарының, сондай-ақ экстерьер мен интерьердің басқа да элементтерінің өндірісі болып табылады.

Дамудың келесі басым бағыты сектор кәсіпорындарына сервистік, инжинирингтік қызмет көрсету болып табылады.

36-кесте. Басым тауарлар топтары

ЭҚТӨЖ-6	Тауар тобының атауы	Ішкі нарықтың импортты, мың АҚШ долл.	Макроөңір елдері нарықтарының импорт сыйымдылығы*, мың АҚШ долл.
293210	8703 тауар позициясының моторлы көлік құралдарына арналған шанақтар	104 853	3 800 300
293220	Шанақтардың өзге де бөлшектері мен керек-жарақтары (кабиналарды қоса алғанда)	17 494	6 889 033
291030	8701-8705 тауар позициялары автомобильдерінің өзге де бөлшектері мен керек-жарақтары	77 399	4 623 022
293241	Көлік құралының толық массасы 20 тоннадан көп, сығымнан (дизельмен немесе жартылай дизельмен) тұтанатын поршеньді іштен жану қозғалтқыштары бар жүктерді тасуға арналған өзге моторлы көлік құралдары	280 869	3 394 797
293230	Аспалы амортизаторлар	45 941	2 131 760
292010	Қондырмалар (қораптар, борттар, күймелер)	21214	438 232
292023	Сұйықтықты тасымалдауға арналған цистерналар	15 491	163 078
291041	Толық массасы 5 тоннадан аз жүк автомобильдері	63 680	1 926 059
291041	Толық массасы 5 тоннадан жоғары 20 тоннаға дейінгі жүк автомобильдері	65 297	1 154 475
291030	Автобустар	78 878	835 069
291030	Тежегіштер мен сервокүшейткіші бар тежегіштер, олардың бөлшектері	27 878	2 147 263
293230	Жүріс дөңгелектері, олардың бөлшектері мен керек-жарақтары	37 143	1 772 328
293230	Трансмиссияның басқа элементтерімен бірге немесе бөлек дифференциалы бар жетекші белдіктер	18 977	1 584 348
292023	Жүк тасымалдауға арналған өзге де тіркемелер мен жартылай тіркемелер	80 779	1 291 690
293230	Руль дөңгелектері, руль бағанасы және руль механизмдерінің қартерлері	8502	2 338 362
293230	Ілінісу жинағы және оның бөлшектері	10 456	680 500
293230	Дыбыс бәсеңдеткіштер және газ шығаратын түтіктер	8 869	689 287
293230	Бамперлер және олардың бөлшектері	7 644	647 948

293230	Радиаторлар	20 586	592 061
293122	Стартерлер және стартер-генераторлар	11 256	307 904
293121	Оталу білтелері	8 780	257 774
293210	Моторлы көлік құралдарында пайдаланылатын үлгідегі отыруға арналған жиһаз	1 579	393 392
293220	Үрлеу жүйесі бар қауіпсіздіктің пневможастықтары, олардың бөлшектері	3 620	719 656
293121	Бөлгіштер оталу катушкалары	3 106	218 194
293220	Қауіпсіздік белдіктері	754	190 373
293130	Электр жарық беру жабдығы немесе сигнал беру бөлшектері	756	449 540

36-кестеге:

ескертпе:* макроөңір елдері: Армения, Әзербайжан, Беларусь, Қытай, Грузия, Иран, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан, Украина, Өзбекстан.

Басым жобалар

2015 - 2019 жылдар аралығындағы кезеңде Шығыс Қазақстан, Қостанай және Алматы облыстарында 2019 жылға қарай оқшауландырудың 50% деңгейіне қол жеткізу үшін жобалық қуатын 190 мың автомобильге шығара отырып, ірі сериялы өндірісті ұйымдастыруға және жиынтықтауыштар шығаруға бағытталған бірқатар жобаларды іске асыру жоспарланады.

Электр жабдығы

International Energy Agency деректері бойынша электр машиналары мен жабдығына сұраныстың өсуі болжануда, бұл әлемде электр энергиясын тұтынудың өсуіне негізделеді, бұл ретте 2030 жылға дейінгі кезеңде өсудің 80%-дан астамы дамушы экономикалар тарапынан қамтамасыз етілетін болады. Сектордың дамуында әлемдік жиынтық инвестициялар 2030 жылға дейінгі кезеңде 13,7 трлн. АҚШ долларын құрайды.

Сектор өндірісі өнімінің ішкі нарығы 3,5 млрд. АҚШ долларын құрайды, оның ішінде 2,9 млрд. АҚШ доллары импортқа тиесілі. Басым тауарлар топтары бойынша ішкі нарықтың және макроөңір нарықтарының импортты қажет етуі тиісінше 1 және 38 млрд. АҚШ долл. құрайды.

Жалпы қосылған құн 2008 жылдан бастап 2,3 есе өсіп, 2012 жылы 47,4 млрд. теңгені құрады. Секторда жұмыспен қамтылған адамдардың саны да оң серпінге ие: 2008 жылдан бастап секторда жұмыспен қамтылған адамдар санының өсуі 1,5 мың адамды құрады, электр жабдығы өндірісінде жұмыспен қамтылған адамдардың жалпы саны 2012 жылы 9,2 мың адамды құрады.

Сектордағы еңбек өнімділігі 2012 жылдың қорытындылары бойынша 34,6 мың АҚШ долларын құрады, бұл ЭБДҰ елдеріндегі ұқсас сектор көрсеткіштерінен үш есе төмен.

Экспорт 2009 жылдан бастап тұрақты өсіп, 2012 жылы 131,3 млн. АҚШ долларын құрады.

37-кесте. 2008 - 2013 жылдардағы электр жабдығы бойынша деректер

Көрсеткіштер	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Машина жасау, млн. теңге	301386	281310	376 184	536 876	687 235	853 923
НКИ, алдыңғы жылға %	89,7	82,5	133,6	119,0	116,5	114,6
Электр жабдығы, млн. теңге	49 040,05	43 949, 83	57 742, 48	72 869, 69	80 603, 58	88 113, 40
Электр жабдығы өндірісі, алдыңғы жылға %-бен	109,6	102,2	121,1	98,0	106,8	109,3
Өңдеуші өнеркәсіптегі электр жабдығының үлесі	1,5%	1,5%	1,5%	1,5%	1,5%	1,5%
Машина жасау көлеміндегі электр жабдығының үлесі	16%	16%	15%	14%	12%	10%
ЖҚК, млн. теңге	20 355,7	19 342,8	44 104,5	43 260,8	47 437,3	40 259, 90
Жалдамалы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	9 425	7 402	8 073	8 870	9 207	9 561
Еңбек өнімділігі млн. теңге	2,6	2,6	5,4	4,9	5,2	-
Еңбек өнімділігі, мың АҚШ доллары	22,0	17,7	36,9	33,2	34,6	-
ЭБДҰ елдері бойынша еңбек өнімділігі, мың АҚШ доллары	94,3	88,7	96,7	100,8	99,0	-
Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың саны	59	52	48	64	65	-
Есепті жылы орташа жылдық қуатты пайдалану, %	47,9	36,2	59,7	64,8	74,6	-
Жабдықтың тозу деңгейі, %	25,6	28,6	37,1	40,5	34,2	-
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	3 860,6	2 185,3	7 068,1	5 224,3	5 156,2	7 164,2

Негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті, %	24,8	20,0	13,2	12,3	19,4	-
Жыл соңында бастапқы құны бойынша негізгі құралдардың болуы, млн. теңге	14 939,2	19 429,0	29 981,1	28 315,6	34 391,1	-
Экспорт, млн. АҚШ доллары	123,1	65,0	69,0	117,6	124,8	136,3
Импорт, млн. АҚШ доллары	2 585,9	2 221,5	2 445,0	2 655,1	2 857,0	2 683,7

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, TradeMap.

37-кестеге:

ескертпе: *көрсеткіш «ҚИДИ» АҚ статистикалық деректер негізінде есептелген.

Әлемде электр жабдығы өндірісінің секторында Global 2000-ға кіретін мынадай компаниялар жұмыс істейді: FujiElectric (Жапония), Vestas Wind Systems (Дания), WEG (Бразилия), Prysmian (Италия), LS Corp (Оңтүстік Корея), Furukawa Electric (Жапония), Dongfang Electric (Қытай), Ametek (АҚШ), Nidec (Жапония), LeGrand (Франция), WW Grainger (АҚШ).

Электр жабдығын шығаратын кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға электр жабдығы өнімінің экспорттық нарықтарына қолжетімділік, технологиялық және инновациялық әлеует, өнім берушілердің экожүйесі және дамыған адами ресурстар сияқты бірқатар түйінді факторлар әсер етеді.

Сектордың түйінді проблемалары:

1) ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда электр жабдығы секторындағы төмен еңбек өнімділігі;

2) техникалық реттеу жүйесінің дамымауы;

3) тиісті біліктілігі бар кадрлардың жетіспеуі;

4) әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті меншікті әзірлемелердің жеткіліксіздігі және технологиялар импортына тәуелділік;

5) техникалық реттеудің жеткілікті дамымауы;

6) қолжетімді қаржыландырудың жеткіліксіздігі;

7) Қытай, Ресей және Беларусь өндірушілері тарапынан бәсекелестіктің күшеюі.

Мақсаты: сектор кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ішкі және сыртқы нарықтарда сұранысқа ие өнім өндірісінің көлемін ұлғайту.

Нысаналы индикаторлар:

Бағдарламаны іске асыру 2012 жылғы деңгейге қатысты 2019 жылы экономикалық көрсеткіштердің (38-кесте):

1) жалпы қосылған құнның нақты мәнде кемінде 2,1 есе;

2) жұмыспен қамтудың 2 мың адамға;

3) еңбек өнімділігінің нақты мәнде 1,7 есе;

4) шикізаттық емес (өңделген) экспорттың құндық көлемінің кемінде 1,9 есе өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

38-кесте. Нысаналы индикаторлар

р/с №	Нысаналы көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2012 ж. есеп	2013 ж. меже	2012 жылға қатысты болжам						2012 ж. қатысты 2019 ж. %-бен
					2014	2015	2016	2017	2018	2019	
1	Жалпы қосылған құн	%	100	96,1	119,1	136,1	163,6	196,3	201,6	200,7	2,1 есе
2	Жұмыспен қамтылғандар саны	мың адам	9,2	9,6	9,9	10,1	11,2	11,7	11,5	11,2	2 мың адамға
3	ЖҚҚ бойынша еңбек өнімділігі	%	100	92,5	111,2	124,1	134,0	153,8	161,3	164,7	1,7 есе
4	Шикізаттық емес (өңделген) экспорт көлемінің құндық көлемі	%	100	109,2	119,3	130,4	142,4	155,6	170,0	185,7	1,9 есе

Міндеттер:

1) еңбек өнімділігін арттыру;

2) шикізат емес тауарларды өткізу үшін нарықтарды кеңейту;

3) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың қуатын жаңғырту;

4) ішкі нарықта өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын арттыруға бағытталған техникалық реттеу жүйесін жетілдіру және нысаналы экспорттық нарықтардағы техникалық кедергілерді еңсеру;

5) қаржы ресурстарының қолжетімділігін арттыру;

6) жаңа өндірістердің пайда болуы үшін жағдайлар жасау;

7) технологиялар трансферт және ҒЗТКӨ қолдау;

8) секторды жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету.

Қызметтің басым түрлері

Бағдарлама шеңберінде қызметтің басым түрлері айқындалды (39-кесте).

39-кесте. Қызметтің басым түрлері

ЭҚЖЖ	Қызмет атауы
2521	Радиаторлар және орталық жылыту қазандықтарының өндірісі
2529	Өзге металл цистерналар, резервуарлар және контейнерлер өндірісі
2530	Орталық жылыту қазандықтарынан басқа бу қазандықтары өндірісі
2711	Электр моторлары, генераторлар және трансформаторлар өндірісі
2712	Электр таратқыш және реттегіш аппаратура өндірісі
2720	Батареялар мен аккумуляторлар өндірісі
2731	Талшықты-оптикалық кәбіл өндірісі
2732	Электр сымы мен кәбілдің басқа түрлері өндірісі
2733	Электр аспаптарының өндірісі
2740	Электр жарық беру жабдығының өндірісі
2790	басқа да электр жабдығы өндірісі
2811	Авиациялық, автомобильдік және мотоциклдік қозғалтқыштардан басқа, қозғалтқыштар мен турбиналар өндірісі
2825	Өнеркәсіптік тоңазытқыш және желдеткіш жабдығы өндірісі

Басым тауарлар топтары

Секторды дамытудың басым бағыттарына ішкі әлеуеті де, экспорттық әлеуеті де жоғары машиналар мен жабдықтардың, олардың өндірісіне арналған жиынтықтауыштар мен құрауыштардың өндірісі (40-кесте), сондай-ақ базалық өндірістерді ұйымдастыру (қю, соғу, металл өңдеу және т.б.) жатады. Машиналар мен жабдыққа сервистік және техникалық қызмет көрсету жөніндегі өндірістерді ұйымдастыру да секторды дамытудың басымдығы болып табылады.

40-кесте. Басым тауарлар топтары

ЭҚТӨЖ-6	Тауар тобының атауы	Ішкі нарықтың импорт сыйымдылығы, мың АҚШ	Макроөңірлер нарығының импорт сыйымдылығы*, мың АҚШ доллары
271150	статикалық түрлендіргіштер	102 868	7 893 433
271231	пульта, панельдер, консольдер, үстелдер, таратушы қалқандары және кернеуі 1000В аспайтын электр аппаратурасына арналған негіздер	165 345	5 840 562
273313	электр тізбектерін коммутациялауға немесе қорғауға арналған немесе электр тізбектеріне қосуға арналған немесе кернеуі 1000В аспайтын электр тізбектеріндегі өзге электр құрылғылары	34 283	8 611 164
273213	80В кернеуге арналған өзге электр өткізгіштер	186 969	2 975 706
282514	газды сүзуге немесе тазартуға арналған өзге жабдық	84 793	1 752 718
282512	бірыңғай корпусқа ауаны баптауға арналған терезеге немесе қабырғаға ілінетін үлгідегі қондырғылар немесе «сплит-жүйелер»	81 849	1 099 735
281142	тек қана немесе негізінен 8407 немесе 8408 тауар позициясы қозғалтқыштарына арналған өзге де бөлшектер	51405	1 463 087
273311	1000В аспайтын кернеуге арналған өзге ажыратып қосқыштар	15 973	2 026 312
282513	басқа да тоңазытқыш және мұздатқыш жабдықтары, жылу сорғылары	23 566	1 161 948
271141	қуаты 10000кВ аспайтын сұйық диэлектригі бар трансформаторлар	112 547	892 735
273313	1000В аспайтын кернеуге арналған шамдардың патрондары, ашалар мен розеткалар	12 405	2 018 679
271132	Ұшқынмен тұтанатын поршеньді іштен жану қозғалтқышы бар электр генераторлық қондырғылар	23 163	515 226
271125	қуаты 75кВт артық, көп фазалы ауыспалы токтың өзге де қозғалтқыштары	61981	927 476
271124	қуаты 750Вт асатын, бірақ 75кВт аспайтын ауыспалы токтың басқа да қозғалтқыштары	28 900	833 747
271131	сығылудан тұтанатын іштен жану қозғалтқышы бар электр генераторлық қондырғылар	12 556	164 159
271141	қуаты 650 кВА асатын, бірақ 10000 кВА аспайтын сұйық диэлектригі бар трансформаторлар	10515	175 233

271142	қуаты 1 кВА аспайтын өзге де трансформаторлар	21 126	889 823
271143	қуаты 16 кВА асатын, бірақ 500 кВА аспайтын өзге де трансформаторлар	22 610	107 202
282960	Температураның өзгеруін пайдаланатын процестермен материалдарды өңдеу үшін электрлі немесе электрлік емес қызуы бар өзге де машиналар, агрегаттар және өнеркәсіптік немесе зертханалық жабдықтар	36 099	2 236 126
271210	72,5В аспайтын кернеуге арналған автоматты ажыратқыштар	16 539	186 467
271210	Өзге автоматты ажыратқыштар	17 698	146 683
271210	1000В асатын кернеуге арналған айырғыштар және үзгіштер	21 527	129 494
271222	1000В аспайтын кернеуге арналған сөндіргіштер	21 194	522 980
271223	1000В аспайтын кернеуге арналған электр тізбектерін қорғау үшін өзге де құрылғылар	10 802	1 259 729
271224	Өзге де релелер	11 335	407 805
271232	1000 В астам кернеуге арналған электр аппаратурасы үшін пульттер, панельдер, консольдер, ажыратқыш қалқандар мен негіздер	61 801	1 180 772

Басым жобалар

Бесжылдық кезеңде Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында трансформаторлар, Астана, Алматы қалаларында және Ақмола, Алматы, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облысы мен басқа да облыстарда кәбіл өнімдерін, бақылау-өлшеу аппаратурасын, басқару элементтерін және басқа да өнімдерді өндіруге бағытталған бірқатар жобаларды іске асыру жоспарланып отыр.

Ауыл шаруашылығы техникасының өндірісі

Президент өзінің «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына **Жолдағында** ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеуді өсіру және әлемдік тәжірибені пайдалана отырып, жаңа жабдықтарды, жаңа технологияларды мен жаңа тәсілдерді ауыл шаруашылығына енгізу есебінен аграрлық-индустриялық әртараптандыруды құру міндетін қойды.

Қазақстанда ауыл шаруашылығы техникасының машина жасау өніміне қазіргі сұраныс негізінен (80%-ға) импорт есебінен қанағаттандырылады. Макроөңір елдерінің импорт сыйымдылығы 6 млрд. АҚШ долл. құрайды. Қазақстанда ауыл шаруашылығы техникасы тозуының айтарлықтай дәрежесімен сипатталатын ауыл шаруашылығы техникасына жасырын сұраныс жоғары (80%-ға дейін) бар. Агроөнеркәсіптік кешенге (бұдан әрі - АӨК) жаңа технологияларды енгізу ауыл шаруашылығы машиналарының жаңа түрлерін дамытуға алып келеді. Агротехникаға арналған сұранысты мемлекеттік қолдау және сатып алушыларды жеңілдікті қаржыландыру іске асырылуда.

2008 - 2012 жылдар аралығындағы кезеңде сектордың ЖКҚ көлемі абсолюттік мәнде 5,3-тен 16,8 млрд. теңгеге дейін өсті (номиналды өсу - 3,1 есе).

Секторда жұмыспен қамтылған адамдар санының 2709-дан 1850 адамға дейін 32%-ға қысқаруы салдарынан сектордағы еңбек өнімділігі 2008 - 2012 жылдар кезеңінде 16,3-тен 60,8 мың АҚШ доллары/адамға дейін 4,6 есе өскен. Өнім экспорты 2008 жылмен салыстырғанда 1,3 есе өсіп, 14,3 млн. АҚШ долларын құрады (2,1 млрд. теңге) (41-кесте).

41-кесте. Сектор бойынша 2008 - 2013 жылдардағы деректер

Көрсеткіштер	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Машина жасау, млн. теңге	301 386	281310	376 184	536 876	687 235	853 923
НКИ, алдыңғы жылға %	89,7	82,5	133,6	119,0	116,5	114,6
Ауыл шаруашылығы техникасы, млн. теңге	10 357	8 320	8317	12 243	21536	19 509
Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы техникасының өндірісі, алдыңғы жылға %-бен	179,5	166,7	96,2	181,2	134,2	85,7
Өңдеуші өнеркәсіптегі ауыл шаруашылығы техникасын өндірудің үлесі, %	0,3	0,3	0,2	0,3	0,4	0,3
Машина жасаудағы ауыл шаруашылығы техникасын шығарудың үлесі, %	3,4	3,0	2,2	2,3	3,1	2,3
ЖКҚ, млн. теңге	5 326,0	5 014,1	9 216,2	11255,7	16 768,3	10 303,8
Жалдамалы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	2709	1709	1546	1938	1850	1902
Еңбек өнімділігі*	1 966,0	2 933,9	5 961,3	5 807,9	9 063,9	-
	16,3	19,9	40,5	39,6	60,8	-
ЭБДҰ елдері бойынша өнімділік, АҚШ доллары	77,3	69,8	75,0	80,7	79,3	-
Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың саны	Н.д	Н.д.	28	32	30	-
Қуаттардың жүктелу деңгейі, %						

Ауыл және орман шаруашылығына арналған өзге тракторлар, дана	17,4	14,0	29,8	43,3	46,6	-
Соқа, дана	0,5	1,0				-
Өзге топтарға енгізілмеген жинау машиналары мен астық бастырғыштарының бөліктері, мың теңге	-	6,8	12,7	2,2	-	-
Топырақ өңдеу машиналарының бөлшектері, мың теңге	-	67,3	66,4	35,0	46,4	-
Өзге ауыл шаруашылығы машиналарының бөлшектері, мың теңге	38,2	3,6	4,5	18,1		-
Жабдықтың тозу дәрежесі, %	16,8	19,1	20,3	25,9	28,3	-
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	518	547	264	1 846	1 935	2 348
Негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті, %	20,7	4,5	19,5	9,6	11,4	-
Жыл соңында бастапқы құн бойынша негізгі құралдардың болуы, млн. теңге	13667,5	11823,5	14873,0	15784,9	16900,0	
Экспорт, млн. долл.	10,7	4,7	5,6	6,6	14,3	13,8
Импорт, млн. долл.	812,9	482,1	308,4	302,1	523,0	514,7

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, TradeMap
41-кестеге:

ескертпе: *еңбек өнімділігі секторда жұмыспен қамтылғандар санына сектор ЖКҚ-ға бөлумен шыққан мән ретінде есептелген Ауыл шаруашылығы техникасының өндірісін дамытудың жоғары деңгейі еліміздің солтүстік өңірлерінде (Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Павлодар облыстары) байқалады.

Ауыл шаруашылығы техникасының әлемдік нарығының көлемі 2012 жылы 72 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде тракторлар нарығының үлесі - 36%, комбайндар - 21%, аспалы жабдық - 22%, бөлшектер мен өзге де техника 21% құрады. John Deere, CNH, Agco компаниялары әлемдік нарық көшбасшылары болып табылады. Осы компаниялардан басқа әлемдік нарықтағы маңызды ойыншылар KUBOTA және YANMAR (Жапония), CLAAS (Германия), Same Deutz Fahr (Италия) және Kverneland (Норвегия) болып табылады.

Тұтастай алғанда, ауыл шаруашылығы техникасы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне технологиялық және инновациялық әлеует, қаржы ресурстарының қолжетімділігі, адами ресурстар сияқты бірқатар түйінді факторлар әсер етеді.

Сектордың түйінді проблемалары:

- 1) аграрлық сектордың сатып алу қабілетінің төмендігі;
- 2) жиынтықтауыштардың, оның ішінде жұмыс органдарының және ауыл шаруашылығы машиналарының тірек рамаларын дайындау үшін қажетті болаттың арнайы сорттарының шығарылмауы;
- 3) отандық ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін субсидиялау тетігінің жеткіліксіз дамуы;
- 4) отандық агротехниканы сатудың қаржы құралдарының дамуы (агротехниканы қазақстандық өндірушілер шетелдік аса ірі бәсекелестермен салыстырғанда сатып алушылар үшін кредиттер мен меншікті лизингтік бағдарламалар ұсынуға қабілетсіз);
- 5) қаржы ресурстарының төмен қолжетімділігі;
- 6) өндірістердің технологиялық жағынан кенже қалуы;
- 7) тиісті біліктілігі бар жұмысшылар мен инженер кадрлардың жетіспеуі;
- 8) техникалық реттеу жүйесінің жеткіліксіз дамуы.

Мақсаты: бәсекеге қабілетті, ішкі және сыртқы нарықтарда сұранысқа ие шығарылатын өнімдер номенклатурасы мен көлемдерін кеңейту; жаһандық құн жасау тізбектеріне кірістіру.

Нысаналы индикаторлар:

Бағдарламаны іске асыру 2012 жылдың деңгейіне қатысты 2019 жылы экономикалық көрсеткіштердің (42-кесте):

- 1) ауыл шаруашылығы техникасын өндірудің жалпы қосылған құнының кемінде 1,4 есе;
- 2) жұмыспен қамтылғандар санының сақталуына;
- 3) ауыл шаруашылығы техникасын өндіруде еңбек өнімділігінің 1,3 есе;
- 4) ауыл шаруашылығы техникасын өндірудің экспорттық құндық көлемінің кемінде 1,4 есе өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

42-кесте. Нысаналы индикаторлар

р/с №	Нысаналы көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2012 ж. есеп	2013 ж. меже	2012 жылға қатысты болжам						2012 ж. қатысты 2019 ж., есе
					2014	2015	2016	2017	2018	2019	
1	Жалпы қосылған құн	%	100	98,2	125,9	142,4	142,9	143,4	143,5	143,7	1,4 есе
2	Жұмыспен қамтылғандар	мың адам	1,9	1,9	2,0	2,2	2,1	2,1	2,1	2,1	санның сақталуы

	саны										
3	ЖҚҚ бойынша еңбек өнімділігі	%	100	121,6	119,7	128,0	129,3	130,6	130,7	130,8	1,3 есе
4	Шикізаттық емес (өңделген) экспорт көлемінің құндық көлемі	%	100	113,7	116,1	116,9	117,8	117,8	117,8	138,4	1,4 есе

Міндеттер:

- 1) ішкі сұранысты ынталандыру;
- 2) ауыл шаруашылығы техникасын сатып алған кезде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді субсидиялау тетіктерін жетілдіру;
- 3) ауыл шаруашылығы техникасын меншікті өндіріс көлемін жеткізілімдердің жалпы көлемінің 30 %-ына дейін жеткізу;
- 4) экспорттық кредит беру құралдарын жетілдіру;
- 5) өнімділігі жоғары бәсекеге қабілетті өндірістердің дамуын ынталандыру;
- 6) Қазақстанда кезең-кезеңмен оқшауландыра отырып, ауыл шаруашылығы техникасының бірлескен өндірістерін құру үшін шетелдік инвесторларды тарту;
- 7) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың қуатын жаңғырту;
- 8) өнімділікті арттыру;
- 9) ішкі нарықтағы өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын арттыруға бағытталған техникалық реттеу жүйесін жетілдіру және нысаналы экспорттық нарықтардағы техникалық кедергілерді еңсеру;
- 10) секторды біліктілігі жоғары кадрлармен қамтамасыз ету.

Қызметтің басым түрлері

Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы техникасының өндірісі ауыл шаруашылығы машинасын жасау қызметінің басым түрі болып табылады (ЭҚЖЖ 2830).

Басым тауарлар топтары

«Агробизнес 2020» **бағдарламасы** шеңберінде ішкі сұранысты ынталандыру көзделген машиналар мен жабдықтардың өндірісі тауарлар топтарын дамытудың басым бағыты болып табылады (43-кесте).

Дамудың келесі басымдығы құрастыру өндірістері үшін жиынтықтауыштар мен агрегаттар: мойынтіректер, доңғалақ күпшектері, культиваторлық шамдар, ағаштістер, транспортерлік таспалар, сепкіштердің тұқым себетін аппараттары, шөп шабу машиналары мен орақтың кесетін аппараттарының сегменттері, редукторлар мен гидравликалар өндірісі, сондай-ақ базалық өндірістерді (қю, соғу, металл өңдеу және т.б.) ұйымдастыру болып табылады.

Секторды дамыту басымдықтарына ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарына сервистік және техникалық қызмет көрсету өндірістерін құру да жатады.

43-кесте. ЭҚТӨЖ кодтары бойынша басым тауарлар топтары⁴

ЭҚТӨЖ - б	Тауар топтарының атауы	Ішкі нарықтың импорт сыйымдылығы, мың АҚШ доллары	Макроөңір нарықтарының импорт сыйымдылығы, мың АҚШ доллары
283010	Ауыл шаруашылығына және орман шаруашылығына арналған қашықтықтан басқарылатын тракторлар	5 452	28 344
283020	Ауыл шаруашылығына және орман шаруашылығына арналған өзге де тракторлар	105 491	1 187 827
283031	Соқалар	3716	76 125
283032	Тырмалар, қопсытқыштар, культиваторлар, отауыштар мен кетпендер	15 671	319 471
283033	Сепкіштер, отырғызғыштар мен көшет отырғызу машиналары	51 927	389 490
283034	Көң шашқыштар және минералды тыңайтқыштарды шашуға арналған құрылғылар	3010	29 349
283039	Өзге де топырақ өңдеу машиналары	1600	31420
283040	Шалғылар, көгалдарға, саябақтарға немесе спорттық алаңдарға арналған шалғылар	3 673	71 889
283051	Тракторға монтаждalған шалғыларды қоса алғанда, басқа топтамаларға енгізілмеген шалғылар	7 659	127 314
283052	Шөп жинайтын машиналар	973	29 332
283053	Сығымдауыш-іріктеуішті қоса алғанда, сабан немесе шөпке арналған сығымдауыштар	12 461	109 120
283054	Түйнек жемістілер мен тамырлы жемістілерді жинайтын машиналар	4 478	138 451
283059	басқа топтамаларға енгізілмеген, жинау машиналары мен бастырғыштар	157 158	983 289
283060	Ауыл шаруашылығында немесе бау-бақша шаруашылығында	25 086	257 403

	қолданылатын сұйықтықтарды немесе ұнтақтарды шашуға немесе бүркуге арналған механикалық құрылғылар		
283070	Ауыл шаруашылығында қолданылатын өздігінен тиелетін немесе түсіретін тіркемелер мен жартылай тіркемелер	11429	43 030
283081	Тұқымдарды, астықты немесе құрғақ бұршақты дақылдарын қоспағанда, жұмыртқаларды, жемістерді немесе өзге де өнімдерді тазалауға, сұрыптауға немесе іріктеуге арналған машиналар	2 694	78 262
283082	Сауу машиналары	3 119	107 369
283083	Жануарлар үшін жем дайындауға арналған машиналар	7 895	133 410
283084	Құс шаруашылығына арналған инкубаторлар мен брудерлер	3 709	63 802
283085	Құс шаруашылығына арналған машиналар	17 103	405 598
283086	Ауыл шаруашылығына және орман шаруашылығына (бау-бақша шаруашылығы, құс шаруашылығы, омарта шаруашылығы, жібек шаруашылығы) арналған өзге де машиналар	4 001	582 977
283091	басқа топтамаларға енгізілмеген, жинау машиналары мен бастырғыштардың бөлшектері	14 914	472 098
283092	Топырақ өңдеу машиналарының бөлшектері	44 573	283 649
283093	Өзге де ауыл шаруашылығы машиналарының бөлшектері	1 240	45 213
283094	Басқа топтамаларға енгізілмеген, сауу аппараттары мен сүт шаруашылығына арналған жабдықтардың бөлшектері	192	33 639
	Жиыны	509 224	6 027 871

⁴Trademark экспорт және импорт бойынша статистикалық база

Басым жобалар

Ақмола, Алматы, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Астана мен Алматы қалаларында өнімділігі жоғары тракторларды, комбайндарды, аспалы жабдықтарды өндіру жөніндегі жобаларды іске асыру, сондай-ақ сервистік қызмет көрсету орталықтарын құру көзделуде.

Теміржол техникасының өндірісі

Қазақстан ірі вагон және локомотив парктері бар он елдің қатарына кіреді және оның теміржол техникасының бәсекеге қабілетті өндірісін дамытуда едәуір перспективасы бар. Теміржол техникасының басым түрде КО және ТМД елдерінің аумағына экспортының әлеуеті аталған сектордың ерекше белгісі болып табылады. Сектор өніміндегі макроөңір елдерінің импорт сыйымдылығы 12,5 млрд. АҚШ долларын құрайды.

Қазақстандағы жылжымалы құрам паркінде локомотивтердің 1,9 мың бірлігі, жолаушылар вагондарының 2 мыңнан артық бірлігі және жүк вагондарының 127 мыңнан астам бірлігі бар.

Қазақстандағы локомотивтердің жалпы паркі 2012 жылы 1866 локомотив болды, оның ішінде 552 электровоз, 1314 тепловоз бен ерекше жүйе локомотивтері бар.

Жолаушылар вагондарының жалпы паркі 2012 жылы 2302 бірлікті, автотрисалар 355 бірлікті, жүк вагондары 55 бірлікті құрады.

2012 жылы Қазақстан Республикасы жүк вагондарының жалпы паркі 127 695 бірлікті құрады, оның 66 503 бірлігі (52%) мүкәммалдық және 61 192 бірлігі (48%) меншікті болып табылады.

2008 - 2012 жылдар аралығындағы кезеңде сектордың абсолюттік мәндегі ЖҚК көлемі 2,5-тен 31,9 млрд теңгеге дейін өсті. «Қазақстан темір жолы» АҚ-ның (бұдан әрі - ҚТЖ) деректері бойынша 2012 жылы сектор ЖҚК құю және металл өңдеу өндірістерін ескере отырып, 64 млрд. теңгені құрады.

Секторда еңбек өнімділігі 2012 жылы 70,3 мың АҚШ доллары/адамға дейін жетті. Секторда жұмыспен қамтылған адамдар саны 159 адамнан 3 654 адамға дейін 23 есе өсті.

2012 жылы теміржол өнімінің экспорты 2008 жылмен салыстырғанда 2 есе өсіп, 68,4 млн. АҚШ долларын (10,4 млрд. теңге) құрады.

44-кесте. 2008 - 2013 жылдардағы сектор бойынша деректер

Көрсеткіштер	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Машина жасау, млн. теңге	301 386	281310	376 184	536 876	687 235	853 923
НКИ, өткен жылға %-бен	89,7	82,5	133,6	119,0	116,5	114,6
Теміржол техникасы, млн. теңге	5 193	7 543	22 394	60 823	95 422	138 326
Теміржол локомотивтері мен жылжымалы құрам өндірісі, өткен жылға %-бен	176,2	119,6	797,9	146,8	142,3	111,5
Өндеуші өнеркәсіптегі теміржол техникасы өндірісінің үлесі, %	0,2	0,3	0,6	1,3	1,8	2,4
Машина жасаудағы теміржол техникасы өндірісінің үлесі, %	1,7	2,7	6,0	11,3	13,9	16,2
ЖҚК, млн. теңге*	2 454,7	3 077,2	8 785,9	20 427,0	31 899,6	17 112,7
Жалдамалы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	159	145	623	2158	3043	3 654
Еңбек өнімділігі	15 438,4	21 222,1	14 102,6	9 465,7	10 482,9	-

	128,3	143,9	95,7	64,6	70,3	-	-
ЭБДҮ елдері бойынша орташа өнімділік, АҚШ доллары	92,8	89,6	90,5	100,6	96,8		
Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар саны	-	-	9	11	17		-
Қуат жүктемесінің дәрежесі, %							
Жабдықтың тозу дәрежесі, %	20,4	31,4	3,1	13,0	19,2		-
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	4 382	132	2 984	8 589	9 008		4 384
Негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті %	3,2	5,5	67,5	27,2	29,2		-
Жыл соңында негізгі құралдардың бастапқы құны бойынша болуы, млн. теңге	346,0	201,7	15939,3	27752,8	37986,4		-
Экспорт, млн. АҚШ доллары	38,7	6,6	73,8	48,4	76,3		69,3
Импорт, млн. АҚШ доллары	812,8	525,3	855,7	1448,0	2355,4		1193,7

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, TradeMap

Теміржол машинасын жасаудың әлемдік нарығындағы ең ірі ойыншыларға Bombardier (Канада), Alstom (Франция), Siemens (Германия), General Electric (АҚШ), General Motors (АҚШ) компаниялары жатады. Осы 5 компания өндірісінің шығарылымы әлемдік нарық үлесінің 60 %-ын құрайды.

Теміржол техникасы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне өнімнің экспорттық нарықтарына қолжетімділік, технологиялық және инновациялық әлеует, өнім берушілердің экожүйесі және адами ресурстардың қолжетімділігі мен сапасы сияқты бірқатар түйінді факторлар әсер етеді.

Сектордың түйінді проблемалары:

1) техникалық реттеудің жеткілікті дамымаған жүйесі (КО шеңберінде теміржол өнімдерінің сәйкестігін бағалауды растау жөніндегі органның болмауы);

2) нысаналы экспорттық нарықтардағы техникалық кедергілер;

3) КО шеңберінде сертификаттау сынақтарын өткізу үшін сынақ орталықтарының және/немесе зертханалардың болмауы;

4) халықаралық талаптарды ескере отырып, теміржол машинасын жасау стандарттарын үйлестіру қажеттілігі;

5) түйінді жиынтықтауыштарды жеткізушілердің дамымауы;

6) қаржы ресурстарының төмен қолжетімділігі;

7) бірыңғай технологиялық саясатты қамтамасыз ету мақсатында машина жасау кәсіпорындарының конструкторлық-технологиялық бюросының жеткіліксіз үйлестірілуі;

8) әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті меншікті әзірлемелердің болмауы және технологиялар импортына тәуелділік;

9) тиісті біліктілігі бар жұмысшылар мен инженер кадрлардың жетіспеуі.

Мақсаты: теміржол техникасын өткізу үшін жаңа нарықтарды игеру және секторда құрауыштар мен жиынтықтауыштар өндірісінің оқшауландыру деңгейін арттыру.

Нысаналы индикаторлар:

Бағдарламаны іске асыру 2012 жылдың деңгейіне қарағанда 2019 жылы экономикалық көрсеткіштердің (45-кесте):

1) жалпы қосылған құнның нақты мәнде 2,8 есеге;

2) жұмыспен қамтудың 1,5 мың адамға;

3) еңбек өнімділігінің нақты мәнде 1,9 есеге;

4) шикізаттық емес (өңделген) экспорттың құндық көлемінің кемінде 3,5 есеге өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

45-кесте. Нысаналы индикаторлар

р/с №	Нысаналы көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2012 ж. есеп	2013 ж. меже	2012 жылға қатысты болжам						2012 ж. қатысты 2019 ж. %-бен
					2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	
1	Жалпы қосылған құн	%	100	140,1	169,6	214,1	254,4	281,8	283,7	284,0	в 2,8 есе
2	Жұмыспен қамтылғандардың саны	мың адам	3,0	3,7	3,7	4,0	4,4	4,6	4,5	4,5	1,5 мың адам
3	ЖҚҚ бойынша еңбек өнімділігі	%	100	116,7	137,6	161,5	176,6	187,3	189,8	189,8	1,9 есе
4	Шикізаттық емес (өңделген) экспорт көлемінің құндық көлемі	%	100	90,8	116,5	138,2	171,1	233,2	295,3	348,9	3,5 есе

Міндеттер:

1) ішкі нарықтағы өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын арттыруға бағытталған техникалық реттеу жүйесін жетілдіру және нысаналы экспорттық нарықтарда техникалық кедергілерді еңсеру;

2) КО шеңберінде теміржол өнімдерінің сәйкестігін растау жөніндегі органды құру;

3) КО шеңберінде сертификаттау сынақтарын жүргізу үшін сынақ орталықтарын және/немесе зертханалар құру;

4) халықаралық талаптарды ескере отырып, теміржол машинасын жасау стандарттарын үйлестіру;

5) шикізаттық емес тауарларды өткізу үшін нарықтарды кеңейту;

- 6) жылжымалы құрамға арналған жоғары технологиялық бұйымдардың жекелеген түрлерінің жаңа өндірістерін ашу;
- 7) түйінді құрауыштар мен жиынтықтауыштарды жеткізушілерді дамыту;
- 8) қаржы ресурстарына қолжетімділікті арттыру;
- 9) технологиялар трансферті және ҒЗТКӨ қолдау;
- 10) теміржол саласының өнімі өндірісінің бірыңғай технологиялық саясатын қамтамасыз ету мақсатында машина жасау кәсіпорындарының конструкторлық-технологиялық бюроларын үйлестіруді одан әрі дамыту;
- 11) біліктілігі жоғары кадрлармен қамтамасыз ету.

Қызметтің басым түрлері

Теміржол локомотивтері мен жылжымалы құрам, сондай-ақ, теміржол техникасына жиынтықтауыштар өндірісі сектор қызметінің басым түрі болып табылады (ЭҚЖЖ 3020).

Басым тауарлар топтары

Сектордың басым тауарлар топтарына және даму бағыттарына теміржол мұқтаждығы үшін жылжымалы құрам: локомотивтер, жолаушы және жүк вагондары, цистерналар, арбалар және басқа да көлік құралдарын (46-кесте) шығару жатқызылған.

Жылжымалы құрам үшін жиынтықтауыштар мен қосалқы бөлшектерді шығару, теміржол мұқтаждығы үшін жол жабдығы мен өзге де жабдықтар, сондай-ақ базалық өндірістерді ұйымдастыру (қю, соғу, металл өңдеу және басқалары) секторды дамытудың келесі басымдығы болып табылады.

Сервистік және қосалқы өндірістерді ұйымдастыру дамудың басымдықтарына жатқызылған.

46-кесте. ЭҚТӨЖ кодтары бойынша тауардың басым топтары - б⁵

ЭҚТӨЖ	Тауар тобының атауы	Ішкі нарықтың импорт сыйымдылығы, мың АҚШ долл.	Нарықтардың импорт сыйымдылығы, мың АҚШ долл.
302011	Электр энергиясының сыртқы көзінен жұмыс істейтін теміржол локомотивтері	10 892	89 973
302012	Дизельдік локомотивтер	77 188	435 589
302013	Өзге де теміржол локомотивтері және локомотивтердің тендерлері	7 788	71 350
302020	Өздігінен жүретін теміржол вагондары және трамвай вагондары, автомотристер және автодерзиналар (жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған көлік құралдарынан басқа)	6 575	512 690
302031	Теміржол мен трамвай жолдарын жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған көлік құралдары	52 486	207 219
302032	Өздігінен жүрмейтін жолаушылар, жүк және арнайы мақсаттағы теміржол және трамвай вагондары	54 209	170 301
302033	Өздігінен жүрмейтін жүк вагондары	1 642 182	2 292 237
302040	Бекіту бұйымдары мен арматураны; қозғалысты басқаруға арналған механикалық жабдықты қоса алғанда, теміржол, трамвай моторлы вагондар мен жылжымалы құрам локомотивтерінің бөлшектері	497 266	3 055 117
	Жиыны	2 348 586	6 834 476

Басым жобалар

Астана қаласында Алматы, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарында дизельдік қозғалтқыштарды, жылжымалы құрамды және жиынтықтауыштарды шығаруға бағытталған жобаларды іске асыру көзделеді.

⁵TradeMap экспорт және импорт жөніндегі статистикалық база.

Кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтар өндірісі

Ішкі нарық көлемі 2009 жылдан бері үздіксіз өсіп, 2012 жылы 1,3 млрд. АҚШ долларын құрады. Қазақстан қатты пайдалы қазбалардың негізгі түрлерінің қоры және өндіру деңгейі бойынша минералды-шикізат базасы дамыған елдердің алғашқы ондығына кіреді. Қазақстандық кен өндіру компанияларының импорттық жабдықты жөндеу жұмыстарын жүргізуге, кен-металлургиясы кешенінің жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарын жоспарланып отырған жаңғыртудың және жаңа кен орындарын пайдалануға берудің нәтижесінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың жиынтықтауыштары мен қосалқы бөлшектерін шығаруға қажеттілігі өсіп келеді. Сектор өніміндегі макроөңірдің импорт сыйымдылығы 7 млрд. АҚШ долларын құрайды.

2008 - 2012 жылдар аралығындағы жалпы қосылған құн 2,6 есе ұлғайды.

Сектордағы еңбек өнімділігі ЭБДҰ елдерінің орташа көрсеткіштерімен тең және жұмыспен қамтылған бір адамға 2,5 млн. теңгені құрайды.

Секторда жұмыспен қамтылғандардың саны - шамамен 6,8 мың адам.

47-кесте. Сектор бойынша 2008 - 2013 жылдардағы деректер.

Көрсеткіш	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Машина жасау, млн. теңге	301386	281310	376 184	536 876	687 235	853 923
НКИ, өткен жылға %-бен	89,7	82,5	133,6	119,0	116,5	114,6
Кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдық, млн. теңге*	12 981	9 382	14 067	15 224	22 578	23 368
Арнайы мақсаттағы техниканың өзге де түрлерін шығару, өткен жылға %-бен	78,4	124,9	170,4	119,5	79,3	105,4
Өңдеуші өнеркәсіптегі кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтар өндірісінің үлесі	0,4	0,3	0,4	0,3	0,4	0,4
Машина жасауда кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтар өндірісінің үлесі %	4,3	3,3	3,7	2,8	3,3	2,7
ЖҚҚ, млн. теңге***	6 674,4	5 647,9	15 587,6	13 995,4	17 579,5	16 363,2
Жалдамалы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	9 693	8316	8 328	8 820	9 817	9 854
Еңбек өнімділігі*, мың теңге/адам АҚШ доллары	1074	1 147	3 034	2512	2 584	-
	8 892	7 734	20 586	16 967	17 191	-
ЭЫДҰ елдері бойынша орташа еңбек өнімділігі*, АҚШ доллары	97 190	80 815	95 249	102 925	101 618	-
Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың саны	43	82	28	28	28	-
Қуаттардың жүктелу дәрежесі, % **	51,6	12,0	52,0	0,9	-	-
Негізгі құралдардың тозу дәрежесі, %	32,9	33,3	30,5	33,9	38,0	-
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	3 317	2 537	1 756	1 622	4 965	3 984
Негізгі құралдарды жанарту коэффициенті, %	18,8	10,7	18,5	5,2	9,5	-
Жыл соңында негізгі құралдардың бастапқы құн бойынша болуы, млн. теңге	16 997	19 974	26 118	28 657	29 273	-
Экспорт, млн. долл.	63,9	38,2	41,2	45,1	46,7	49,9
Импорт, млн. долл.	1 676	1 086	1 184	1 145	1350	1468

Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. 47-кесте: ескертпе:

* еңбек өнімділігі ЖҚҚ-сын секторда жұмыспен қамтылғандардың санына бөлуден алынған мән ретінде есептелген.

** көрсеткіш «КИДИ» АҚ статистикалық деректер негізінде есептелген.

Кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтардың әлемдік нарықтағы аса ірі ойыншылары Caterpillar (АҚШ, 65,9 млрд. АҚШ долл.), Thyssen Krupp (Германия, 52 млрд. АҚШ долл.), Hyundai heavy industries (Оңтүстік Корея, 48,8 млрд. АҚШ долл.), Komatsu (Жапония, 23,9 млрд. АҚШ долл.), Kubota (Жапония, 12,2 млрд. АҚШ долл.), Sany heavy industries (Қытай, 8,1 млрд. АҚШ долл.) компаниялары⁶ болып табылады.

Сектордың бәсекеге қабілеттілігіне қаржы ресурстарының қолжетімділігі, технологиялық және инновациялық әлеует, жекелеген кәсіпорындардың тиімділігі, адами ресурстардың қолжетімділігі және сапасы сияқты бірқатар түйінді факторлар әсер етеді.

⁶2013 жылғы сату көлемі бойынша деректер

Сектордың түйінді проблемалары:

- 1) өндірістердің техникалық артта қалуы;
- 2) жалғыз және аз сериялы өндіріс жағдайында шығарылған қосалқы бөлшектер үлесінің өсуі;
- 3) өндірістің ресурсты аса қажет етуі;
- 4) тиісті біліктілігі бар кадрлардың тапшылығы;
- 5) негізгі қорлардың тозуы;
- 6) қолжетімді қаржы ресурстарының болмауы;
- 7) техникалық реттеудің жеткілікті дамымауы;

8) әлемдік аналогтармен салыстырғанда шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі: бағасы бойынша - Қытаймен және Ресей Федерациясымен, сапасы мен өнімділігі бойынша - еуропалық және америкалық аналогтармен салыстырғанда.

Мақсаты: бәсекеге қабілетті өнім өндірісінің көлемін ұлғайту және тауарлық номенклатураны әртарапандыру.

Нысаналы индикаторлар:

Бағдарламаны іске асыру 2019 жылы экономикалық көрсеткіштердің 2012 жылғы деңгейіне қол жеткізуге (48-кесте):

1) жалпы қосылған құнның 2012 жылмен салыстырғанда 2019 жылға қарай 1,2 есе;

2) секторда жұмыспен қамтылғандар санын сақтауға;

3) еңбек өнімділігін 2012 жылмен салыстырғанда 2019 жылға қарай 1,3 есе;

4) шикізат емес экспорттың құндық көлемін 2012 жылмен салыстырғанда 2019 жылға қарай 2 есе өсіруіне мүмкіндік береді.

р/с №	Нысаналы көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2012 ж. есеп	2013 ж. меже	2012 жылмен салыстырғандағы болжам						2012 жылға қатысты 2019 жыл, есе
					2014	2015	2016	2017	2018	2019	
1	Жалпы қосылған құн	%	100	100,2	102,2	110,2	113,8	117,5	121,2	121,4	1,2 есе
2	Жұмыспен қамтылғандардың саны	мың адам	6,8	6,8	6,9	6,7	6,6	6,5	6,4	6,2	-
3	Еңбек өнімділігі	%	100	99,7	101,4	111,4	117,2	123,1	129,0	129,0	1,3 есе
4	Шикізаттық емес экспорттың құндық көлемі	%	100	100,2	102,2	110,2	113,8	117,5	121,2	121,4	2 есе

Міндеттер:

- 1) жоғары технологиялы жаңа өндірістерді құру;
- 2) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың өндірістерін жаңғырту және ресурсты қажет етуін азайту;
- 3) әрараптандыруды ынталандыру және нарықта талап етілетін өнімді шығару;
- 4) шикізаттық емес тауарларды сату үшін нарықтарды кеңейту;
- 5) ішкі нарықтағы өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын арттыруға бағытталған техникалық реттеу жүйесін жетілдіру және нысаналы экспорттық нарықтардағы техникалық кедергілерді еңсеру;

және нысаналы экспорттық нарықтардағы техникалық кедергілерді еңсеру;

6) ҒЗТКӘ және технологиялар трансфертіні қолдау, офсеттік саясат;

7) қаржы ресурстарына қолжетімділікті арттыру;

8) жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету.

Қызметтің басым түрлері

Қызметтің басым түрлері металлургияға арналған машиналар мен жабдықты, тау-кен өндіру өнеркәсібіне, жерастын игерумен құрылысына арналған техниканы, басқа топтарға енгізілмеген арнайы мақсаттағы басқа машиналар мен жабдықты өндіру болып табылады (ЭҚЖЖ 2891, 2892, 2899⁷).

⁷28991 және 28992 қосыпағанда

Тауардың басым топтары

Даму үшін басым тауарлық топтарға және секторды дамыту бағыттарына елдің кен металлургиясы кешенінің мұқтажына арналған машиналар мен жабдықтар - тау кен-шахта машиналары мен жабдықтары, карьерлік техника, байыту және металлургия машиналары мен жабдықтары өндірісі жатқызылған (49-кесте).

Сектордағы дамудың келесі басымдығы жиынтықтауыштар мен қосалқы бөлшектер өндірісі, сондай-ақ базалық өндірістерді (күю, соғу, металл өңдеу және т.б.) ұйымдастыру болып табылады.

Сондай-ақ даму басымдықтарына сервистік және қосалқы өндірістерді ұйымдастыру жатқызылған.

49-кесте. Тауардың басым топтары.

ЭҚТӨЖ-6	Тауар тобының атауы	Ішкі нарықтың импортты қажет етуі, мың АҚШ доллары	Макроөңір нарықтарының импортты қажет етуі, мың АҚШ доллары
289226	Толық бұрылатын машиналар	179 087	3 712 074
289225	Алдыңғы жағында орналасқан бір шөмішті тиегіш машиналар	133 952	1412 735
289939	Жеке функциялары бар өзге де машиналар және механикалық керек-жарақтар	92 963	8 210 356
289212	Өздігінен жүретін бұрғылау немесе қазу машиналары	75 372	885 589
289261	Бұрғылау немесе қазу машиналарына арналған бөлшектер	97 460	1 261 713
289262	Топырақты, тасты, кенді немесе қатты күйдегі басқа да минералды қазбаларды сорттауға, жууға, ұсақтауға, уатуға, қосуға немесе араластыруға арналған жабдықтың бөлшегі	41 615	509 174
289229	Жолсыз жағдайларда пайдалануға арналған өздігінен жүретін автомобильдер	85 840	1 499 635
289240	Уақтауға және ұсақтауға арналған машиналар	73 529	1 061 163
289221	Бұрылмайтын және бұрылатын	51 070	939 533

	қайырмасы бар, шынжыр табан бульдозерлер		
289227	Өзге де механикалық күректер, экскаваторлар және бір шөмішті тиегіштер	41 113	496 663
289230	Қоғамдық жұмыстарға, құрылысқа немесе басқа ұқсас жұмыстарға арналған жабдық	24 164	585 201

Басым жобалар

Бесжылдық кезеңде Алматы қаласының, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарының карьер және арнайы мақсаттағы көлікті, тау-кен шахта машиналарын және жабдықтарды шығаруға бағытталған жобаларын іске асыру көзделген.

Мұнай өңдеу және мұнай өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтар өндірісі

2013 жылы Қазақстан Республикасында мұнай өндіру 81,8 млн. тоннаны құрады, бұл 2012 жылға қарағанда 103,2 % құрайды. Мұнай өндірудің негізгі өсімін «Теңізшевройл» ЖШС, «ЖайықМұнай» ЖШС, «Петро Қазақстан Венчерс Инк.», «ҚуатАмлонмұнай» БК» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Емир Ойл» ЖШС, «КМК Мұнай» АҚ, «Kazpetrolgroup» ЖШС компаниялары қамтамасыз еткен. Перспективада Теңіз, Қарашығанақ мұнай кен орындарын кеңейту, сондай-ақ жаңа кен орындарын игеру жоспарланып отыр.

Қазақстанда мұнай өндірудің ұзақ мерзімді перспективаға арналған қолайлы болжамы әлемдік трендтермен байланыстырылып отырады, 2025 жылға дейінгі болжамға сәйкес көлік секторында негізгі энергетикалық ресурс ретінде мұнайды тұтыну тұтынуудың жалпы үлесінің 90%-нан төмен түспейді.

Қазақстан Республикасында мұнай-газ жабдығы нарығының жалпы көлемі 2012 жылы 2 млрд. АҚШ долларын құрады. Бұл ретте ішкі өндіріс нарықтың жалпы көлемінің 7,1 %-ын құрады. Макроөңір елдері секторы өнімінің импортты қажет етуі 15 млрд. АҚШ долларын құрайды.

Сектордағы жалпы қосылған құн 2008 жылмен салыстырғанда 4,2 есе өсіп, 2012 жылы 16,8 млрд. теңгені құрады. Секторда жұмыс істейтін адамдардың саны 5,6 мың адам.

Мұнай өңдеу және мұнай өндіру өнеркәсібіне арналған жабдық өндірісінің отандық секторындағы еңбек өнімділігі 2008 жылы 5,6 мың АҚШ долларынан өсіп, 2012 жылдың қорытындылары бойынша 20,1 мың АҚШ долларын құрады, алайда ЭЫДҰ елдерінің деңгейінен әлі де 5 еседен астам төмен.

Экспорт деңгейі де оң серпінге ие, 2012 жылы 111,4 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2008 жылғы көрсеткіштен 11,4 млн-ға артық.

Бүгінгі күні жаңа мұнай-газ жобалары пайдалану кезеңіне өткенін атап өту қажет. Осылайша, мұнай өңдеу және мұнай өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтар нарығы едәуір төмендеді.

50-кесте. Мұнай өңдеу және мұнай өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтар өндірісінің 2008 - 2013 жылдардағы деректері

Көрсеткіштер	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Машина жасау, млн. теңге	301 386	281 310	376 184	536 876	687 235	853 923
НКИ, өткен жылға %-бен	89,7	82,5	133,6	119,0	116,5	114,6
Мұнай-газ машинасын жасау, млн. теңге	7 787,6	11 646,4	15 132,6	21 575,2	21 578,7	27 100,1
НКИ, өткен жылға %-бен	102,5	149,6	129,9	142,6	100,02	125,6
Өндеуші өнеркәсіптегі сектор үлесі	0,2%	0,4%	0,4%	0,4%	0,4%	0,5%
Машина жасаудың жалпы көлеміндегі үлес	2,6%	4,1%	4,0%	4,0%	3,1%	3,2%
ЖКҚ, млн. теңге	4 008,9	7 020,5	16 768,2	19 835,6	16 801,8	10 290,3
Жалдамалы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	7 143	6 822	6 686	6 893	6 940	6 787
Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың саны	23	32	50	52	52	-
Еңбек өнімділігі, млн. теңге	0,7	1,2	2,9	3,3	3,0	-
Еңбек өнімділігі, мың АҚШ доллары	5,6	8,1	19,6	22,6	20,1	-
ЭЫДҰ елдері бойынша еңбек өнімділігі, мың АҚШ доллары	111,4	105,2	111,0	114,9	112,6	-
Есепті жылы орташа жылдық қуатты пайдалану, %*	23,4	24,9	49,5	50,7	57,1	-
Жабдықтың тозу	36,3	31,8	39,6	39,7	35,4	-

дәрежесі, %						
Жыл соңында негізгі құралдардың бастапқы құны бойынша болуы, млн. теңге	11288,5	10 903,6	15 461,3	18 814,5	28 084,8	-
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	1 635,5	683,9	2 125,8	2 253,2	6 525,2	4 810,3
Негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті %	9,8	8,7	14,1	8,6	26,5	-
Экспорт, млн. АҚШ доллары	99,96	78,4	78,1	113,2	111,4	-
Импорт, млн. АҚШ доллары	2 666,5	2 525,1	1 638,4	1 815,2	1 992,7	-

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, TradeMap.

50-кестеге:

ескертпе: * көрсеткіш «ҚИДИ» АҚ статистикалық деректер негізінде есептелген.

Мұнай-газ машинасын жасау өндірісінің әлемдік секторында Delaunay et Fils (Франция), Orlandi (Италия), Arc Energy Resources Ltd (Ұлыбритания), Walter Tosto Spa (Италия), Rosetti Marino SpA (Италия), Siemens (Германия), Areva (Франция), Vel-valves (Ұлыбритания), Man-Turbo (Германия), GE (АҚШ), Nuovo Pignone (Италия), Amarith (Ұлыбритания), Aturia Pompe (Италия), CAT Pumps (АҚШ), Triqua BV (Нидерланды), CerPELLI (Италия), Framo (Норвегия), Peroni Pompe SpA (Италия) компаниялары жұмыс істейді.

Мұнай-газ жабдығын шығарудың бәсекеге қабілеттілігіне инфрақұрылымды дамыту, мұнай-газ машина жасау өнімінің экспорттық нарықтарына қолжетімділік, технологиялық және инновациялық әлеует, жеткізушілердің экожүйесі және адами ресурстар сияқты бірқатар түйінді факторлар әсер етеді.

Сектордың түйінді проблемалары:

1) мұнай-газ машинасын жасаудың отандық секторындағы еңбек өнімділігінің төмендігі;

2) жергілікті қамтуды мониторингтеудің тиімді жеткіліксіз жүйесі;

3) қаржы ресурстарының төмен қолжетімділігі;

4) ҒЗТКӘ мен инжинирингтің дамымауы;

5) жекелеген шетелдік мұнай-газ компаниялары әкелетін тауарлардың ҚҚС пен импорт бажын төлеуден босатылуына байланысты, қазақстандық кәсіпорындардың баға бойынша бәсекеге қабілетсіздігі;

6) кірудің жоғары кедергілері, аса ірі мұнай сервистік компаниялар R&D мен инжинирингте орасан зор құзыреттілікке ие;

7) техникалық реттеудегі дамудың төмендігі;

8) заманауи технологиялардың болмауы, шығарылатын өнім ассортиментінің аздығы;

9) тиісті біліктілігі бар кадрлардың тапшылығы.

Мақсаты: бәсекеге қабілетті өндірістердің шығарылым көлемін ұлғайту және шығарылатын өнім номенклатурасын кеңейту, құн жасаудың ғаламдық тізбектеріне кірігу.

Нысаналы индикаторлар:

Бағдарламаның іске асырылуы 2012 жылғы деңгейге қатысты 2019 жылы экономикалық көрсеткіштердің (51-кесте):

1) жалпы қосылған құнның нақты мәнде 1,8 есе;

2) жұмыспен қамтудың 0,4 мың адамға;

3) еңбек өнімділігін нақты мәнде 1,6 есе;

4) шикізаттық емес (өңделген) экспорттың құн көлемінің кемінде 1,9 есе өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

51-кесте. Нысаналы индикаторлар

р/с №	Нысаналы көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2012 есеп	2013 жеке	2012 жылға қатысты болжам						2012 жылға қатысты 2019 ж., %-бен
					2014 ж	2015 ж	2016 ж	2017 ж	2018 ж	2019 ж	
1	Жалпы қосылған құн	%	100	99,9	127,3	142,0	164,7	170,3	170,5	175,4	1,8 есе
2	Жұмыспен қамтылғандардың саны	мың адам	5,6	5,6	6,0	6,1	6,0	6,0	6,0	6,0	0,4 мың адамға
3	ЖҚҚ бойынша еңбек өнімділігі	%	100	100,2	119,0	132,2	153,7	159,4	158,5	164,9	1,6 есе
4	Шикізаттық емес (өңделген) экспорт көлемінің құндық көлемі	%	100	109,2	119,3	130,4	142,4	155,6	170,0	185,7	1,9 есе

Міндеттер:

1) техникалық реттеу жүйесін жетілдіру және жалпы қабылданған әлемдік стандарттарға көшу;

- 2) өндірістің бір бөлігін біртіндеп оқшауландыра отырып, жетекші халықаралық компаниялармен бірге жаңа өндірістердің пайда болуы үшін жағдайлар жасау;
 - 3) еңбек өнімділігін арттыру;
 - 4) инновациялық және ғылымды қажет ететін өндірістерді дамытуды ынталандыру;
 - 5) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың қуаттарын жаңғырту;
 - 6) өндірістерді нарықтарда сұранысқа ие өнімді шығаруға әртараптандыру;
 - 7) қаржы ресурстарының қолжетімділігін арттыру;
 - 8) технологиялар трансферті және ҒЗТКӨ қолдау, офсеттік саясат;
 - 9) секторды біліктігі жоғары кадрлармен қамтамасыз ету.
- Қызметтің басым түрлері.

52-кесте. Қызметтің басым түрлері

ЭҚЖЖ	Қызметтің атауы
2812	Гидравликалық жабдық өндірісі
2813	Өзге сорғылар, компрессорлар, тығындар мен клапандар өндірісі
2814	Өзге крандар мен бұрандамалар өндірісі
2829	Басқа топтарға енгізілмеген, жалпы мақсаттағы өзге машиналар мен жабдықтар өндірісі
2899 ⁸	Басқа топтарға енгізілмеген, арнайы мақсаттағы машиналар мен жабдықтар өндірісі

⁸ЭҚЖЖ 28991, 28992

Басым тауарлар топтары

Мұнай-газ машинасын жасау саласын дамытудағы басым бағыт сұранысқа ие өнімінің мұнай-газ бекіткіш арматурасының, сыйымдылықтардың, қосалқы бөлшектер мен жиынтықтауыштар өндірісінің көлемін одан әрі өсіру болып табылады (53-кесте).

Таратудың ғаламдық арналарына кіру мақсатында инвесторларды тарту үшін басым бағыт мұнай-газ операторларының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, оның ішінде жекелеген тораптар мен агрегаттарды оқшауландыру арқылы машиналар мен жабдықтар өндірісі болып табылады.

Дамудың келесі басымдықтары - жабдыққа сервистік және қосалқы қызмет көрсету бойынша машина жасау өндірістерін дамытуды қолдау, сондай-ақ базалық өндірістерді (қую, соғу, металл өңдеу және т.б.) ұйымдастыру.

53-кесте. ЭҚТӨЖ кодтары бойынша тауардың басым топтары - 6

P/c №	ЭҚТӨЖ-6	Тауар топтарының атауы	Ішкі нарықтың импорттық сыйымдылығы, мың АҚШ доллары	Макроөңір нарықтарының импорттық сыйымдылығы, мың АҚШ доллары
1	281411, 281412, 281413	Құбыржолдарға, қазандықтарға, резервуарларға, цистерналарға, бактарға немесе ұқсас сыйымдылықтарға арналған берік арматура	391 294	7 842 082
2	289261	Тек қана немесе негізінен 843041 не 843049 субпозициялы бұрғылау немесе қазу машиналарына арналған бөлшектер	97 460	1 261 713
3	281325, 281326, 281327, 281328	Ауа немесе вакуумдық өзге сорғылар, ауа немесе газ компрессорлары	94 322	3 540 061
4	289939	Жеке функциялары бар өзге машиналар мен механикалық құрылғылар	92 963	8 210 356
5	282514	Газды сүзуге немесе тазартуға арналған өзге жабдық	84 793	1752 718
6	289212	Өздігінен жүретін бұрғылау немесе қазу машиналары	75 372	885 589
7	281331	Сорғы бөлшектері	56 179	1 035 494
8	289227	Өздігінен жүретін өзге машиналар мен механизмдер	56 056	271 244
9	289261	8426, 8429 немесе 8430 тауарлық позициялы машиналардың немесе механизмдердің өзге бөліктері	46 629	2 124 174
10	281213, 281215, 281312	Көлемді қайтарымды-үдемелі өзге сорғылар	44 932	1 173 141
11	281314	Өзге сұйықтық сорғылары	44 483	418 679
12	289212	Өздігінен бұрғылау немесе қазу машиналары	40 391	341 439
13	282219	8428 90300 0 тауар позициясы машиналарының немесе механизмдерінің өзге бөлшектері	40 424	516 805

14	282982	Сұйықтықтарды немесе газдарды сүзуге немесе тазартуға арналған жабдық пен құрылғылардың өзге бөліктері	34 588	1 366 888
15	281213, 281215, 281313	Көлемді роторлы басқа сорғылар	31 698	1 068 917
16	282214	Дөңгелексіз, өздігінен жүретін көтергіш өзге механизмдер	32 623	299 830
17	281420	Редукциялық және термореттегіш клапандарды қоса алғанда, құбырларға, қазандықтарға, резервуарларға, цистерналарға, бактарға және ұқсас сыйымдылықтарға арналған арматураға крандардың, клапандардың, бұрандамалардың бөлшектері	29 716	1 250 245
18	281332	Ауа сорғыларының, вакуумдық ауа және газ компрессорларының және желдеткіштердің бөлшектері; тартпа қақпақтарының, сүзгісі бар немесе жоқ желдеткіш шкафтардың желдетілуі немесе қайта айналымы	29 345	1 384 651
19	281411	Сақтандырғыш немесе жүк түсіргіш клапандар	28 295	566 153
20	281314	Сұйықтық көтергіштер	26 822	48 807
21	281211, 281216	Гидравликалық желілік әрекеттің қуат қондырғылары мен қозғалтқыштары (цилиндрлер)	19 071	898 791
22	281311	Іштен жану қозғалтқыштарына арналған отын, май сорғылар немесе салқындатқыш сұйықтыққа арналған сорғылары	25 189	962 012
23	282913	Іштен жану қозғалтқыштарында майды немесе отынды сүзуге арналған жабдық	32 826	616 023

54-кесте. Қазақстан Республикасында өндіру экономикалық тұрғыдан орынды сұранысқа неғұрлым ие тауарлар

Материалдар/Жабдықтар/Сервис	Әлеуетті шетелдік әріптестердің үлгілері	Жылдық қажеттілік (млн. АҚШ доллары)
Жіксіз құбырлар	Iiva SpA, Salzgitter Mannesmann International GmbH, Dalmine SpA, Sumitomo, Tenaris (Italy-Japan), V&M Tubes (Germany-France), Breda Energia SpA	110,9
Магистральдық құбырлар	Ресей және Қытай өндірушілері	22,6
Бұрғылауға арналған жағалай құйылған құбырлар	Tenaris, Sumimoto, Vallourec Mannesmann	64,9
Қысыммен жұмыс істейтін түтіктер/жылу алмастырғыштар	Delauany et Fils, Orlandi, Arc Energy Resources Ltd, Imstalcon JSC, Walter Tosto Spa, Rosetti Marino SpA,	10,6
Фитингтер, ернекектер	Kisco, FAD Flange, Acciao&Derivation, Alied Int SpA, Tectubi Raccordi SpA, FAST SRL, P. Van Leeuwen Jr's Buizenhandel BV, Canadoil Europe SRL, Breda Energia SpA,	9,5
Ернеулік жабдықтар: бекіткіш арматура және қосалқы бөлшектер	Petrovalve., Breda Energia, Nuovo Pignone, Petrovalve, B.F.E., Tai Milano SpA, Oms Saleri SpA, Breda Energia	97,8
Электр жабдықтары, БӨК	Areva, Tyco, Siemens Building Technology, Johnson control, Autrinica F&S AS, Foxboro, Kazakhstan Intergrated Serv. Ltd Kisco UK, Sea Star International LLP, Consolidated Supply & Services Int'l LLP, ABB LLP, Gateway Ventures (CA) Ltd LLP, V.T.D. Transformatori SRL, Schneider Electric LLP, Siemens LLP	86,2
Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика	Honeywell, Yokogawa, Emerson, Invensys, ABB, Foxboro, Johnson Control, Argosy Technologies	54,7
Сорғылар, генераторлар, компрессорлар, электр қозғалтқыштар, газ турбиналары	Siemens, Areva, Bel-valves, Man-Turo, GE, Nuovo Pignone, Amarinth, Aturia Pompe, CAT Pumps, Triqua BV, Cerpelli, Framo, Peroni Pompe SpA	74,2
Қыртыстан мұнай шығаруды арттыруға арналған жабдық	Wellquip	

Дереккөз: Қазақстан Республикасы мұнай және газ министрлігі «Теңізшевройл» ЖШС, «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.», «Норс Каспиан Оперейтинг Компани Б.В.» және «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ компаниялары 2013 жылғы 25 қыркүйекте бірлескен іс-қимыл туралы Ақтау

декларациясына қол қойды, оның негізгі мақсаты операторлардың, инвесторлардың және мемлекеттік мекемелердің жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі жеке бағдарламаларын үздік үйлестіру және келісу тетіктерін әзірлеу болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген компаниялар білдірген бастамаға сәйкес Ақтау декларациясының жұмысы шеңберінде өнімді барынша көп тұтыну қағидаты бойынша компаниялардың әрқайсысының өндірісті дамытудағы жауаптылығын айқындау туралы шешім қабылданды:

ТШО	ҚПО	НҚОК	ҚМГ
Құбыр өнімдері Жылу алмастырғыштар Резервуарлар	Клапандар Электр жабдықтары Фитингтер Фланцтер	Айналымы жабдықтар (роторлар, турбиналар, сорғылар және т.б.)	Сервистік көрсетілетін қызметтер; Бұрғылау Ілеспелі ұңғыма қызметтері

Басым жобалар

Бесжылдық кезеңде Алматы қаласында, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында суға батырылған электр сорғыларын, аса ауыр жабдықты және габаритті емес сыйымдылықтарды, бекіткіш арматураны және басқа да мұнай-газ жабдығын өндіруге бағытталған жобаларды іске асыру көзделеді.

Құрылыс материалдарының өндірісі

Құрылыс материалдарының өндірісі - өңдеуші өнеркәсіптегі өндіріс көлемінің 8,6%-ын қамтамасыз етіп отырған Қазақстан экономикасының тұрақты өсіп келе жатқан маңызды саласы. Осы сектордың басымдығы, бір жағынан, құрылыс индустриясының ішкі сұранысымен, отандық өнімді дамытумен және макроөңір елдерінің нарықтарында өткізумен, екінші жағынан - меншікті шикізат базасының болуымен және қазақстандық кәсіпорындардың әлеуетімен айқындалады.

Құрылыс материалдарының ішкі нарығының сыйымдылығы шамамен 800 млрд. теңгені құрайды. Құрылыс материалдарының (сүректен, пластмассадан, сондай-ақ өзге де бейметалл минералдық өнімге жататын материалдардан) импорты шамамен 2 млрд. АҚШ долларын⁹ құрайды. Басым тауарлар бойынша макроөңірдің импорттық қажеттілігі шамамен 3 млрд. АҚШ долларын құрайды.

Секторда 1453 кәсіпорын жұмыс істейді, онда 40 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Цемент, дайын бетон, бетон бұйымдар, пластикалық құбырлар, жылу окшаулау материалдар өндірісі неғұрлым дамыған болып табылады.

Сектордың даму көрсеткіштері тұрақты өсу үрдісін көрсетіп отыр. 2008 - 2012 жылдар аралығында өндіріс көлемі атаулы мәнде 1,6 есеге өсті. Еңбек өнімділігі - 2,3 есе. Алайда, ЭЫДҰ елдеріндегі осы көрсеткіштің орташа мәнімен салыстырғанда Қазақстандағы бұл сектордағы еңбек өнімділігі 47%-ға төмен.

⁹Деректер қызметтің басым түрлеріне қосылған ЭҚЖЖ кодтары бойынша келтірілген (3-кесте)

55-кесте. Сектор бойынша 2008 - 2013 жылдардағы деректер.

Көрсеткіштер	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Өңдеуші өнеркәсіптегі құрылыс материалдар өндірісінің үлесі, млн. теңге	7,9%	7,6%	6,8%	7,3%	7,7%	8,6%
Құрылыс материалдарының өндірісі, млн. теңге, оның ішінде	266 596	224 938	260 955	350 045	421 633	503 132
Өзге де бейметалл минералдық өнім өндірісі, млн. теңге	220 377	182 355	201 871	263 985	320 677	397 105
НКИ, өткен жылға %-бен	79,9	91,3	111,5	116,5	110,7	111,8
Сүректен жасалған құрылыс материалдары, млн. теңге	214	280	659	756	1 192	1 069
Жиһазды қоспағанда, ағаш және тығын бұйымдарының өндірісі; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдардың өндірісі, өткен жылға %-бен	97,4	96,7	149,4	124,0	108,5	96,2
Пластмассадан жасалған құрылыс материалдары, млн. теңге	46 004	42 304	58 424	85 304	99 764	104 957
Резеңке және пластмасса бұйымдарының өндірісі, өткен жылға %-бен	106,7	92,4	135,6	120,1	103,1	102,5
ЖҚК, млн. теңге	125 781,5	110 110,8	172 569,1	216 535,4	257 217,2	211 586,6
Жалдамалы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	40 862	35 050	33 330	36 579	36 656	40 218
ҚР еңбек өнімділігі, мың теңге	3 078,2	3 141,5	5 177,6	5 919,7	7 017,1	7 061,3
ҚР еңбек өнімділігі, АҚШ долл.	25 528,3	21 298,5	35 123,7	40 024,8	46 649,8	45 840,7
ЭЫДҰ елдеріндегі орташа еңбек өнімділігі, АҚШ долл. **	82 865,4	76 792,7	83 650,7	88 003,8	88 005,4	-
Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар саны, оның ішінде		1366	1397	1 489	1355	1453

ірі		55	50	45	47	47
орташа		122	123	129	140	141
шағын		1 189	1 224	1 315	1 186	1265
Қуаттардың жүктелу деңгейі, өндіріс түрлері бойынша %						
Цемент өндірісінде, %	62,0	64,0	61,0	60,4	57,1	-
Пластмасса табактар, шиналарға арналған камералар және пішіндер өндірісінде, %	41,6	49,4	58,1	48,7	35,9	-
Кірпіш, жабыңқыш және күйдірілген саздан жасалған өзге құрылыс заттарының өндірісінде, %	16,7	12,2	27,7	16,8	18,8	-
Өндіріс түрлері бойынша жабдықтың тозу дәрежесі %						
Цемент өндірісінде, %	38,2	39,4	30,7	19,8	27,5	-
Пластмасса табактар, шиналарға арналған камералар және пішіндер өндірісінде, %	29,4	28,8	36,9	36,6	32,5	-
Кірпіш, жабыңқыш және күйдірілген саздан жасалған өзге құрылыс заттарының өндірісінде, %	32,4	37,6	40,9	35,0	39,0	-
Бетоннан жасалған құрылыс бұйымдарының өндірісінде, %	35,3	37,1	39,6	44,5	44,1	-
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	65 181	62 961	56 349	42 109	60 492	75 567
Негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті %	0,18	0,02	0,10	0,21	0,09	-
Бастапқы құны бойынша жыл соңына негізгі құралдардың болуы, млн.теңге	153 810,1	869 818,4	274 723,8	307 469,5	332 460,0	-
Экспорт, млн. АҚШ долл.	70	47	70	88	115	118
Импорт, млн. АҚШ долл.	1 600	1208	1 511	1687	1999	2 036

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Euromonitor

Қосылған құны жоғары құрылыс материалдарының өндірісін құру халықаралық ТҮК тартуды көздейді. Қазақстанда жұмыс істеп жүрген, Global 2000 тізіміне енетін ірі компаниялар: германиялық Heidelberg Cement (Бұқтырма цемент компаниясы, Каспий Цемент, Байказ Бетон, Бектас Group), швейцариялық Sika (бетонға арналған қоспалар, цемент қоспалары, өнеркәсіптік едендерге арналған материалдар, бетон мен болат үшін қорғаныш материалдар, герметиктер және басқалары), Шеврон компаниясы (Шеврон Мұнайгаз Инк, Атырау полиэтилен құбырлары зауыты, Атырау құбыржолы арматурасы зауыты). Global 2000 тізіміне енбейтін жаһандық ірі компаниялар қатарынан Қазақстанда гипстен құрылыс материалдарын шығаратын германиялық Knauf компаниясы, сондай-ақ, француздық Vicat Group цемент компаниясы жұмыс істейді.

Қазақстанда полимерлердің меншікті өндірісі іске қосылғаннан кейін полимерлі және композитті әрлеу материалдарын өндіру мен сатуға мамандандырылған Оңтүстік Кореяның LG Hausys компаниясы белгілі бір қызығушылық танытуы мүмкін. Ресейлік ірі компаниялардың ішінен Қазақстанда «Арыстан» Степногорск құбыр зауытының өкілдік етуімен «Полипластик» компаниясы қатысады.

Сектордағы түйінді кедергілер:

- 1) құрылыс материалдарын өндірудің заманауи технологияларының жеткіліксіз дамуы;
- 2) қосылған құны жоғары құрылыс материалдары үлесінің төмен болуы;
- 3) құрылыс ғылымын дамытуға және инновациялық құрылыс материалдарын жасауға қаражаттың жеткіліксіз бөлінуі;
- 4) өздерінің технологиялық көшбасшылығына байланысты шетелдік құрылыс материалдарын өндірушілер тарапынан ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсекелестікті күшейту;
- 5) дамыған елдермен салыстырғанда еңбек өнімділігінің төмен болуы;
- 6) негізгі құралдар тозуының салыстырмалы түрде жоғары болуы;
- 7) құрылыс материалдары өндірісінің жоғары энергияны көп қажет ететін;
- 8) құрылыс материалдарын Еуропалық Одақтың нормалары мен стандарттарына сәйкестігі тұрғысынан сертификаттау үшін аккредиттелген сынақ зертханаларының болмауы, бұл 2015 - 2020 жылдар аралығында құрылыс нормалары мен қағидаларының еурокодтарға біртіндеп көшуіне байланысты;
- 9) жүк тасымалдауға арналған тарифтердің және шикізат пен энергия ресурстары бағасының өсуі;
- 10) тиісті біліктілігі бар кадрлардың жетіспеуі.

Мақсаты: индустриялық құрылыстың талаптарын ескере отырып, Қазақстанда қосылған құны жоғары құрылыс материалдарының өндірісі үшін жағдай жасау.

Нысаналы индикаторлар:

Бағдарламаны іске асыру 2012 жылдың деңгейіне қарағанда 2019 жылы мынадай экономикалық көрсеткіштердің (56-кесте):

- 1) жалпы қосылған құнының нақты мәнде кемінде 1,4 есе;
- 2) жұмыспен қамтудың 7,7 мың адамға;
- 3) еңбек өнімділігінің нақты мәнде 1,2 есе;

4) шикізат емес (өңделген) экспорттың құндық көлемінің кемінде 1,2 есе өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

56-кесте. Нысаналы индикаторлар

№	Нысаналы көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2012 есеп	2013	Болжам						2012 жылға қатысты 2019 ж., есе
					2014	2015	2016	2017	2018	2019	
1	Жалпы қосылған құн	%	100	111,6	123,0	134,4	143,2	144,1	144,3	144,4	1,4 есе
2	Жұмыспен қамтылғандар саны	мың адам	36,7	40,2	45,1	46,3	46,2	45,6	45,0	44,4	7,7 мың адамға
3	ЖҚҚ бойынша еңбек өнімділігі	%	100	101,7	100,1	106,5	113,7	115,9	116,2	116,2	1,2 есе
4	Шикізаттық емес (өңделген) экспорттың құндық көлемі	%	100	102,8	105,4	107,9	110,5	113,1	115,6	118,0	1,2 есе

Міндеттер:

- 1) нормативтік базаны және техникалық реттеу жүйесін жетілдіру;
- 2) құрылыс саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың көлемін арттыру;
- 3) инновациялық, энергия тиімді, экологиялық қауіпсіз және Қазақстан үшін жаңа құрылыс материалдары өндірісінің технологияларын, оның ішінде индустриялық құрылыс технологияларын енгізу үшін жағдай жасау;
- 4) саланы білікті еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету.

Саланы дамыту басымдықтары

Құрылыс материалдарының өндірісі қызметінің басым түрлері: сүректен жасалған құрылыс материалдарының өндірісі (16-бөлім), пластмасса құрылыс материалдарының өндірісі (22-бөлім), өзге металл емес минералды өнім өндірісі (23-бөлім) болып айқындалды (57-кесте)¹⁰. Жаңа және жетілдірілген жоғары технологиялы энергия үнемдейтін, адамның денсаулығы мен экология үшін қауіпсіз қазіргі заманғы материалдар өндірісі басым бола бастады.

¹⁰Қызмет түрлерінің бөлімдері мен атаулары Қазақстан Республикасының 03-2007 МК экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) бойынша 25.12.2012 жылғы № 1 өзгеріске сәйкес көрсетіледі.

57-кесте. Қызметтің басым түрлері

ЭҚЖЖ-2	ЭҚЖЖ-2	Қызмет түрінің атауы
16	1621	Кілтөк, шере, такталар мен панельдер өндірісі
22	2221	Пластмасса табақтар, шинаға арналған камералар және пішіндер өндірісі
	2223	Пластикалық құрылыс бұйымдарының өндірісі
23	2311	Табақ шыны өндірісі
	2312	Табақ шыны жасау мен өңдеу
	2313	Іші қуыс шыны бұйымдарының өндірісі
	2314	Шыны талшық өндірісі
	2319	Өзге де шыны бұйымдарын өндіру мен өңдеу
	2320	Отқа төзімді бұйымдар өндірісі
	2331	Керамикалық жабындар мен плиталар өндірісі
	2332	Кірпіш, жабынқыш және күйдірілген саздан жасалған өзге де құрылыс заттарының өндірісі
	2342	Керамикалық гигиеналық сантехникалық жабдық өндірісі
	2343	Керамикалық электроқшаулағыштар мен окшаулау арматурасының өндірісі
	2349	Өзге керамикалық бұйымдар өндірісі
	2351	Клинкерлерді қоса алғанда, цемент өндірісі
	2352	Өк пен құрылыс гипсінің өндірісі
	2361	Бетоннан құрылыс бұйымдарын өндіру
	2362	Құрылыс мақсаттары үшін гипстен жасалған бұйымдар өндірісі
	2363	Пайдалануға дайын бетон өндірісі
	2364	Құрғақ бетон қоспаларының өндірісі
	2365	Асбестцементтен және талшықты цементтен жасалған бұйымдар өндірісі
	2369	Бетоннан, құрылыс гипсінен және цементтен жасалған өзге бұйымдар өндірісі
2370	Тасты кесу, өңдеу және әрлеу	
2399	Басқа топтарға қосылмаған металл емес өзге де минералдық өнім өндірісі	

Тауардың басым топтары

Қосылған құны жоғары бәсекеге қабілетті құрылыс материалдарының жаңа түрлерін шығаруды игеру бойынша міндетті шешу үшін басым тауарлар тізбесі (58-қосымша) айқындалған. Техникалық сипаттамалары жақсартылған жаңа

және жетілдірілген құрылыс материалдарын қолдану құрылыстың экономикалық тиімділігін және сапасын арттырады, пайдалану барысында энергиямен қамтамасыз ету шығындарын төмендетуді қамтамасыз етеді.

58-кесте. Басым тауарлар*

ЭҚТӨЖ-4	Тауар топбының атауы	ҚР импорты		Макроөңірдің импорттық сыйымдылығы	
		мың долл.	тонна	мың долл.	тонна
233110	Керамикалық плитка	155 101	293 331	1 285 414	1 592 358
232012	Отқа төзімді кірпіштер	104 200	170 174	533 311	625 410
231112	Табақ шыны	54 223	132 457	802 858	885 266
239919	Жылу оқшаулау материалдары	37 155	33 780	275 146	245 156
237011	Мәрмәр, травертин	28 523	13 787	168 236	161376
239 912	Жабын-битум материалдары және икемді жабынқыш	32 939	50 863	228 060	318 047
234 210	Сантехкерамика	15 236	3 271	131 163	56 720
231312	Шыны ыдыс (шыныдан жасалған сұйықтық ішуге арналған ыдыс)	10 894	9719	159 852	81 762

58-кестеге:

ескертпе: Қазақстандағы импортталатын бірқатар материалдар бойынша меншікті өндірісті ұйымдастырудың перспективалы мүмкіндіктері бар. Қызылорда облысында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның қатысуымен қуаты шамамен жылына 197 мың тоннаны құрайтын табақ шыны өндірісі жөніндегі зауыт құрылатын болады. Оңтүстік Қазақстан облысында жалпы қуаты 20 мың тонна травертиннің бірнеше өндірісін құру жоспарлануда. Жамбыл облысында құрғақ құрылыс қоспаларының екі өндірісі кеңейтілетін болады.

Басым тауарлар тізбесіне Қазақстанда да, сол сияқты макроөңір елдерінде де импорттың жоғары көлемі байқалатын құрылыс материалдары енгізілген: табақ шыны, травертин, керамикалық плитка, отқа төзімді материалдар, сантехкерамика.

Сантехкерамика, кафель, керамогранит өндірісі үшін қазіргі уақытта технологиялық тізбектегі маңызды буын - қазіргі кен орындарынан алынған саз балшықты өңдеу және байыту жөніндегі саз байыту өндірісі жоқ. Осыған байланысты кафель, керамогранит өндірісі жөніндегі кәсіпорындардың қуаттары жете жүктелмеген (Шымкент, Талдықорған) және сантехкерамикалық бұйымдардың өндірісін бастай алмай отыр. Саз байыту өндірісін құруға инвесторлар тарту мәселесін пысықтау қажет.

Табақ шыны өндірісі үшін де кварц құмын байыту бойынша өндіріс құру қажеттілігі туындайды.

Сондай-ақ ретроматериалдар: керамзит, пеношыны, көбіктенген вермикулит, пемза, сондай-ақ көп құрауышты тұтқыр материалдар өндірісі басым тауарларға айналуға тиіс.

Құрылыс материалдарының өндірісінде импорттық материалдарды, сондай-ақ құрылыс химиясы материалдары мен заттарын: композиттерді, пластиктерді, герметика, пластификаторды, тұрақтандырғыштарды, модификаторларды, пигменттерді, бояғыштарды және басқаларды пайдаланып, энергия тиімді және конструктивті шыны өндірісі табақ шыны мен полимерлердің меншікті өндірістері құрылғанға дейін басым бағыттар ретінде қала береді.

Басым жобалар

2015 - 2019 жылдар кезеңінде құрылыс материалдары өндірісін дамытудағы мемлекеттік саясат табақ шыны өндірісі бойынша басым бағыттарды іске асыруға, цемент, құрғақ құрылыс қоспалары, табиғи тас өндірістерін және басқа да жобаларды жасауға және жаңғыртуға бағытталатын болады.

Инновациялық секторлардағы мақсаттар, міндеттер және нысаналы индикаторлар

Инновациялық қызмет өңдеуші өнеркәсіптің барлық салалары мен секторларын дамытуды ынталандырады.

Мақсаты: Қазақстан өнеркәсібінің басым салалары мен ЭЫДҰ елдері салаларының технологиялықлығы мен ғылымды қажет ету деңгейінің алшақтығын қысқарту.

Міндеттер:

- 1) технологиялар трансферт ынталандыру және басым бағыттардағы жоғары технологиялы өндірістерді оқшаулау;
- 2) инновацияға сұранысты арттыруды ынталандыру;
- 3) технологиялық және басқарушылық құзыреттіктерді арттыру.

Нысаналы индикаторлар:

1) инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесін Қазақстан кәсіпорындарының жалпы санының 20%-ына дейін ұлғайту (ЭЫДҰ әдістемесіне сәйкес);

2) жалпы ішкі өнімнің жалпы көлеміндегі инновациялық өнім үлесін 2,5%-ға дейін ұлғайту;

3) зерттеу мен әзірлеуге арналған ішкі шығындар үлесін жалпы ішкі өнімнің 2%-ына дейін ұлғайту.

Инновациялық секторлар

Инновациялық секторлар - «жаңа экономика» деп аталатын барлық секторларды білдіреді, олардың дамуы көбінесе ғылыми зерттеулердің және әзірлемелердің нәтижелерімен айқындалады, оның ішінде: мобильдік және мультимедиялық технологиялар саласы, нано- және ғарыш технологиялары, робототехника, гендік инженерия, болашақ энергиясын іздеу және ашу.

Отандық ғылымды дамытпайынша, жаңа инновациялық секторларды дамытуды және ғылымды қажет ететін салаларды құруды шешу мүмкін емес.

Осыған байланысты, «Назарбаев Университеті» ДБҰ-ның қатысуы маңызды, оның рөлі энергия тиімділігі және энергия үнемдеу, жаңартылған энергетика және қоршаған ортаны қорғау, перспективалы материалдар және энергия көздері, Қазақстан Республикасында биомедициналық индустрияның негіздерін құру үшін трансляциялық және персоналдандырылған медицинаны дамыту салаларында іргелі, қолданбалы және технологиялық зерттеулер мен әзірлемелерді дамытуға сайып келеді.

Мынадай өзекті және перспективалы бағыттар бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді іске асыруға баса назар аударылатын болады: ғарыш техникасы және технологиясы, жаңартылған энергетика технологиялары және ақылды желілер, күн энергиясын пайдалану технологиясы, энергетика жүйелерін дамытуды модельдеу, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, есептеу зерттеулері және робототехника, табиғат пайдалану және қоршаған ортаны қорғау экономикасы, электр техникасы (оптикалық электронды аспаптарға арналған материалдар), регенеративтік медицина және жаңа биопрепараттарды әзірлеу жөніндегі зерттеулер, туберкулез детекциясына, инфекциялық агенттерге және обыр биологиясына арналған биосенсорларды әзірлеу, ақуыз экспрессиясы, остео-артикулярлық аурулардың модельдері мен механизмдері, органикалық химия және химия технологиялары салаларындағы қолданбалы зерттеулер.

Ғылыми-зерттеу базасы мен ғылыми және инновациялық қолдау жүйесін дамыту жолымен «Назарбаев Университеті» ДБҰ-ны әлемдік деңгейдегі зерттеу университеті ретінде қалыптастыру оқытушылық және ғылыми-инновациялық қызметті ойдағыдай біріктіретін халықаралық санаттағы ұлттық ғылыми кадрларды дамытумен, сондай-ақ үздік отандық және шетелдік ғалымдарды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасаумен тығыз байланысты.

Ұлттық ғылыми кадрларды даярлаудың тиімді жүйесін дамыту мақсатында ғылым магистрлерін, Ph.D. докторларын даярлау және ғылыми тағылымдамаларды ұйымдастыру бойынша шетелдік әріптестермен бірлескен бағдарламалар әзірленді және іске асырылды, ғылыми қызметкерлердің ғылыми жобалары шеңберінде олар үшін бірлескен Ph.D. бағдарламалары ұйымдастырылады (Қазақстанда ғылыми-зерттеу қызметінен босатпай).

Ғылыми жобалар мен бағдарламаларды (инженерлік-техникалық кадрлар, әкімшілік-техникалық қолдау және сүйемелдеу қызметтері мен басқалары) ұйымдастыру мен іске асыруға қатысатын қызметкерлердің құзыреті мен дағдыларын дамыту үшін «Назарбаев Университеті» ДБҰ қызметін дамытудың негізгі және перспективалы бағыттарына сәйкес қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарын тұрақты негізде жүргізу қажет.

Ғарыштық технологиялар секторы

Ғарыш технологиялары секторы - «білім экономикасын» қалыптастыру көзқарасы тұрғысынан Қазақстан Республикасында дамыту үшін перспективалы сектор.

ҰИИДМБ орындау қорытындылары бойынша «KazSat» байланыс және хабар таратудың ұлттық ғарыш жүйесі (ҒЖ) жобалық қуатқа шықты, екінші «KazSat-3» ҒА және резервтік жерүсті басқару кешені пайдалануға енгізілді. «KazSat» сериясының ҒА сыйымдылықтарын жалға беру қызметтері ұсыныла бастағаннан бері 3,5 млрд. теңгеден астам сомаға осы көрсетілетін қызметтердің импортын алмастыру жүргізілді. «KazSat» ҒЖ өндіріс көлемінің серпіні 59-кестеде келтірілген.

59-кесте. «KazSat» ҒЖ өндіріс көлемінің серпіні, млн. теңге.

Атауы	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.*
«KazSat» сериялы ҒА сыйымдылықтарын жалға беру қызметтері	12,97	1 156,15	2 004,45	341,44

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі 59-кестеге:

ескертпе: * жедел деректер

Ғарыш саласындағы ЖҚҚ бойынша деректер 60-кестеде келтірілген:

60-кесте. Ғарыш қызметінің ЖҚҚ, млн. теңге.

Көрсеткіш	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
ЖҚҚ, млн. теңге	8 903,0	13 472,6	7 633,9	2 721,8

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Ғарыш саласында инновацияларды дамытудың негізгі драйвері қолданбалы ғылыми зерттеулер болып табылады. Отандық ғарыш техникасының алғашқы тәжірибелік үлгілерін жасау бойынша тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар орындалды, дәлдігі жоғары жолсеріктік навигация жүйесіне (бұдан әрі - ДЖНЖ) арналған саралау станцияларының (бұдан әрі - СС) өндірісі ұйымдастырылды және 50 дана көлемінде СС бірінші партиясы шығарылды.

Егер моральдық және физикалық тұрғыдан айтарлықтай тозуына байланысты жаңғыртуды талап ететін ғарыштық зерттеулердің зертханалық және тәжірибелік-эксперименттік базасын жаңартудың бұрыннан қордаланған мәселесі шешілетін болса, ғарыш ғылымының жетістіктері әлдеқайда салмақты болар еді. Қазақстан Республикасының ғарыш техникасы мен технологияларының отандық үлгілерін, ғарыш өнімдері мен көрсетілетін қызметтерді түпкі пайдаланушылардың аппараттық-бағдарламалық құралдарын құру саласында маңызды ғылыми-техникалық серпіліс жасау жағдайы туындады.

ТМД-ның Үкіметтер басшылары кеңесінің 2011 жылғы 18 қазандағы шешімімен қабылданған ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің инновациялық ынтымақтастығының 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекетаралық бағдарламасы шеңберінде екі инновациялық жобаны іске асыру жоспарланған:

- 1) болжамдық мониторингтің көп нысаналы аэроғарыш жүйесін әзірлеу және сертификаттау;
- 2) халықаралық көлік дәліздерін басқарудың аппараттық-бағдарламалық кешенін әзірлеу.

Түйінді проблемалар:

1) ғарыштық зерттеулердің заманауи тәжірибелік-эксперименттік базасының; ғарыштық өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді түпкі пайдаланушыларға дейін жеткізудің толыққанды инфрақұрылымының болмауы; Қазақстанның ғарыш саласының шетелдік әріптестерге технологиялық тәуелділігі.

Мақсаты: республиканың индустриялық-инновациялық дамуын жеделдетуге, ұлттық қауіпсіздік пен қорғанысты нығайтуға, ғылым мен жоғары технологияларды дамытуға ықпал ететін экономиканың ғылымды қажет ететін және жоғары технологиялы секторы ретінде толыққанды ғарыш саласын құру.

Нысаналы индикаторлар:

Бағдарламаны іске асыру 2012 жылдың деңгейіне қарағанда 2019 жылы мынадай экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізуге:

- 1) 2012 жылғы деңгейге қарағанда 2019 жылы нақты мәнде ЖҚЗ-ның 30%-ға өсуіне;
- 2) 2019 жылға қарай ғарыш саласында жұмыс істейтін жоғары білікті мамандар санын 300 адамға арттыруға;
- 3) 2019 жылға қарай ғарыштық зерттеулердің жалпы көлеміндегі ғылыми-техникалық әзірлемелердің үлесін 50%-ға дейін жеткізуге;
- 4) 2019 жылға қарай ғарыштық техника жасаудың өндірістік тәжірибесі бар ғалымдардың үлесін 25%-ға дейін жеткізуге;
- 5) 2019 жылға қарай ғылыми-техникалық әзірлемелердің жалпы көлеміндегі коммерцияландырылған жобалардың үлесін 25%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Міндеттер:

- 1) байланыс, жерді қашықтықтан зондтау (бұдан әрі - ЖҚЗ) және ғылыми-технологиялық мақсаттағы ғарыш аппараттарының (бұдан әрі - ҒА) орбиталық топтамасын дамыту және пайдалануды өрістетуге;
- 2) ҒА құрастыру-сынау кешенін, тәжірибелі өндірісі бар ғарыш техникасының арнайы конструкторлық-технологиялық бюросын, ДЖНЖ, «Бәйтерек» ғарыш-зымыран кешенін, байланыс және ЖҚЗ ғарыш жүйелерінің жерүсті сегменттерін қамтитын жерүсті ғарыш инфрақұрылымы объектілерін дамытуды және пайдалануды өрістетуге;
- 3) ғарыш саласының ғылыми-технологиялық базасын дамыту, ғарыштық зерттеулердің зертханалық және тәжірибелік-эксперименттік базасын жаңғырту мен кеңейту;
- 4) тиісті оқу орындары мен ғылыми орталықтарда, оның ішінде «Болашақ» халықаралық бағдарламасы шеңберінде ғарыш қызметі саласындағы инженерлік-техникалық және ғылыми кадрларды даярлауды, қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды көздейтін ғарыш саласының кадр әлеуетін дамыту;
- 5) ғарыш саласының нормативтік базасын жетілдіру.

Ғарыш саласын дамыту басымдықтары

Ғарыш саласындағы қызметтің басым түрлері ғарыш техникасы мен технологиялардың отандық үлгілерін жасау жөніндегі ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер, байланыс, ЖҚЗ және навигация ғарыштық жүйелерінің өндірісін және техникалық пайдаланылуын қамтамасыз ету, осы ғарыштық жүйелердің өнімдері мен көрсетілетін қызметтерін ел экономикасының түрлі салаларындағы түпкі пайдаланушыларға дейін жеткізу болып табылады.

Бесжылдық кезеңде Индустрияландыру картасы (бұдан әрі - ИК) шеңберінде 2015 - 2019 жылдар кезеңінде іске қосылуы жоспарланатын 10 жобаны іске асыру көзделеді.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарына қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар

Бағдарлама шеңберіндегі мемлекеттік қолдау шаралары Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес ұсынылуға тиіс.

1. Инвестициялық ахуал

Бағдарлама жеке инвесторлардың өңдеуші өнеркәсіпке келуін ынталандыруға арналған. Мемлекеттің маңызды рөлі жеке инвестициялар үшін тартымды жағдай жасау болып табылады. Инвестициялық органы бағалау бойынша жалпыға танылған дүниежүзілік индексті жақсарту үшін ұдайы жұмыс істеу қажет. Бизнесі жүргізу жағдайларын (Doing business) жақсарту, елдің бәсекеге қабілеттілігін (Global Competitiveness Index) жоғарылату, шетелдік тікелей инвестицияларды көбірек тарту (World Investment Report), Yellow Pages қағидатын ескере отырып, жоспарланған жекешелендіруді өткізу арқылы экономикаға мемлекеттің қатысу үлесін азайту қажет.

Индустриялық даму басымдықтарын іске асыруға жәрдемдесу үшін Қазақстан өнеркәсіптік даму жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі - ЮНИДО), Халықаралық қайта құру және даму банкі (бұдан әрі - ХҚДБ) және сияқты беделді ұйымдармен басқа да халықаралық институттармен белсенді ынтымақтастық жасайтын болады. Елдік бағдарламалар шеңберінде ұлттық экономиканың, атап айтқанда өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталған озық халықаралық тәжірибе пайдаланылатын болады.

61-кесте. Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингтерінің нысаналы көрсеткіштері (рейтингтегі Қазақстанның орны)

Санаты	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.
Институционалдық дамуы	55	52	49	47	45
Инфрақұрылым	62	59	56	54	52
Макроэкономикалық орта	23	23	23	23	23
Денсаулық сақтау және жалпы білім беру	97	93	89	85	82
Жоғары және кәсіптік-техникалық білім	54	51	48	42	44
Тауарлар нарығының тиімділігі	56	54	52	50	48
Еңбек нарығының тиімділігі	15	15	15	15	15
Қаржы нарығының дамуы	103	97	91	85	80
Технологиялық әзірлік	57	54	51	49	45
Нарық көлемі	54	54	53	53	52
Бизнесінің дамуы	94	92	90	88	86
Инновациялар	84	82	79	76	74

Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіне Қазақстанның позициясы үнемі жақсартылатын болады. Кейінгі институционалдық реформалар жеке меншікті берік мемлекеттік қорғауды қамтамасыз етеді. Кадр саясаты меритократия қағидаттары бойынша жүргізілуі керек. Инклюзивтік қағидатын ескере отырып,

мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлердегі ашықтық мемлекеттік жүйедегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейін барынша төмендетеді.

Экономиканың тиімді жұмыс істеуі үшін маңызы зор болатын көлік, энергетика және өндіріс инфрақұрылымының сапасы жақсартылады, өйткені ол экономикалық қызметтің, сондай-ақ ел экономикасының перспективасы секторларының дамуын айқындайтын маңызды фактор болып табылады.

Макроэкономикалық орта ұзақ мерзімді инвестицияларға қолайлы болып қалуы тиіс, өйткені түйінді макроэкономикалық көрсеткіштер тұрақсыз болған жағдайда экономика өсе алмайды.

Денсаулық сақтау саласының сапасын айтарлықтай жақсарту қажет. Елдің бәсекеге қабілеттілігі мен өнімділігі үшін ұлт саулығының, сонымен бірге дені сау жұмыс күшінің маңызы зор. Халықтың жалпы бастауыш білімінің көлемі мен сапасын жақсарту қажет, бұл әрбір жекелеген қызметкердің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Жоғары білімнің және техникалық кадрларды кәсіптік даярлаудың сапасын арттыру қажет. Бұл өндірістік процесте құн жасау тізбегін дамыту үшін шешуші рөл атқарады.

Бизнестің нарықтық тиімділігі мен өнімділігін дамыту қажет. Бәсекеге қабілетті дамыған нарық экономикада тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді тиімді алмасуға жәрдемдеседі.

Қызметкерлерді өндірістік қызметте неғұрылым тиімді пайдалану үшін еңбек нарығын одан әрі дамыта түсу маңызды. Еңбек нарықтары икемді болуға және қызметкерлерге арналған ынталандырулар мен олардың қызметі арасындағы пәрменді байланысты қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстанның қаржы жүйесін жетілдіру қажет. Ұзақ мерзімді инвестицияларды тарту үшін нарықтық қаржы инфрақұрылымы қалыптасуға тиіс.

Қазақстанда жаңа технологияларды енгізу үшін бизнес пен тұрғындардың озық техникалық әзірлемелерді пайдалануға әзірлігін арттыру қажет. Интернетке және онымен байланысты ақпараттық ресурстарға қолжетімділік бүкіл ел аумағы бойынша географиялық қамту тұрғысынан анағұрлым жеңілдетіледі және кеңейтіледі.

Отандық өндірушілердің үлесін ішкі нарықта, сол сияқты сыртқы нарықта да ұлғайту қажет. Бағдарламаның Қазақстан Республикасының аумағындағы өндірістерді дамытуға бағытталғанын ескерсек, кемсітуші тосқауылдарды азайта отырып, тауарлардың сыртқы нарықтарға және, әсіресе, макроөңір нарықтарға шығарылуын арттыру қажет.

Жалпы кәсіпкерлік ортаның жалпы сапасын, сондай-ақ жекелеген фирмалар стратегияларының сапасын қоса алғанда, бизнестің даму деңгейін жоғарылату маңызды. Аталған құрамдауышты кластерлерді дамыту арқылы, сондай-ақ фирмалар стратегияларының сапасын жақсарту үшін жағдайлар жасай отырып, ынталандыру қажет (брендинг, маркетинг, қосылған құн жасау тізбегіне кірігу, бірегей және күрделі тауарлар өндірісі).

Мемлекеттік және жекеше секторлар қолдау көрсететін қолайлы орта қалыптастыру үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейін көтеру қажет. Атап айтқанда, бұл әсіресе бизнес тарапынан ғылыми зерттеулерге, жоғары сапалы зерттеу институттарына, зерттеулердегі университеттер мен өнеркәсіп арасындағы ынтымақтастыққа, сондай-ақ зияткерлік меншікті қорғауға жеткілікті инвестицияларды білдіреді.

Doing business индексіне де Қазақстанның барлық көрсеткіштері жақсартылуға тиіс. Ол үшін құрылыс жүргізуге рұқсат алу жөніндегі рәсімдердің санын азайту, стратегиялық жобаларды іске асыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тарту, коммуналдық көрсетілетін қызметтерге, атап айтқанда электр энергиясына қосылуды арзандату, халықаралық сауданы жүргізумен байланысты шығындарды азайту керек. Экспорттық-импорттық операциялар кезіндегі талаптарды қысқарту бөлігінде халықаралық сауданы жүргізуді оңайлату қажет. Экспорт пен импортқа рұқсат беру құжаттарын ұсыну және алу кезінде жұмсалатын уақытты қысқартуға ықпал ететін ақпараттық жүйелерді енгізу маңызды фактордың бірі болып табылады. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, Бірыңғай электрондық терезе мен тауарларды электрондық декларациялауды енгізу экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыруды анағұрлым жеңілдетеді. Сонымен қатар, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың көліктік шығындарын төмендету қажет. Кредит алушылардың (жеке немесе заңды тұлғалар) кредит төлеу қабілеті туралы қаржы жүйесіндегі неғұрылым қолжетімді және шынайы ақпаратты ескере отырып, қаржы институттары жүзеге асыратын кредит беру сапасын жоғарылату маңызды. Банкроттық институтының тиімділігі мен толықанды жұмыс істеуін арттыру қажет. Қайта ұйымдастыру, тарату немесе берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу процесінің нәтижесінде қаражатты қайтару коэффициенті жоғарылауға тиіс.

Нәтижесінде қабылданған шаралар шетелдік инвестицияларды тартуға, бизнес-ортаны жақсартуға, сондай-ақ бәсекелестікті дамытуға ықпал етуге тиіс.

2. Индустриялық дамуды қолдаудың жалпыжүйелік шаралары

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудің негізгі бағыттары мен жолдарын айқындау кезінде өңдеуші өнеркәсіпті дамыту мен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы арасындағы тәуелділікті ескеру қажет.

Осылайша, Бағдарламаның қойылған мақсаттарына және міндеттеріне қол жеткізу Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдаманың стратегиялық бағыттарын бірге қалыптастыратын мемлекеттің басқа да әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларын іске асыруға тұтастай байланысты болады. Атап айтқанда, бұл мынадай аспектілерге қатысты:

дамыған елдердің білім берудегі, денсаулық сақтаудағы, әлеуметтік қорғау саласындағы және еңбек нарығындағы деңгейіне қол жеткізу арқылы адами капиталдың деңгейін арттыру;

бизнесті және кәсіпкерлік бастамаларды дамыту үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін институционалдық ортаны жетілдіру.

ҰИИДМБ іске асыру шеңберінде мемлекеттік қолдаудың секторалдық және жобалық шаралары айқындалды. Секторалдық қолдау шаралары салалық 27 бағдарламаны және оларға мастер-жоспарларды іске асыру, бизнесті қолдау бағдарламаларының көмегімен қолдау шаралары арқылы жүзеге асырылды: [Бизнестің жол картасы 2020](#), Өнімділік 2020, [Агробизнес 2020](#), сондай-ақ отандық өңделген тауарларды, көрсетілетін қызметтерді ынталандыру және экспорттау әрі шетелдік инвестициялар тарту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар.

ҰИИДМБ шеңберінде іске асырылған кәсіпорындарды қолдау бағдарламаларының және бағыттарының артықшылықтары мен кемшіліктерін ескере отырып, кәсіпкерлерді қолдау бағдарламалары мен бағыттары шеңберінде шараларды ұсыну құралдары, тетіктері мен шарттары қайта қаралуға тиіс. Ұсынылатын қолдау шараларының жиынтығы компаниялардың көлеміне байланысты болмауға тиіс, өйткені барлық кәсіпорындар бизнесті дамыту үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз ететін қаржы құралдарына да, сол сияқты инвестициялық түртікі

жасауға, инновацияларды ынталандыруға; өнімділікті және ресурс тиімділігін арттыруға; адами капиталдың сапасын арттыруға; экспорттық әлеуетті дамытуға және т.б. бағытталған сервистік құралдарды да қажет етеді.

Қолдау шаралары қаржылық және қаржылық емес сипатқа (сервистік құралдар) ие. Қаржылық шаралар бизнесті дамыту үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Қаржылық емес шаралар жобаларды іске асыру үшін тиімді инвестициялық түртікі жасауға бағытталған, сондай-ақ қазіргі заманғы технологияларды енгізу және инновацияларды ынталандыру саласындағы кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, өнімділікті және ресурс тиімділігін арттыру, адами капиталдың сапасын арттыру, экспорттық әлеуетті және басқа да басым бағыттарды дамыту үшін мамандандырылған қызметтерді көрсетуді қолдайды.

Негізгі айырмашылықтар ұсынылатын шаралардың көлеміне және қандай да бір шараларды ұсыну туралы шешімдер қабылдау деңгейіне сайып келеді.

Бағдарламада ҰИИДМБ-мен сабақтастық сақталады және құрылған қолдау инфрақұрылымын және даму институттары барынша пайдаланылуға тиіс.

Бағдарламаны іске асыру тікелей және жалпыжүйелік мемлекеттік қолдау шараларының көмегімен жүзеге асырылатын болады.

Өңдеуші өнеркәсіп, оның ішінде 14 басым сектор жалпыжүйелік қолдау шараларының объектісі болып табылады.

Ұлттық кластерлер кеңестері және өңірлік кластерлік қауымдастықтар өңірлерге арналған тікелей қолдау шараларының объектісі болып табылады.

Өнім шығару кезіндегі қосылған құн тізбегін кеңінен қамтитын инвестициялық жобаларды іске асыратын компаниялар кәсіпорындарға арналған тікелей қолдау шараларының объектісі болады.

ҰИИДМБ-ны іске асыру қорытындылары қазіргі уақытта өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындардың көпшілігі кредитті көп алып қойғанын, екінші деңгейдегі банктерде ұзақ мерзімді және орта мерзімді, оның ішінде Бағдарламаға енгізілген инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін «ұзын ақшаның» жоқ екенін көрсетті. Осыған байланысты даму институттарының қатысуымен Бағдарламаны қаржыландыру көлемі мен құралдарын ұлғайтуға өткір қажеттілік туындайды.

Бағдарламаны қаржылай қолдаудың негізгі міндеті қаржыландыру көздерінің құралдарын және қолжетімділігін кеңейту арқылы экономиканың басым секторларына инвестицияларды ұлғайту болып табылады. Мемлекеттік қолдау шараларын қолдану саясатының негізгі екінін жекеше қаржы ресурстарын жұмылдыру арқылы жасау және екінші деңгейдегі банктердің және басқа да қаржы институттарының кредиттік қызметін индустрияландыру мақсаттарына шоғырландыру қажет. Бұл қаржы институттарының өңдеуші өнеркәсіптің басым секторларында ғана инвестициялық жобаларды қолдауға тиіс екендігін болжайды.

Қаржылық қолдау жүйесі өндірушілер үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігін арттыруға, инвестициялық жобалардың қажеттіліктеріне, олардың өтімділік және тиімділік көрсеткіштеріне сәйкес қаржыландырудың тиімді шарттарын ұсынуға топтастырылады.

Мемлекеттік қаржы ресурстары мемлекеттік және жекеше операторлар арқылы бағытталатын болады. Мемлекеттік сектор операторларына олардың құрамына кіретін даму институттарымен «Байтерек» ұлттық басқарушы холдинг (бұдан әрі - «Байтерек» ҰБХ) АҚ және «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдинг» АҚ (бұдан әрі - «ҚазАгро» ҰБХ АҚ), «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ, «ҚИДИ» АҚ, «NADLoc» жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ және басқалары жатады.

Жекеше операторларға екінші деңгейдегі банктер, лизингтік компаниялар, инвестициялық компаниялар және қаржы секторының басқа да ұйымдары жатады. Бұл ретте, жекеше операторларды іріктеу критерийлері жұртшылық үшін айқын және ашық болады әрі жобаларды іске асыруға әлеуетті қатысушылардың тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге тиіс.

Қайталауды болдырмау және кәсіпкерлікті қолдаудың кешенді инфрақұрылымын қалыптастыру мақсатында («бір терезе» қағидаты) кейбір даму институттарының қызметі бизнес қажеттіліктеріне шоғырландыра отырып құрылымданатын болады.

Өңдеуші өнеркәсіптің жалпы инвестициялық тартымдылығын арттыруға бағытталған жалпыжүйелік шаралар Бағдарламада негізгі 9 бағытқа топтастырылған.

Салалық реттеу

Экономика салаларын үдемелі индустриялық дамыту үшін бүгінгі таңда салалық зертханаларда, сынақ орталықтарында техникалық жарактандырудың жаңа деңгейіне шығуды қамтамасыз ету, техникалық реттеудің неғұрлым жоғары стандарттарын қабылдау қажет. Салалардың тиісті нормалануын қамтамасыз ету үшін инвестициялар - әзірлеу - енгізу процесі (өндіріс) - сапалы жақсартуды алу процесін іске асыру талап етіледі.

Осылайша, мемлекет техникалық реттеу тетігі ретінде стандарттауды тиімді қолдануға тікелей мүдделі болуға тиіс. Стандарттау процесіне мамандарды кеңінен тарту қажет, әзірленетін және қолданылатын стандарттардың сапасы осыған байланысты болады.

Озық халықаралық стандарттарды (API, ASTM, GMP, EN, ISO және басқа) ескере отырып, қолданыстағы ұлттық стандарттарды үйлестіру және жаңаларын қабылдау қажет. Бұл үшін басым секторларда сарапшылардың стандарттар әзірлеуге байланысты шығындарының бір бөлігін субсидиялау және өтеу тетіктерін пайдалану, сондай-ақ секторларда стандарттарды талдауды және жүйелендіруді жүргізу керек.

Өнімді бөлу туралы келісімдермен (бұдан әрі - ӨБК) реттелетін жобалар шеңберінде мұнай-газ саласының жабдықтарын, жиынтықтауыштарын және материалдарын жеткізу кезінде кәсіпорындар үшін тең экономикалық жағдайлар жасау қажет.

Кеден одағының техникалық регламенттерін іске асыру, бәсекеге қабілетті және сапалы өнімді шығару, сондай-ақ Қазақстан Республикасында берілген сәйкестік сертификаттарын және сынақ хаттамаларын тану тетіктерін жасау мақсатында Қазақстанның ДСҰ мен ЭЫДҰ кіруіне байланысты экономиканың басым салаларында жаңа сынақ зертханаларын құру, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту және жете жарактандыру көзделеді. Қойылған міндетті іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

жекеше сектор үшін рентабельді емес, қауіпсіздікпен тікелей байланысты салаларда бюджеттік қаржыландыруды пайдалану;

кәсіпкерлікті даму институттарының гранттық қаржыландыруын пайдалану;

жоғары оқу орындарының зертханалық базасын пайдалана отырып; аккредиттеу жөніндегі халықаралық стандарттардың және халықаралық ұйымдардың (ILAC, IAF) аккредиттеу талаптарына ұлттық жүйесінің сәйкестігін растау.

Жыл сайын халықаралық талаптарды ескере отырып, кемінде 1000 стандарт әзірленетін және қабылданатын болады.

Техникалық реттеу, метрология және менеджмент жүйесі саласындағы қызметкерлерді (жыл сайын кемінде 1300 маман) даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүзеге асырылатын болады.

Стандарттау жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдардағы стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерге қатысу үшін сарапшы-өкілдерді тарту көзделеді.

Шығарылатын соңғы өнімнің техникалық реттеу және метрология жүйесінің талаптарына (техникалық регламенттерге, стандарттарға, сынақ зертханасымен қамтамасыз етілуіне және т.б.) сәйкес болуы тұрғысынан жобаларды бағалау жүргізіледі.

Интернационалдандыру

Шетелдік инвестицияларды тарту үшін ынталандырулардың жаңа пакетін, заңнама мен инвестициялық субсидиялардың тұрақтылығын көздейтін инвестициялық келісімшарттарды енгізуді қамтитын нақты жоспар әзірленген.

Forbes Global 2000, ТҮК тізімінен компанияларды тарту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілетін болады. Қазақстанда өндірісті ұйымдастыру үшін ЭЫДҰ елдерінің инвесторлары үшін барынша қолайлылық режимін, сондай-ақ басым елдерде инвестициялар тарту бойынша ұлттық оператор өкілдіктерінің халықаралық желісін қалыптастыру қажет. ЭЫДҰ елдерінен азаматтардың Қазақстанға кіруін және онда болуын реттейтін визалық тәртіп оңайлатылуы тиіс. ЭЫДҰ-ға мүше елдердің инвесторлары үшін визасыз режимге рұқсат беру және көші-қон қызметтерінде тіркеуді алып тастау қажет.

Мынадай құралдарды қолдана отырып, шетелдік инвесторларға сервистік қызметтер көрсету бойынша жұмыс жалғастырылады: ақпараттық-талдамалық қызмет; шетелдік инвесторларды сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар; Қазақстанның қолайлы инвестициялық ахуалын шетелде ілгерілету мақсатында ақпараттық-таныстыру іс-шаралары; Қазақстан Республикасының шетелдегі инвестициялық имиджін қалыптастыру және ілгерілету жөніндегі қызметті күшейту. Бұл үшін Қазақстанда бірыңғай Brand Book құру бойынша жұмыс жүргізілетін болады. Дипломатиялық өкілдіктерді, мемлекеттік мекемелерді, әкімдіктерді қоса алғанда, мемлекеттік қызметшілердің ауқымды тобын қазақстандық Brand Book таныстыру өнері бойынша оқыту жоспарлануда.

Неғұрлым ірі және басым, оның ішінде ТҮК қатысатын инвестициялық жобалар бойынша мемлекеттік қолдаудың қосымша шараларын көздейтін инвестициялық келісімшарттар жасалатын болады.

Инвестициялар комитеті базасында инвесторлар үшін бірыңғай терезе құру жоспарланған.

Қазақстанда шетелдік инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, оның ішінде инвесторларға туындайтын мәселелерді соттан тыс және сотқа дейінгі тәртіппен шешуде көмек көрсету, сондай-ақ мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттері мен шешімдерін болдырмау мақсатында Қазақстанда инвестициялық омбудсмен институтын құру жоспарланып отыр.

Өңірлерде инвесторларға қызмет көрсету орталықтарының (бұдан әрі - ИКО) желісі негізінде инвесторларды инвестициялаудан кейін қолдау бойынша қызметті күшейту қажет.

Экспортты дамыту және ілгерілету жүйесіне жалпұлттық тәсілді қолдану қажет. Бұл үшін тауар белгілерін ілгерілету, бірыңғай ұлттық стандарттарда халықаралық көрмелердегі тұсаукесерлер, компаниялардың шетелдік көрмелерге қатысуы, шетелде сауда миссияларын ұйымдастыру, экспорттаушыларға көмек ретінде экспорттық өнім анықтамалығы мен әдебиетін басып шығару; экспорттаушыларға ақпараттық-талдамалық жәрдем көрсету; оқыту тренингтерін, сондай-ақ экспорттық өндірістерге шетелдік турларды өткізу; экспорттық қаптама саласын дамыту; экспорттаушылар мен сатып алушылар үшін интернет-ресурсты ілгерілету; экспортқа бағдарлану идеологиясын қалыптастыру; гуманитарлық көмек шеңберінде өнім берушілер қатарына Қазақстанның ықпалдасуы жөніндегі іс-шараларды қамтитын экспортты сервистік қолдау жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің жанында жұмыс істейтін Экспорттаушылар кеңесінің жұмысы жалғасатын болады. Нысаналы нарықтарда промоутерлік қолдау желісі құрылатын болады.

Ресейдің шекаралас аймақтары, КО мен Орталық Азия елдері, Ауғанстан, Иран, Кавказ елдері, Қытайдың батыс өңірлері экспорттың негізгі бағытына айналады.

Технологиялар және инновациялар

Өндеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жаңа технологияларды енгізумен және жоғары инновациялық белсенділікпен тікелей байланысты. Инновациялар саласында басым секторлар мен меншікті инновациялық жүйелерді одан әрі сапалы дамыту, экономикада инновацияларға сұранысты арттыру, технологиялық өкілеттіктерді қалыптастыру үшін өзекті технологиялар трансферті шаралары көзделетін болады.

Озық технологиялар трансфері

Жабдықты жай ғана сатып алудан трансфердің неғұрлым күрделі нысандарына және оларды жергілікті жағдайларда бейімдеуге өту негізгі міндетке айналады.

Инновациялық гранттар қолдаудың маңызды ынталандырушы құралдарының бірі болып табылады. Осыған байланысты инновациялық гранттардың түрлерін нақтылау, оларды ұсыну схемалары мен рәсімдерін оңтайландыру бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Шетелдік технологияларды сатып алуға арналған инновациялық гранттар беру арқылы стратегиялық жобаларды ілгерілету және қолдау жүйелі шараға айналмақ. Бұл ретте, инновациялық гранттың осы түрі бойынша лимит сомасын тиісінше ұлғайту көзделетін болады. Жоғарыда аталған жобаларды іріктеуді «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ (бұдан әрі - «ТДҰА» АҚ) жүзеге асыратын болады. Жобалар тізбесін бекітуді Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік даму жөніндегі комиссиясы жүргізетін болады.

Бұдан басқа, салалық мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың өнеркәсіптің басым секторларындағы технологиялық міндеттерін шешуге байланысты олардың тапсырысы бойынша әзірлеушілер командалары арасында конкурстар өткізуге инновациялық гранттар бөлу көзделген.

Технологиялық сипаттағы ұзақ мерзімді міндеттерді шешу үшін нысаналы технологиялық бағдарламаларды іске асыруға инновациялық гранттар бөлу тетігі пысықталатын болады.

Бизнестің басым технологиялық міндеттерін іздестіру жөніндегі жұмыс, оның ішінде өнеркәсіптік кәсіпорындардың техникалық директорларының (R&D-директорлар) конференциялар өткізу арқылы жүйелі негізде жүзеге асыратын болады, бұл ғылыми қызметті бағдарламалық-нысаналы, гранттық қаржыландыру үшін негіз болады.

Инновациялық гранттар ұсыну арқылы венчурлік қорлардың жобаларын қаржылық қолдау мәселелерін пысықтау көзделеді.

Сонымен қатар, технологиялар трансферті желісін дамыту және ғылымды, технологияларды және инновацияларды дамыту жөніндегі халықаралық бағдарламаларға қатысу жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Инновацияларға сұранысты арттыру

Инновацияларға сұранысты қалыптастыруды мемлекет реттеуші және ынталандырушы шаралар есебінен қамтамасыз етеді.

Инновациялар саласында шағын және орта бизнесті дамыту үшін қаржылық шараларды дамытуды, энергия үнемдеу бойынша заңнамалық шектеулер мен нормативтерді енгізуді, техникалық және экологиялық стандарттар жүйесін КО және ЕО стандарттау жүйелерімен үйлестіруді көздеу қажет.

Шығындарды, мысалы, коммуналдық секторда (SmartMetering) және т.б. ресурстарды есепке алудың бірыңғай автоматтандырылған жүйелерін енгізу кезінде қысқартуға мүмкіндік беретін қалалық инфрақұрылым үшін (SmartCity) кешенді шешім мәселелері қарастырылатын болады.

Технологиялық және басқару құзыреттерін арттыру

Инновациялық гранттарды ұсыну есебінен өңірлерде құзыреттіліктің салалық орталықтарын құру жөніндегі мәселені пысықтау қажет. Бұл орталықтар тәжірибелік үлгілерді дайындау бөлігінде отандық кәсіпорындардың ішкі қажеттіліктерін шешуге және олардың тиімділігін растауға бағдарланған инновациялық жобаларды іске асыру үшін жабдықтарды бірлесіп пайдаланудың мамандандырылған орталықтарды, инновациялық шеберханалар, эксперименттік полигондар болып табылады.

Техникалық машықтар мен мамандықтар негіздерін игерудің және оқудың, сондай-ақ біліктілікті арттырудың қосымша мүмкіндіктерін ұсынатын онлайн құзырет орталықтарының ашылуы мүлдем жаңа шараға айналмақ.

Инноваторлардың бірлескен жұмысын ұйымдастыру және жобаларды ілгерілету мақсатында жұмыс істеп тұрған технопарктерді, сондай-ақ құзырет орталықтарын қайта ұйымдастыруды және оңтайландыруды жүргізу талап етіледі.

Олардың жанынан тәжірибелік-эксперименттік учаскелерді құра отырып, жұмыс істеп тұрған салалық конструкторлық бюролардың функцияларын кеңейту қажет.

Олардың инновациялылығын, рәсімдердің тиімділігі мен ашықтығын растауды қамтамасыз ету бөлігінде инновациялық әзірлемелерді және жаңа технологияларды сараптау жүйесі жетілдірілетін болады.

Функцияларды айқын бөле отырып, Назарбаев Университеті (бұдан әрі - «НУ») және Инновациялық технологиялар паркі (бұдан әрі - «ИТП») инновациялық негізгі екі кластер ретінде басым түрде дамытылатын болады. Іргелі және қолданбалы ғылымды дамытумен «НУ» айналысады. «НУ» зияткерлік-инновациялық кластері негізінде жобалау-инженерлік орталықтарын құру қажет. Озық технологиялар трансфері, сондай-ақ зерттеулер нәтижелерін өнеркәсіптік енгізу жөніндегі міндеттерді шешу Инновациялық технологиялар паркіне беріледі.

Кәсіпорындардағы кадрлардың құзыреттілігін арттыру мақсатында кәсіпорындарды ынталандыру тетіктері енгізіледі, атап айтқанда инженерлік персоналдың біліктілігін арттыруға гранттар бөлу, қызметкерлерге шет тілін оқыту мәселесі пысықталады. Сондай-ақ инженерлік-техникалық қызметкерлердің шетелдік ұйымдарда тағылымдамадан өтуі, сондай-ақ инженерлік-техникалық қызметкерлерді оқыту жөніндегі жұмыс күшейтілетін болады.

Сонымен қатар, инновациялық дамудың халықаралық бағдарламаларына, инновациялық форумдарға қатысу, инновациялық қызметті танымал ету және талдамалық зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмысты жандандыру қажет.

Қосымша шаралар

Аккредиттелген үкіметтік емес ұйымдар тарапынан тәуелсіз тексеру практикасын енгізуді көздейтін инновациялық жобалардың іске асырылуына тексеру жүргізудің бөлек тәртібін заңнамалық деңгейде бекіту қажет. Бұл ретте, бақылаушы органның тексеруді жүзеге асыруы инноваторлардың немесе іске асырылатын жобаға қатысушылардың өздерінен бұзушылық туралы өтініштер болған кезде жүргізілетін болады және жобаны іске асыру кезінде рәсімдерді орындауды бағалауға емес, түпкілікті нәтижеге бағытталатын болады. Аталған шара инноваторларға инновацияларды қолдау бағдарламаларына белсене қатысуға, ал жобалардың операторларына шешімдер қабылдаудың неғұрлым икемді және қарапайым рәсімдерін енгізуге мүмкіндік береді.

Қаржылық ресурстар. Қаржыландыру моделі

Бағдарламаны табысты іске асыру үшін қаржыландырудың теңгерімделген үлгісі қажет. Мемлекеттің рөлі жекеше инвестицияларды тарту үшін ынталандыруларды қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді әрі арзан кредит ресурстарымен қамтамасыз ету бөлігінде сындарлы болып қала береді.

Инвестициялық қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін мынадай қағидаттарда құрылған қаржыландыру моделі пайдаланылатын болады:

мемлекеттің және жекеше сектордың қаржы ресурстарын шоғырландыру қажет, ықпалдастырушы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ болуға тиіс;

қаржылық тетік тәсілін қолдану көзделеді, мемлекеттік инвестициялардың әрбір теңгесіне жекеше қаржы ресурстарының 4 теңгесі құйылады деп күтіледі;

компанияларға бөлінетін мемлекеттік қаражаттың кемінде 70%-ы өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарына ұсынылуы тиіс.

Жекеше инвестициялардың құйылуы үшін құралдары БЖЗҚ ұзақ мерзімді қаражаттын тарту үшін пайдаланылуға тиіс қор нарығын іске қосу қажет. Атап айтқанда, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ купондық облигацияларды шығару және орналастыру есебінен БЖЗҚ-дан ақша қаражаттын тартатын болады. Отандық қор нарығының төмен өтімділігі ұйымдастырылған нарықта айналатын жаңа қаржы құралдарын құру, экономиканың нақты секторынан жаңа эмитенттерді тарту, сондай-ақ халықтың қаржылық сауаттылығының деңгейін арттыру арқылы жақсартылатын болады. Ұзақ мерзімді қаржыға қолжетімділік, сондай-ақ инвестициялық келісімдер жасасу кезінде инвестициялық субсидиялар арқылы жеңілдетіледі.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басым жобаларын қолжетімді және ұзақ мерзімді қаржыландыру мен қамтамасыз ету мақсатында облигациялар шығару жолымен ұлттық қордан қарыз алуды жүзеге асыратын болады.

Мемлекеттік көздерден 2015 - 2019 жылдарға талап етілетін инвестициялар АЭА және ИА оқшау инфрақұрылымын қаржыландыруды қоса алғанда, қайтарымды қаржыландыру (кредит беру және тікелей инвестициялар) және қайтарымсыз қағидат (субсидиялау, сервистік қолдау) бойынша игеріледі.

Қайтарымсыз топтарға мынадай құралдар бойынша жіберілетін бюджет қаражаты жатады:

АЭА және ИА инфрақұрылымын, оның ішінде, Қазақстан Республикасының ұлттық қорынан қаржыландыру;

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі - Даму қоры) арқылы ЕДБ кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау;

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ арқылы жекелеген жобалар бойынша көлік және энергетикалық шығындарды қоса алғанда, инвесторларға күрделі шығындардың бір бөлігін өтеу (объект пайдалануға берілгеннен кейін мемлекет тарапынан инвестициялық шығындарды 30%-ға дейін өтеу) түрінде инвестициялық субсидиялар;

«Даму» қоры арқылы кредиттерге кепілдік беру;

технологиялық құзыретті арттыру, инновациялық инфрақұрылымды дамыту, инновациялық гранттарды ұсыну, мемлекеттік тапсырыстар;

АЭА дамыту, басқару және ілгерілету.

Ұлттық қордан және бюджет қаражатынан қайтарымды топтар бойынша қажеттілік мынадай бағыттар бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ арқылы бөлінетін болады:

1) ШОБ жобаларын «Даму» қоры арқылы ЕДБ негізделген кредит беруі арқылы қолжетімді және ұзақ мерзімді негізде қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету;

2) «Қазақстанның даму банкі» АҚ (бұдан әрі - ҚДБ) арқылы, оның ішінде, банкаралық, лизингтік қаржыландыру және басқалары арқылы өңдеуші өнеркәсіптегі орта және ұзақ мерзімді қаржыландыру.

Бюджет қаражатын және ұлттық қордың қаражатын қоса алғанда, қаржыландырудағы қажеттілік Бағдарламаны іске асыру барысында және заңнамамен белгіленген тәртіппен тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық бюджетті қалыптастырған кезде нақтыланатын болады.

Даму институттарының жаңа рөлі

Бағдарламаны іске асыру үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігін арттыру мақсатында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның даму институттарының жұмысы қайта қаралатын болады.

2014 - 2023 жылдарға арналған даму стратегиясы шеңберінде ҚДБ қолайлы шарттармен Бағдарлама үшін ұлттық валютада қаржыландыруды ұсыну бойынша басты қаржы институты ретінде әрекет етеді. Аталған шара теңгемен кредит беру көлемін ұлғайтуға алып келеді. Бұдан басқа, ҚДБ кредит беру тетігін оңтайландыратын болады, әкімшілік кедергілерді төмендету, артық бизнес-процестерді автоматтандыру және жою, қарыз алушылармен жұмыс тәсілдерін жетілдіру және жаңа кредит құралдарын ұсыну жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың кредит жүктемесінің жоғары деңгейіне, кепілдікті жеткілікті қамтамасыз етудің болмауына байланысты ҚДБ қаржыландыру құралдарының жаңаларын қолдануды қазіргілерін неғұрлым белсенді пайдалануды, оның ішінде, мезониндік кредит беру мен жобалық қаржыландыруды жоспарлауда.

«Даму» қоры «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы бойынша қолда бар құралдар шеңберінде және өңдеуші өнеркәсіпті қолдау үшін меншікті құралдар бойынша шағын және орта бизнестегі кәсіпкерлерге қолдау көрсетуді жалғастырады. ШОБ субъектілерінің қаржылық қажеттіліктерін қанағаттандыру «Шағын және орта бизнесті қолдау» пакетінің шеңберінде жүргізілетін болады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның даму институттары Бағдарламаны қаржыландыруды қолдау үшін әртүрлі борыштық және үлестік құралдардың кең спектрін ұсынады. ҚДБ және Даму сыйақының қолайлы мөлшерлемелері бойынша қарыз беру арқылы кәсіпорындар үшін кредит беру құнын айтарлықтай төмендететін болады. Инвесторларға күрделі шығындардың бір бөлігін өтеу түрінде инвестициялық субсидиялар сияқты қолдаудың жаңа құралдары қосымша енгізілетін болады.

«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ (бұдан әрі - ҚИҚ) 2010 - 2014 жылдарға арналған Индустрияландырудың республикалық картасына енгізілген проблемалық (стресстік) жобаларды сауықтыру және іске қосу арқылы 2015 - 2019 жылдарға арналған Бағдарламаның басым бағыттарының шеңберінде инвестициялық жобаларды қаржылық қолдау жөніндегі жұмысты жалғастырады, бұл проблемалық активтерді экономика құрылымының өзгеруін, жұмыспен қамтудың, салықтық түсімдердің өсуін қамтамасыз ететін жұмыс істеп тұрған активтердің қатарына ауыстыруға, сондай-ақ мемлекет бұрын инвестициялаған қаражатты қайтаруға жәрдемдеседі. ҚИҚ қызметі үлестік қаржыландыру құралдарын пайдалану жолымен өңдеуші өнеркәсіптегі активтерді құруға және оларды сауықтыру арқылы өңдеуші өнеркәсіптегі проблемалы активтердің санын азайтуға бағытталған. ҚИҚ қазіргі сараптаманы және бұрынғы жұмыс тәжірибесін пайдалана отырып, есептелген сыйақыны, өсімпұлды, негізгі борыштың бір бөлігін есептен шығару мүмкіндігін, сондай-ақ тоқтап тұрған жобаларды қалпына келтіру үшін кепілдіктер ұсынууды көздейтін инвестициялық жобаларды сауықтыру және құрылымдау жөніндегі тетіктерді әзірлейді. Көрсетілген тетікті іске асыру үшін тиісті жағдайлар жасалады.

ҚКМ қоржындық қорлары мандаттарының көпшілігі Қазақстан Республикасы экономикасының басым салаларындағы жобаларды қаржыландыру бөлігінде белгілі бір шектулерге ие болғандықтан, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның (бұдан әрі - ҚКМ) қатысуымен кейбір қорларды басқару моделі бөлінген қаражатты игеру және осындай жобаларды қаржыландырудың жеткілікті болуы бөлігінде өзінің тиімсіздігін тарихи тұрғыдан көрсетті. Осыған байланысты, жергілікті және халықаралық институционалдық инвесторлардың қаражатын жоспарланып отырғандай тарта отырып, Инфрақұрылымдық жобалар қорын (бұдан әрі - ИЖҚ) және Старттық жобалар қорын (бұдан әрі - СЖҚ) құру жөніндегі мәселе пысықталатын болады. Аталған қорларды басқару моделі неғұрлым икемді болады және олар Бағдарламаның басым салаларын: дамудың бастапқы кезеңіндегі жобаларды (СЖҚ), сондай-ақ инфрақұрылымды жасау және дамыту, оның ішінде, мемлекеттік-жекешелік әріптестік (ИЖҚ) тетігін пайдалана отырып іске асырылатын жобаларды қаржыландыруға және инвестициялар тартуға мамандана отырып, пайдаланылатын қаржыландыру құралдарын толықтырады.

Аталған құралдар «Өсуге арналған капитал», «Гринфилд-жобалар» және «Инфрақұрылымдық жобалар» пакеттері шеңберінде іске қосылған.

Қазақстандық кәсіпорындардың экспорттық қызметін қолдау мақсатында «Экспорттаушыларды қолдау» пакетінің қолдау құралдарын пайдалану мүмкіндігі болады.

«ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ (бұдан әрі - ҚЭГ) өзінің Қазақстан Республикасының экспорттық-кредиттік агенттігі ретіндегі функцияларын орындайды. Экспорттаушы кәсіпорындарға айналым қаражатын толтықтыруға кредит беру кезінде екінші деңгейдегі банктерді қаржыландыру және тәуекелдерін сақтандыру арқылы экспорт алдындағы қаржылық-сақтандыруда қолдау құралдарын енгізу жолымен экспорттаушыларды қаржылық-сақтандыруда қолдау құралдарының асортиментін кеңейту жоспарлануда.

Экспорттаушыларды қаржылай-сақтандыру мақсатында қолдаудың жаңа өнімдерін тиімді іске асыру үшін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне шартты банктік салымдарға ҚЭГ қаржы қаражатын орналастыру жолымен екінші деңгейдегі банктер арқылы экспорт алдындағы қаржыландырудың экспорттық өнімін отандық өндірушілерге ұсыну мүмкіндігін көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі қаралатын болады.

Экономиканың жаңа, қазіргі заманғы салаларын қолдау мен инновацияларды дамыту және ШОБ-тың инновациялық бағдарланған субъектілерінің қаржылық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында «Инновациялық компанияларды қолдау» пакетінің қолдау құралдары ұсынылатын болады.

«ТДҰА» АҚ басым секторлардағы инновациялық жобаларды қолдау және технологиялар трансфертіне жәрдемдесу жөніндегі жұмысты, оның ішінде инновациялық гранттарды ұсыну және инновациялық инфрақұрылымды дамыту арқылы жалғастыратын болады. Бұл ретте, стратегиялық инновациялық жобаларды қолдау үшін технологияларды сатып алуға және өнеркәсіптік зерттеулерді жүргізуге арналған инновациялық гранттар ірілендірілетін болады. Бизнес пен ғылымды өзара іс-қимыл жасауын күшейту мақсатында нысаналы технологиялық бағдарламаларды іске асыруға гранттар беру көзделетін болады. Сондай-ақ, мемлекеттік тапсырыстарға қатысу үшін прототиптеуге, венчурлік қорлардың жобаларын қолдауға, салалық құзырет орталықтарын құруға, сынақ базаларын құруға және өзгерістерді автоматтандыруға инновациялық гранттар беру мәселесі пысықталатын болады.

Қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында нормативтік құқықтық базаны одан әрі жетілдіру қажет. Индустриялық-инновациялық даму және мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру саласындағы Үкіметтің құралы ретінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметі реттеуді талап етеді, ол мемлекеттік бюджет қаражатының тиімді жұмсалуды бақылауды күшейтеді, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тобындағы корпоративтік басқаруды жетілдіреді және Бағдарламаны іске асыруға «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның неғұрлым оңтайлы қатысуын қамтамасыз етеді.

Инфрақұрылым

Өңдеуші өнеркәсіп секторларын көліктік және логистикалық инфрақұрылымдық қолдау Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 13 қаңтардағы № 725 [Жарлығымен](#) бекітілген Қазақстан Республикасының көлік жүйесі инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының ережелерін ескере отырып; энергетикалық инфрақұрылымдық қолдау - отын энергетикалық кешенді дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының ережелерін ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

Қазақстанды жедел индустрияландыруды инфрақұрылымдық қолдауды қалыптастыру және жетілдіру бойынша міндеттер:

- 1) көліктік, энергетикалық және өндірістік инфрақұрылым саласындағы қолжетімділік пен сапа;
- 2) экономиканың қажеттіліктерін электр энергиясымен қамтамасыз ету және елдің энергетикалық тәуелсіздігіне қол жеткізу;

3) Қазақстанның тиімділігі жоғары көліктік-логистикалық жүйесін құру және оны халықаралық көлік жүйесіне ықпалдастыруды қамтамасыз ету;

- 4) индустриялық дамуға ықпал ететін тарифтердің негізделген деңгейлерін қамтамасыз ету болып табылады.

Өңдеуші өнеркәсіп үшін мемлекеттік қолдау шаралары инфрақұрылымдық шығындарды басқару бойынша айқын шарттар қалыптастыруға бағытталған:

- 1) табиғи монополия субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ұзақ мерзімді кезеңге арналған тарифтерді қалыптастыру тетігін белгілеу;
- 2) қосымша энергетикалық қуаттарға қосылу рәсімін оңайлату;
- 3) теміржол маршруттарының жекелеген учаскелерінде өткізу қабілетін кеңейту;
- 4) өңдеуші өнеркәсіптің басым секторларындағы жаңа объектілерге инфрақұрылым жеткізу;
- 5) жылжымалы теміржол құрамының қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- 6) өңірлік логистикалық орталықтарды құру.

Бүгінгі күні Үкімет табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтердің болжамды болуын қамтамасыз ету мақсатында табиғи монополиялар субъектілерін ұзақ мерзімді - бес және одан да көп жылдарға арналған тарифтер бойынша жұмысқа ауыстыру жөнінде шаралар қабылдауда. Осыған байланысты, қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу көзделді.

Отандық кәсіпорындардың көліктік және логистикалық көрсетілетін қызметтерге қажеттілігін толық көлемде қанағаттандыруға қабілетті өнеркәсіптік тораптық инфрақұрылымдық бірқатар жобаларды іске асыру жоспарлануда, оның ішінде мыналарды салу жобалары пысықталатын болады:

станцияны 3700 м дейін кеңейте отырып, кәсіпорындар тобы алаңдарына дейін Коршуново станциясынан теміржол кіреберіс жолдары және 1200 м-ден 3 қосымша тұйықтама, Шығыс Қазақстан облысы;

өңірдің кәсіпорындары үшін дайын өнімді уақтылы тиіп жіберуді қамтамасыз ететін 1,5 км біріктіргіш теміржол желісі, Қостанай облысы;

ұзындығы 115 км Жаңатас - Түркістан теміржол төсемі, Жамбыл облысы;

кеңейту және дамыту:

- 1) Тобыл теміржол торабы, Қостанай облысы;
- 2) Ақсу-1 және Ақсу-2 теміржол станциялары, Павлодар облысы;
- 3) Жіңішке станциясының өткізу қабілеті, Ақтөбе облысы;
- 4) Оңтүстік Сарыбай карьерінің өндіру аймағынан ұзындығы 9 шақырым «Рудный - Қашар - Федоровка» автомобиль жолының учаскесін шығару, Қостанай облысы;
- 5) 220/10 кВ кіші станция салуды ұйымдастыру және «Қостанай 1150» КС кеңейту, Қостанай облысы;

б) «Горностаевская» 110/10-10 кВ КС электрмен жабдықтау объектілерін салу, «№ 51» 220/110/10 кВ КС кеңейту; ұзындығы 32,5 км «Горностаевская-Шаған» 110 кВ біртүзбекті ӘЖ салу, Шығыс Қазақстан облысы.

Индустриялық даму үшін АЭА қызметінің тиімділігін арттыру бойынша топтастырылған және белсенді іс-әрекет қажет. АЭА одан әрі дамыту мақсатында АЭА әрекет ететін бүкіл кезеңде АЭА-ға қатысушылар үшін орнықтылықты қамтамасыз ету және преференциялар мен салықтық жеңілдіктердің сақталуына кепілдік беру, сондай-ақ АЭА таратылған жағдайда, АЭА-ға қатысушылар үшін тұрақтандыру тетіктерін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасында АЭА-ны басқару және дамыту жөніндегі бірыңғай оператор институтын енгізу мәселелері пысықталатын болады.

Бұдан басқа, басқару, басқарушы компаниялардың қызметі, АЭА-ның, Бірыңғай оператор мен басқарушы компаниялардың қызметін бастапқы сатыларда мемлекеттік бюджет қаражатының есебінен қаржыландыру, сондай-ақ инфрақұрылым объектілерін салуға қарыз қаражатын тарту мәселелерін қоса алғанда, АЭА-ның жұмыс істеу тетіктерін жетілдіру, сонымен қатар басқарушы компаниялар мен басым қызмет түрлеріндегі ілеспе және аралас өндірістер үшін салықтық жеңілдіктер беру қажет.

Кейіннен кешенді шаралар қабылдау мемлекеттік бюджеттен қаржыландырудан бас тартуға мүмкіндік береді, бұл бюджетке түсетін жүктемені азайтады.

Адами ресурстар

Озыңқы индустриялық даму адами ресурстардың қолжетімділігін арттыруды және сапасын қамтамасыз етуді қажет етеді, білім беру сапасына талаптар қояды.

Индустрияландырудың негізгі акценті өндірісті қарқынды өсіруге, атап айтқанда, еңбек өнімділігін өсіруге (1,4 есе) бағытталған. Сондықтан, адами ресурстармен қамтамасыз ету жөніндегі жалпы жүйелік шаралар жұмыс орындарын құру санына емес, біліктілігі жоғары, ғылыми және инновациялық кадрларды даярлау сапасына бағытталған.

Экономика салаларын біліктілігі жоғары кадрлармен қамтамасыз ету үшін кадрлар даярлау жүйесін реформалау жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады.

Өңірлердің мамандануын, аумақтық және инновациялық кластерлерді дамытуды ескере отырып, осы мақсаттар үшін металлургия, мұнай-газ химиясы, электр энергетикасы, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, АӨК, машина жасау, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ғарыш саласы сияқты басым секторлар үшін біліктілігі жоғары мамандар даярлауға бағытталған жоғары оқу орындары мен колледждер айқындалатын болады.

Мұндай кадрларды даярлау жаңа технологиялық процестерді ескере отырып, жергілікті және шетелдік жетекші әріптестермен бірге жоғары оқу орындары мен колледждер әзірлеген жаңа білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылатын болады.

Бұл жоғары оқу орындары мен колледждерге қомақты ресурстар жіберілетін болады және оларды жаңғырту жөніндегі жұмыс жүргізіледі. Жоғары оқу орны мен колледжді дамытудың жеке стратегиялық бағдарламалары әзірленетін болады, материалдық-техникалық база, оның ішінде, оқу-зертхана жабдығы күшейтіледі, басқару жүйесінде жаңа тәсілдер және нәтижеге бағдарланған қаржыландырудың жаңа тетіктері енгізіледі.

Қазақстан Республикасымен инвестициялық келісімдер жасаған инвесторлар, сондай-ақ АЭА аумағында базалық өнім шығару жөніндегі жобаларды іске асыратын операторлар үшін инвестициялық жоба іске асырылатын бүкіл кезеңге және объектіні пайдалануға бергеннен кейін бір жылға шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотадан тыс және рұқсатсыз шетелдік жұмыс күшін тартуға құқық берілетін болады.

Бұдан басқа, қызметін өңдеуші өнеркәсіпте, агроөнеркәсіптік кешенде және геологиялық барлауда жүзеге асыратын ТҰК үшін Қазақстан Республикасында жұмыс істеуге рұқсат алмай басқа елдердің филиалдарынан өз қызметкерлерін тарту мүмкіндігін көздеу жоспарлануда (кейбір талаптар, оның ішінде қазақстандық және шетелдік мамандардың теңбе-теңдігі, еңбекақы төлеуде кемсітушіліктің болмауы, белгілі бір біліктілік деңгейіндегі тартылатын мамандардың сәйкестігі сақталатын болса).

Қызметін басым жобалар бойынша жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квота жылдарға бөліне отырып, басым жобаны іске асырудың бүкіл кезеңіне белгіленетін болады.

Жұмыс күшіне үлкен қажеттілігі бар өңірлерге жұмыс күшінің республикаішілік ағынымен қамтамасыз ету үшін ішкі көші-қон саясатын жетілдіру көзделіп отыр. «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасының ресурстарын басым секторлардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін пайдалану қажет.

Сыртқы көші-қон саясаты шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алу тәртібін оңайлатуы тиіс. Шетелдік жоғары білікті кадрлар үшін жұмыс визаларын алу мен Қазақстанда тұру түрінің тәртібі оңайлатылатын болады.

Жұмыспен қамту мониторингі және кадрларға қажеттілік бағдарламасын жетілдіру қажет.

Еңбекті қорғау деңгейін жақсарту үшін кәсіпорындарда OHSAS 18001 халықаралық стандарттарын енгізу талап етіледі.

Мемлекеттік сатып алу

Мемлекеттік сатып алу [заңнамасы](#) саласында сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің инновациялығы критерийлерін айқындау бөлігінде жекелеген тәртіп енгізу қажет. Технологиялық меморандумдар негізінде енгізілетін бұйымдарды жеткізуге ұзақ мерзімді шарттар жасасу тетігі әзірленетін болады.

Мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде сапасы және қауіпті өнімнен қорғау үшін ұлттық немесе үкіметтік стандарттар бар болса, олардың талаптарын техникалық ерекшелікте белгілеу қажет. Бұл үшін квазимемлекеттік сектор мен жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуын реттейтін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, ұлттық немесе үкіметтік стандарттар бар болса, олардың талаптарын міндетті түре техникалық ерекшелікпен белгілеу қажет.

Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібіне шетелдік инвестицияларды жоғарлату үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына офсеттік келісімдер институтын енгізу туралы мәселе қаралатын болады. Мемлекеттік сатып алу офсет тетігін пайдалану арқылы қазақстанда соңғы өнім шығару кезінде ҚҚТ-ны дамытатын өндірістер үшін пайдаланылуға тиіс.

Сонымен қатар, индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган мен даму институттары арасындағы мемлекеттік тапсырмалар мен мемлекеттік сатып алу шарттарында даму институттарының көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеудің нақты тетігі қолданылуға тиіс. Тұрақты (жалғасатын) сипаты бар жұмыстар мен

көрсетілетін қызметтер шарттардың қолданылу кезеңімен шектелмей, жылына он екі ай бойы жүзеге асырылуға және тиісінше ақы төленуге тиіс.

Бұл ретте, даму институттарының тікелей шығыстарын ғана емес, көрсетілген міндеттемелерді орындауға байланысты даму институттарының негізгі қызметтен түсетін жалпы кірістеріне қатысты орындалатын жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтердің көлеміне барабар есептелген жанама шығыстарын да ескеру қажет. Сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жоспарлы рентабельділігін де ескеру қажет, оның мөлшері даму институттарындағы корпоративтік рәсімдерді (компаниялардың стратегиясы және даму жоспарлары және басқалары) негізге ала отырып айқындалады.

Кәсіпкерлік, шағын және орта бизнес

ШОБ базасында өңдеуші өнеркәсіпке байланысты, оның ішінде басым секторлардағы өнім берушілер мен сервистік компаниялар жүйесін дамыту көзделеді. Ірі кәсіпорындардың айналасындағы ШОБ арасындағы өнім берушілер жүйесін дамытуға ұлттық холдингтер мен компаниялардың әсерін заңнамалық деңгейде шектеуді қарау қажет.

Бизнесті ашу және жүргізу, азаматтардың қауіпсіздігі шарттарын сақтау кезінде рұқсат беру және бақылау-қадағалау жүйелері оңайлатылуға тиіс. Кәсіпкерлерге қатысты рұқсат беру және келісу рәсімдерінің бәрі «бірыңғай терезе» қағидаты бойынша жергілікті деңгейде орындалуға тиіс.

ШОБ субъектілеріне Бизнесстің жол картасы 2020 бағдарламасы арқылы қаржы ресурстарына қолжетімділік беруді жалғастыру қажет. Кредиттік және лизингтік тетіктерді пайдалана отырып, Қазақстанда өндірілген өнімнің түпкі тұтынушыларын қаржыландыруды пайдалану арқылы ішкі сұранысты ынталандыру қажет.

Бәсекелестікті ынталандыру

Жедел индустрияландыру бағдарламасын сәтті іске асырған елдердің тәжірибесі бәсекелес ортаны дамыту есебінен индустриялық даму жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру үшін резервтер бар екенін көрсетіп отыр. Бәсекелестік экономикалық биліктің бір жерге шоғырлануын шектейді және тұтынушының мұқтажының қанағаттандыруды, өнімді арзандатып, оның сапасын жоғарылатуды ынталандырады.

Монополияға қарсы реттеу бәсекелестікті қорғау және экономикадағы іскерлік ахуал сапасын жоғарылату міндетін шешуге тиіс. Бұл жұмысты ҰЕҰ мен кәсіпкерлерді, мемлекеттік органдардың және даму институттарының өкілдерін қамтитын тұрақты жұмыс істейтін комиссияларды тарта отырып жүргізу қажет.

Квазимемлекеттік сектордың бәсекелес нарықтарға араласуы шағын және орта бизнеске келеңсіз ықпалын тигізетін болса, ол өз араласуын орынды шектейтін болады.

Yellow pages қағидатын пайдалана отырып жекешелендіру жүргізілуіне тиіс және мемлекет қатысатын кәсіпорындардың қызметі туралы келешектегі шешім осы қағидатты ескере отырып, қабылдануға тиіс.

Экономиканы нарық субъектілерінің өздерінің үстем немесе монополиялық жағдайын асыра пайдалануынан қорғаудың құқықтық тетігін жетілдіру көзделеді.

Алға қойған міндеттерді іске асыру мақсатында өңдеуші өнеркәсіп салаларын монополиясыздандыру, республика нарықтарында мемлекеттің қатысу үлесін азайту жөніндегі іс-шараларды жүргізу, сондай-ақ монополияға қарсы заңнаманы жетілдіру талап етіледі.

Бұл міндетті шешу үшін:

мұнай өнімдерінің биржалық саудасын дамыту жөнінде ұсыныстар енгізуге;

көмір өткізу нарығында өнімсіз делдал құрылымдарды жоюға;

сұйытылған мұнай газын көтерме және бөлшек саудада сату қызметін жүзеге асыруға рұқсат беру рәсімдерін, оның ішінде көлемі 300 тонналық сақтау базаларының болуы жөніндегі, сондай-ақ сақтау базаларының көлемі 200 тоннадан кем газ желісі ұйымдарында өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясының болуы жөніндегі талаптарды жою жолымен оңайлатуға;

электр энергиясының биржалық саудасын дамыту жөнінде ұсыныстар енгізуге;

табиғи монополиялар мен реттелетін нарықтар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесін біртіндеп қысқартуға;

квазимемлекеттік сектордың жаңа субъектілерін құруға мораторий енгізу жөніндегі ұсыныстар енгізуге;

бәсекелестікті дамыту және экономиканың салалары мен секторларын монополиясыздандыру мақсаттарын, сондай-ақ оларды іске асыру жөніндегі нақты шараларды тиісті салалық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына қосуға;

бәсекелестікті шектейтін нормаларды, туар нарықтарына кірудегі жаңа ойыншылардың пайда болуына және бәсекелі ортаны дамытуға айтарлықтай ықпалын тигізетін тосқауылдарды анықтау және жою тұрғысынан нормативтік құқықтық базаға түгендеу жүргізуге;

ұзақ мерзімді кезеңге арналған тарифтерді айқындау бөлігінде табиғи монополиялар мәселелері бойынша заңнамаға өзгерістер енгізуге бағытталған шаралар қабылданатын болады.

Мемлекеттік бәсекелестік саясат нарыққа «кіру» үшін аумақтық, құқықтық, тарифтік және басқа да экономикалық шектеулер түріндегі тосқауылдарды қысқартуға ықпал етуге тиіс.

Инвесторларды келісімшарттардың орнықтылығы қағидатына сәйкес заңнаманың орнықтылығы кепілдіктерімен қамтамасыз ету қажет.

Өндірісті, технологияны, жабдықтар мен жұмыс орындарын сақтай отырып, дағдарысты еңсеру үшін көзделген нарықтық қатынастардың басты құралы банкроттық институты толыққанды жұмыс істеп кетуі тиіс.

3. Өңдеуші өнеркәсіпті дамытудағы кластерлік тәсілдер Кластерлік тәсіл негізінде бәсекеге қабілеттілікті жоғарылату әлем елдерінің көпшілігінің даму стратегияларында кеңінен таралды. Кластерлер өнеркәсіптік дамуға, бәсекеге қабілеттілікке және экономиканың тиімділігіне жәрдемдесудің маңызды құралы ретінде танылған.

Мақсаты: технологиялық тізбектерді құру және оқшауландыру, кооперациялау, ықпалдасуды дамыту және инновациялық дамуды жеделдету есебінен отандық өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін дамыту.

Міндеттер:

1) Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе қалаларында орталықтары бар агломерациялардың озыңқы өсу аймақтарын құруды ескере отырып, өңірлердегі өңдеуші өнеркәсіптің басым секторларының өндірістерін теңгерімді дамытуды қамтамасыз ету үшін оларды орналастыру;

2) елдің өңдеуші өнеркәсібінде өңірлердің мамандануын тереңдету және кейіннен бәсекеге қабілетті кластерлерді қалыптастыру;

3) кластерлік бастамаларды дамыту бойынша қолайлы жағдайлар жасау.

Кластерлерді қалыптастыру салалық және өңірлік мамандандудың индустриялық және әлеуметтік-экономикалық әлеуетін ескере отырып қалыптасқан, елдің барлық өңірлерінің даму қажеттіліктеріне негізделі отырып жүзеге асырылады.

Қазақстан экономикасын кластеризацияға әзірлік дәрежесінің жеткіліксіз екенін ескерсек, нақты өңірлердегі кәсіпорындарды мамандандырудың сындарлы деңгейін жасау қажет. Ол үшін «Бизнестің жол картасы 2020» [бағдарламасы](#) шеңберінде өңірлік мамандануға сәйкес өңірлерде бизнесті жүргізетін өңдеуші өнеркәсіптің кәсіпорындары үшін неғұрлым тартымды қолдау жағдайлары жасалады.

Кластерлік саясат ел экономикасын жаңа технологиялық тұғырға ауыстыруға, өнімділік деңгейі, қосылған құны және өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің бөлініс дәрежесі жоғары салаларды қалыптастыруға бағытталатын болады.

Бағдарламаны іске асыру кезеңінде мемлекет:

мұнай мен газ өндіруге және өңдеуге байланысты базалық ресурстық секторлардың, мұнай-газ химиясының, мұнай-газ химиялық машина жасаудың және мұнай-газ өнеркәсібіне арналған сервистік көрсетілетін қызметтердің ішінен бір ұлттық кластерді;

өңдеуші өнеркәсіптің нарықтық бағдарланған секторларында конкурстық рәсімді жүргізу нәтижелері бойынша айқындалатын аумақтық үш кластерді;

Астана қаласында («Назарбаев Университеті» кластері), Алматы қаласында («Ақпараттық технологиялар паркі» кластері) «жаңа экономика» секторларында инновациялық екі кластерді дамытуға және теңгерімді түрде қолдауға назар аударады.

Жаңа кластерлерді қалыптастыру және дамыту және кластерлік бастамаларды қолдау шараларын жетілдіру туралы шешімдер бағдарламада көзделген кластерлерді дамытудың әлеуметтік-экономикалық әсерін талдау және бағалау негізінде қабылданатын болады.

Ұлттық кластерді дамыту

«Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын ескере отырып, Қазақстан Республикасында перспективалы ұлттық кластерлерді дамытудың мақсаттары, міндеттері мен бағыттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 қазандағы № 1092 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының перспективалы ұлттық кластерлерін қалыптастырудың 20 жылға дейінгі [тұжырымдамасында](#) (бұдан әрі - Ұлттық кластерлер тұжырымдамасы) айқындалған.

Бағдарлама шеңберінде Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарының аумағында мұнай мен газды өндіру және өңдеу, мұнай-газ химиясы, онымен байланысты машина жасау және мұнай-газ өнеркәсібіне арналған сервистік көрсетілетін қызметтер бойынша ұлттық кластерді дамытуға мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

Ұлттық кластерді дамыту орталық билік органдары және тиісті даму институттары деңгейінде үйлестірілетін болады. Оны қолдау үшін кластерге қатысушылардың пайымын, жоспарлары мен бағдарламаларын, сондай-ақ оның даму стратегиясын келісуге және бекітуге арналған алаң ретінде арнайы басқарушы құрылым (кластер кеңесі) құрылады.

Ұлттық кластер кеңесін Қазақстан Республикасының мұнай және газ министрі басқарады. Мемлекет пен жеке бизнес мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету үшін оның екі орынбасары Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен «Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы өкілдерінің қатарынан айқындалатын болады.

Кеңес функцияларына:

1) ұлттық кластердің даму стратегиясы мен егжей-тегжейлі жол картасын әзірлеу және бекіту;

2) кластерлерге қатысушылардың қызметін үйлестіру;

3) кластерге қатысушыларға мемлекеттік және өзге де қолдау алуда жәрдемдесу;

4) кластер бағдарламалары мен жобаларын іске асыруға бөлінетін қаражаттың тиімді пайдаланылуын мониторингтеу жатады.

Кластердің дамуын жедел ұйымдық-функциялық қолдауды қамтамасыз ететін кластер ықпалдастырушысының функцияларын «ҚазмұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ қамтамасыз етеді.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен «KAZENERGY» мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қазақстандық қауымдастығы кластердегі бизнесті шоғырландыруды үйлестіруді қамтамасыз ететін кластер ықпалдастырушысының әріптестері болады.

Инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз етуді қоса алғанда кластер әлеуетін іске асыру үшін «ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» және «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймақтарына қатысушыларға ұсынылатын салықтық, кедендік жеңілдіктер мен басқа да преференцияларды қолдануға болады. Бұл қосылған құнының деңгейі жоғары, әлемдік нарықта елдің бәсекелес артықшылықтарын күшейтетін жаңа өндірістерді құру және дамыту кезінде шығыстарды тиімді оңтайландыруға мүмкіндік беріп, экономиканың басым салаларында ілесіп және аралас өндірістерді дамытуға түрткі болады.

Кластерді дамыту үшін кластерді дамытудың жол картасына сәйкес 5.3.4-бөлімде көрсетілген кластерлік бастамаларды бірлесіп қаржыландыру бойынша мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылатын болады.

Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде мемлекеттік қолдаудың қаржылай шараларын ұсынатын «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ қаржы агенті ретінде әрекет етеді.

Аумақтық кластерлерді дамыту

Мемлекеттік қолдау көрсетілетін аумақтық кластерлер конкурстық негізде іріктеледі.

Бағдарлама шеңберінде конкурстық іріктеу жүйесін тестілеу жүргізіледі. Өңірлерде қалыптастырылған аумақтық кластерлер қатарынан дамыған үш пилоттық кластер таңдап алынады, оларға мемлекеттік қолдау қамтамасыз етіледі.

Қазіргі уақытта, өңірлерде бәсекелестіктің неғұрлым жоғары деңгейі тамақ өнімдері мен құрылыс материалдарының өндірісі саласында байқалып отыр, бұл кластеризацияға әзірлік факторларының бірі болып табылады.

Аумақтық кластерлерді дамытуда өңірлік бизнес-қауымдастықтар мен жергілікті атқарушы органдар түйінді рөл атқаратын болады.

Бағдарламаны жоспарлау мен іске асыруға негізгі қатысушылардың бірі ретінде Қазақстан өңірлерінің әкімдері индустриялық даму үшін, оның ішінде мынадай:

1) әлеуметтік-экономикалық даму, оның ішінде өнеркәсіп саласында Бағдарлама ережелеріне сәйкес өңірлік стратегиялық құжаттарды (аумақтардың даму жоспарларын) әзірлеу мен іске асыру;

2) жергілікті бәсекелестіктің қарқындылығын ұлғайтуға бағытталған шараларды әзірлеу мен қабылдау;

3) басым кластерлерді қолдау және басым жобаларды іске асыру;

4) өнеркәсіптік кәсіпорындарды заманауи әрі бәсекеге қабілетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету;

5) адами ресурстар мен білім беру жүйесін дамыту;

6) шетелдік инвестицияларды тарту және экспортты ілгерілету;

7) кәсіпкерлікті ынталандыру мен шағын және орта бизнесті дамыту бағыттары бойынша қолайлы жағдай жасауды қамтамасыз етуге тиіс.

Кластерлік қауымдастықтар өңірлердегі кластерлік бастамаларды дамыту орталықтары болады, оларға өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарымен қатар, сервистік кәсіпорындар, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары және орта кәсіптік оқу орындары, консалтингтік компаниялар, инжинирингтік кәсіпорындар да қатысушы бола алады. Бастапқы кезеңде кластерлерді құру және конкурста өтінімдер беру бастамашысының рөлін өңірлік кәсіпкерлік палаталары, әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар, АЕА басқарушы компаниялары алуы мүмкін.

Мыналар:

1) салалық басымдықтарды есепке алу - өңдеуші өнеркәсіптің, бірінші кезекте Бағдарламада басым ретінде айқындалған барлық салаларының ішінен іріктеу;

2) осы Бағдарламаның 3.2-бөлімінде және Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 118 Жарлығымен бекітілген Елді аумақтық кеңістікте дамытудың [болжамды схемасында](#) айқындалған өңірлік мамандануға сәйкестікті;

3) Өндірістік қуаттарды ұтымды орналастырудың алдағы кезеңге арналған схемасын ескере отырып, өңірлердің қолда бар ресурстық адами және инфрақұрылымдық әлеуетін ұтымды пайдалану;

4) тиімділікті барынша өсіру бойынша нақты айқындалған нәтижелерге қол жеткізу үшін қалыптастырған аумақтық кластерлерді дамытуға жұмсалатын шығыстарды азайту;

5) мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін кеңінен пайдалану, аумақтық кластерлерді дамытуға мемлекеттік қолдау көрсету кезіндегі негізгі қағидаттар болып табылады.

Мыналар:

1) қалыптастырылған кластердің даму деңгейі - өңір үшін басым салаларда өзара байланысты және бірін-бірі толықтыратын кәсіпорындар мен ұйымдардың қалыптастырылған тобы түріндегі бизнес-қоғамдастықтың, пысықталған жобалардың, кластерді дамытуға бизнес-инвестицияларының болуы;

2) өңірде кластерді одан әрі дамыту үшін жағдайлардың - шикізаттың табиғи және қаржылық ресурстардың, өндірістік қуаттардың болуы, адами ресурстардың қолжетімділігі, көліктік, энергетикалық және инновациялық, білім беру инфрақұрылымының дамуы;

3) кластерді дамытудың ол орналасқан өңір мен ол жататын сала үшін маңызы;

4) кластерді дамытудың перспективалылығы - нарықтық перспективалар және кластерді дамытудың экономикалық әсері мемлекеттік қолдау көрсетілетін аумақтық кластерлері конкурстық іріктеудің негізгі критерийлері болып табылады.

Конкурстық іріктеудің дайындық кезеңінде (2014 жыл):

аумақтық кластерлерді конкурстық іріктеу критерийлері мен рәсімдері, сондай-ақ конкурс жеңімпаздарына мемлекеттік қолдау көрсету тәртібі айқындалады;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1522 қаулысымен бекітілген өнеркәсіптік даму комиссиясы туралы [ережеге](#) (бұдан әрі — Комиссия), оған аумақтық кластерлерді конкурстық іріктеу жүргізу жөніндегі өкілеттіктер беру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі;

кластерлік процестің барлық қатысушыларын оқыту үшін білім беру бағдарламалары ұйымдастырылады;

кластердің барлық қатысушыларының мүдделерін біріктіретін және қорғайтын ұйым ретінде кластерлік қауымдастықтарды құру негізі қаланады;

кластерлік процестің барлық қатысушыларына, оның ішінде аумақтық кластерді дамыту жөніндегі тұжырымдамаларды, стратегияларды және жол карталарын әзірлеу бойынша әдіснамалық және ақпараттық қолдау көрсетіледі;

мемлекеттік қолдау қамтамасыз етілетін аумақтық кластерлерді іріктеу жөнінде конкурс жарияланады.

Конкурстық рәсімдер екі кезеңмен өткізілетін болады.

Конкурстың бірінші кезеңінде (өтінімдерді кәсіпкерлердің өңірлік палаталары, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар, АЕА басқарушы компаниялар, бизнес-қауымдастықтар береді):

1) конкурста қатысушылар ұсынған аумақтық кластерлерді дамыту жөніндегі тұжырымдамаларға жоғарыда көрсетілген конкурстық іріктеу критерийлері бойынша сараптама жүргізіледі;

2) Комиссия отырысында ұсынылған Тұжырымдамалар қаралады және бірінші кезеңнің жеңімпаздары іріктеледі;

3) бірінші кезеңнің жеңімпаздарына кластерді дамыту стратегиясы мен жол картасын әзірлеуге және кластерлік қауымдастықтар құруға шығыстарды өтеу түрінде қаржылық қолдау көрсетілетін болады.

Конкурстың екінші кезеңінде (өтінімді кластерлік қауымдастықтар береді):

1) конкурстың екінші кезеңіне қатысушылар кластерлік-қауымдастықтар ұсынған кластерді дамытудан болатын экономикалық тиімділікті айқындайтын және оған қол жеткізу бойынша іс-шараларды нақтылайтын стратегиялар мен жол карталарына талдау жүргізіледі, бұл ретте, екінші кезеңге даму стратегиясы, жол картасы бар, конкурстың бірінші кезеңіне қатыспаған кластерлік қауымдастықтар жіберіледі;

2) конкурстың түпкілікті қорытындысы жүргізіледі және жеңімпаздар айқындалады.

Конкурстық іріктеу критерийлері мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Конкурс жеңімпаздарына 5.3.4-бөлімде көрсетілген әрбір кластердің жол картасына сәйкес кластерлік бастамаларды бірлесіп қаржыландыру бойынша мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады.

Инновациялық кластерлерді дамыту

Бағдарлама шеңберінде екі инновациялық кластер құрылады - іргелік және қолданбалы ғылымды дамытуды жүзеге асыратын «Назарбаев Университеті» және озық технологиялар трансфері, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін өнеркәсіптік енгізу жөніндегі міндеттерді шешу үшін «Инновациялық технологиялық паркі». Бұл инновациялық кластерлерді құру және қалыптастыру тетігі ұлттық кластерлер тұжырымдамасында айқындалған.

Бұрын елде болмаған, ғылымды қажет ететін өндірістер мен экономика секторларын, жаңа технологиялық құзыреттер құру, инновациялық серпілісті қамтамасыз ету негізінде әлемдік нарықта елдің бәсекеге қабілетті жана артықшылықтарын (білім кластері, әлемдік технологиялық аутсорсинг) қалыптастыру инновациялық кластерлердің мақсатына айналмақ.

Инновациялық кластерлер шеңберінде медицина, «3 D-принтинг», геология, металлургия, композиттік материалдар, энергия үнемдейтін және құрылыс технологиялары саласында ғылыми орталықтар қалыптастырылады.

Ғылыми орталықтарды құрудың негізгі қағидаты - білім беру, ғылым ұйымдары мен өндіріс арасындағы кооперацияны дамыту (кластерлік саясаттың үш тағанды шиыршығы қағидаты).

«Nazarbayev Research and Innovation System» жекеше мекемесі (бұдан әрі - NURIS) мен «Қазгеология» АҚ арасындағы Стратегиялық ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде Қазақстан Республикасының Ғылыми геологиялық зерттеулер орталығын құру жоспарланып отыр.

NURIS-те Энергетикалық зерттеулер орталығы мен Пәнаралық инструменталды орталық жұмыс істейді, олар жаңартылатын энергия технологияларын құру және іске асыру бойынша ғылыми зерттеулер жүргізеді.

Бұған қоса, аумақтық кластерлердің басқа да ғылыми орталықтарымен кооперация жасалады.

Астана қаласындағы «Назарбаев Университеті» зияткерлік-инновациялық кластері және материалдар, энергия үнемдейтін технологиялар, биотехнологиялар өндірісінде мамандана отырып, күш-жігерін өмір туралы ғылым, медицина, гендік инженерия, материалтану саласында іргелі зерттеулерді дамытуға шоғырландырады.

NURIS кластердің ықпалдастырушысы болады. «Назарбаев Университеті» кластерінің қатысушыларын іріктеу қағидаларын Университеттің Қамқоршылық кеңесі бекітеді.

«Назарбаев Университеті» кластері Университет айналасының ғылымды қажет ететін және жоғары технологиялы компаниялар белдеуін дамытуды, ғалымдар үшін қолайлы жағдайлар жасауды, Университет базасында технологиялық жаңа зерттеулерге инвестицияларды тартуды, Қазақстанда инжинирингтік әлеуетті дамытуды, ең жаңа технологиялардың трансферті мен коммерцияландырылуын, «Назарбаев Университеті» ДБҰ-ның түлектері үшін жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамасыз етуге бағытталған, бұл үшін жаңа құзырет орталықтары, жобалау-инжинирингтік орталықтар құрылады, шетелдерден үздік әлемдік ғалымдар шақырылады, үздік ғылыми жобалар іріктеледі, старт-аптар мен спин-офтар құруға жәрдем көрсетіледі.

«Назарбаев Университеті» коммерцияландыру кеңесі кластердің неғұрлым маңызды элементі болады, өйткені инноватор ғалымдармен үнемі жұмыс істейді, ғалым үшін «алғашқы аялдау пункті» және «Назарбаев Университеті» коммерцияландыруға арналған мүмкіндіктер мен ресурстар саласындағы қажетті ақпараттық бүкіл спектрін ұсыну функцияларын орындайды.

Коммерцияландыру кеңесі патент қабілеттілігі жоғары және нарықтық жетістік әлеуеті жоғары жобаларды іздеумен және бағалаумен белсенді түрде айналысады әрі коммерцияландыруға арналған гранттарды тиісті қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

Бизнес-инкубаторды компанияларға технологиялық бизнес-инкубациялау қызметтері ұсынылады, оның барысында идеяларды нақтылау жүргізіледі, жобаның бизнес-жоспары нақтыланады, зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың қажетті кезеңдері жүргізіледі. Одан кейін жоба келесі кезеңге өтеді және өнеркәсіптік үлгілердің тәжірибелік және пилоттық өндірістерін жүзеге асыру, қолданылатын жаңа технологияларды тестілеу үшін технопаркке орналастыруға ауыстырылады.

Ғылыми парк «Назарбаев Университеті» кластерін қалыптастыруды және дамытуда маңызды рөл атқаруға тиіс. Ғылыми парктің миссиясы ғылымның, бизнестің және мемлекеттің ықпалдасу тұжырымдамасын іске асыруға және инновациялық қызметті жандандыруға, бәсекеге қабілеттілік деңгейін жоғарылатуға әрі ұлттық экономиканы әртараптандыруға бағытталған синергиялық әсерге қол жеткізуге сайып келеді.

«Назарбаев Университеті» ғылыми паркі Қазақстан экономикасының нақты секторын дамытуға бағытталған қолданбалы R&D орталықтары мен жоғары технологиялы ШОБ-та орналастыру және дамыту үшін құрылады.

Ғылыми зерттеу және білім беру қызметімен қатар ғылыми паркте инжинирингтік, тәжірибелік-өнеркәсіптік және инвестициялық қызмет белсенді түрде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының инновациялық даму басымдықтарын ескере отырып, бірінші кезеңде Ғылыми парктің мынадай кластерлерін құру жоспарланып отыр: геологиялық кластер, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кластері, инжиниринг кластері (жаңартылатын энергетика, ғарыш технологиялары), биомедицина кластері.

«Назарбаев Университеті» зияткерлік-инновациялық кластеріне қатысушыларды іріктеу қағидаларын Университеттің Қамқоршылық кеңесі бекітеді. Университет кластерге қатысушыларға Университеттің Қамқоршылық кеңесі айқындайтын тәртіппен қолдау шараларын ұсынады. NURIS кластердің ықпалдастырушысы болады.

«Инновациялық технологиялар паркі» инновациялық кластері (бұдан әрі - «ИТП» кластері) Алматы қаласында «Инновациялық технологиялар паркі» АЕА-ға қатысушы кәсіпорындарды, қаланың ірі ғылыми білім беру институттарын және кластердің Қамқоршылық кеңесі мақұлдаған басқа да заңды тұлғаларды біріктіру жолымен құрылады.

Ғылыми-білім беру институттарының базасында «идеялар» туындауы және дамуы, оларды зерделеу мен сынау жүргізілуі, одан кейін «ИТП» АЕА аумағындағы өндіріске енгізу үшін берілуі тиіс. Кластерді дамытудың басым бағыттары, оның ішінде ұтқыр және мультимедиялық технологияларды қамтитын ғарыштық, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар болады.

«ИТП» кластерін басқаруды Қазақстан Республикасының Президенті басқаратын Қамқоршылық кеңес жүзеге асырады. Қорғаншылық кеңестің функцияларына Кластердің даму стратегияларын бекіту, бизнестің, кәсіпкерлік қауымдастықтардың және одақтардың өкілдерін шоғырландыру, қаржыландырылуы қор қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жоба қатысушыларын айқындау және оларды іске асыру үшін әлеуеттік инвесторларды іздеу және басқалары жатады.

Кластер шеңберінде іске асырылатын бастамаларды қолдау және оның стратегиясын іске асыру үшін дербес кластерлік қор құрылатын болады. Қор жекешелік кәсіпкерлік субъектілерінің ғылыми-зерттеу қызметі және инноваторлардың субъектілерімен тығыз және табысты ынтымақтастық қорын құруы, кластер қатысушыларының қолдау құралдарын алуына жәрдемдесуі тиіс.

Ведомствоаралық өзара іс-қимылды реттеу, бюджет-қаржы саясатын бекіту үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің төрағалығымен Қордың Басқарушы комитеті құрылатын болады.

Кластердің Қамқоршылық кеңесі, Дербес кластерлік қордың басқарушы комитеті қоғамдық бірлестіктердің, ұлттық компаниялардың, ұлттық басқарушы холдингтердің, жоғары оқу орындарының, салалық ғылыми-зерттеу институттарының өкілдерінен қалыптастырылады.

Кластерді дамыту стратегиясы Алматы қаласының өңірлік мамандануын және Қазақстан Республикасының инновациялық саясатын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, ғылыми-білім беру қызметі мен «болашақтың» экономикасын ескере отырып айқындалған үш бағытқа негізделген болуға тиіс.

Кластерлерді мемлекеттік қолдау шаралары

Мыналар бойынша әрбір кластерді дамытудың стратегиялары мен жол карталарын іске асыру үшін мемлекеттік қолдау шаралары пысықталатын болады:

1) кооперацияны және кластерге қатысушылардың ынтымақтастығын қолдау мен дамыту. Негізгі мақсат - қатысушылардың ықпалдастығын арттыру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың жолдарын айқындау. Мысалы: кластер компанияларының, зерттеу ұйымдары мен әріптестердің шикізаты мен жиынтықтаушыларын ұжымдық сатып алу үшін өнім берушілер мен ақпараттық тұғырнаманың бірінші базасын қалыптастыру;

2) кластердің адами ресурстарын дамыту. Негізгі мақсат - кластерге қатысушыларға қолжетімді дағдылар жиынтығы мен мамандарды дамыту. Мысалы:

барлық деңгейдегі кластерлік процестің барлық қатысушыларын (мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, КҰП, бизнес-қоғамдастықтар) оқытуды ұйымдастыру;

кластерге кіретін компаниялардың, жоғары және орта кәсіптік мекемелердің бірлесіп қатысуы арқылы кластер компаниясының басшыларына және мамандарына арналған оқыту бағдарламаларын әзірлеу;

кластер компанияларының қажеттіліктеріне сәйкес қайта даярлау, біліктілікті жоғарылату курстарын ұйымдастыру;

кластер компаниялары үшін кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі орталықтар құру;

кластер қажеттілігін ескере отырып, жаңа оқу орындарын ашу және жұмыс істеп тұрғандарын жаңғырту;

ЖОО студенттері мен өзге де білім беру мекемелерінің оқушыларына арналған кластер компанияларының бос жұмыс орындары жәрмеңкесін ұйымдастыру;

3) кластерді кеңейту. Негізгі мақсат - кластер қатысушыларының

санын ұлғайту. Мысалы:

жобаларға арналған бизнес-инкубатор құру;

шетелдік инвесторларды тарту;

кластерге жаңа қатысушыларды тарту үшін халықаралық форумда ақпараттық-жарнамалық науқан өткізу;

4) инновациялар мен технологияларды дамыту. Негізгі мақсат - азық-түліктік, процестік инновациялар мен қызметтер көрсету саласындағы инновацияларды дамыту. Мысалы:

мамандандырылған конструкторлық бюролар құру;

жаңа өнімдер (тәжірибелік үлгілер мен партиялар) әзірлеу үшін технологиялық алаңдар құру, кластер кәсіпорындарында жұмыс істеп тұрған технологияларды жетілдіру және үздік әлемдік технологияларды қолданыстағы кәсіпорындардың жағдайларына бейімдеу;

кластерге қатысушылардың бірлескен ҒЗТКӨ жобаларын әзірлеуді қамтамасыз ету (ҒЗИ, білім беру мекемелері мен кәсіпорындарын тарта отырып);

инновациялық, оның ішінде өнеркәсіптік зерттеулерге гранттар (нысаналы технологиялық бағдарламаларды іске асыруды қоса алғанда) беру;

өңірлік технопарктердің, салалық конструкторлық бюролардың көрсетілетін қызметтерін ұсыну;

өнертабысты патенттеу бойынша қызметтер көрсету;

компаниялар мен зерттеу ұйымдары өкілдерінің кездесулерін ұйымдастыру;

5) бизнес-ахуал және инфрақұрылым жасау. Негізгі мақсат - кластер шеңберінде бизнес жүргізу жағдайын жақсарту. Мысалы:

өңірлерде жұмыс істеп тұрған энергетикалық, телекоммуникациялық, коммуналдық және көлікті инфрақұрылымға, оның ішінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың, технопарктердің, конструкторлық бюролардың, бизнес-инкубаторлардың және кәсіпкерлікті басқа да объектілерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

жалпыға ортақ пайдаланылатын объектілерді бірлесіп салу, мысалы, ұжымдық пайдаланымдағы логистикалық жүк тиеу кешені, арнайы жабдықтар;

кластер кәсіпорындары (сынақ базасы және/немесе зертхана) шығаратын өнімдердің сапасын арттыру жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде КО техникалық регламенттерінің талаптарын қамтамасыз ету үшін ұйымдастыру;

кластер өнімдерін сертификаттау жөнінде зертханалар құру;

ақпаратты сақтау үшін дата-орталығын салу;

инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру;

6) жалпы кластерді дамытуға арналған басқа да ерекше нақты шаралар.

Бұдан басқа, аумақтық кластерлерді іріктеу жөніндегі конкурстық рәсімдердің бірінші кезегінің жеңімпаздарына кластерді дамыту стратегиясы мен жол картасын әзірлеуге және кластерлік қауымдастықтарды құруға шығыстарды өтеу түрінде қаржылай қолдау көрсетілетін болады.

«ИТП» инновациялық кластерінде венчурлік қаржыландыруды дамыту мақсатында Дербес кластерлік қор шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың жиынтық жылдық кірісінің 1 %-ын пайдалану тетігін жетілдіру мәселесін қарастыру қажет.

«НУ» кластеріне қатысушылар үшін идеяларды коммерцияландыру, зертханалық зерттеулер нысанынан патенттер мен өнімдер прототиптерінің практикалық нысанына кезең-кезеңмен трансляциялау мақсатында университет гранттар

ұсынып, сыртқы қаржыландыруды тартатын болады. Кластерге қатысушыларға университет ұсынатын қолдау шараларына: кластерге қатысушылардың жобаларын қоса қаржыландыруды, лизингтік қаржыландыруды қоса алғанда, қаржыландыру, кластерге қатысушылардың жарғылық капиталына инвестицияларды жүзеге асыру, кластерге қатысушыларға гранттар беру, кластерге қатысушыларды білікті кадр ресурстарымен қамтамасыз ету, кластерге қатысушыларға ғылыми жобаларға тапсырыстар орналастыру, кластерге қатысушыларды қажетті үй-жайлармен қамтамасыз ету, кластерге қатысушыларға «Назарбаев Университеті» ДБҰ-ның және оның ұйымдарының зертханалық жабдықтары мен кітапхана қорына қолжетімділікті ұсыну жатады.

Кластерлік процестің барлық қатысушыларына әдістемелік құжаттар дайындау және ақпараттық бюллетеньдер шығару, кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары арқылы қатысушыларға консультация беру жолымен әдіснамалық және ақпараттық қолдау көрсетілетін болады. Мұндай қолдау шеңберінде кластерлік процеске қатысушыларды мамандандырылған оқыту жөніндегі орталықтар ұйымдастырылатын болады, кластерлік бастамаларды жария ету бойынша веб-сайт құрылады. Кластерлерді дамыту жөніндегі халықаралық тәжірибені, оның ішінде грант негізінде зерделеу мүмкіндігі бойынша мәселелер пысықталатын болады.

Кластерлерді дамыту жөніндегі мемлекеттік шараларды іске асыру үшін қажетті бюджет қаражаты, оның ішінде гранттық негізде немесе жекелеген бюджеттік өнімдер бойынша айқындалады және көзделеді.

Кластерлерге қатысушы компанияларға барлық кезеңдерде жалпы негіздерде әртүрлі бағдарламалар шеңберінде индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері үшін көзделген мемлекеттік қолдау құралдарын алу мүмкіндігі беріледі.

Кластерлерді дамыту жөніндегі негізгі қаржы агенттері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ болады.

4. Басым және қалған салалық секторлардың кәсіпорындарын қолдау.

Мемлекеттік қолдау шаралары мынадай бағыттар бойынша кәсіпорындарды дамыту үшін кедергілерді азайтуға бағытталады.

Салалық реттеу

Өтеуе ұсынылатын соманың 50 %-ы, бірақ үш мың **айлық есептік көрсеткіштен** аспайтын мөлшерде өнімді және сапа менеджменті жүйесін халықаралық стандарттарға (API, ASTM, GNP, EN) сәйкес сертификаттау бойынша шығындарды өтеу жөніндегі жұмыс жалғасады.

Интернационалдандыру

Экспортты қаржылық қолдау тетіктері пысықталатын болады: экспорт алдындағы қаржыландыру және сақтандыру; қазақстандық машина жасау өнімінің шетелдік тұтынушыларына кредит беру үшін экспорттық лизингті пайдалану; сақтандыру немесе құжаттық операцияларды жабу арқылы экспорттық операцияларды саудалық қаржыландыру.

Отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің шығындары: отандық өңделген өнімдерді шетелде жарнамалауға; шетелдік көрмелерге қатысуға; шетелде өкілдікті, қойманы, сауда нүктесін ашуға, ұстауға; шетелде тауар белгілері мен өнімдерді тіркеуге байланысты рәсімдерді өткізуге жұмсалған шығындар; сондай-ақ өнімді шетелде сертификаттауға байланысты рәсімдерді өткізуге арналған шығындар өтелетін болады.

Тасымалдаушыларға экономикалық пайда құру арқылы тасымал көлеміне кепілдік беру жолымен отандық жұмыс істелген өнімді тасуға көліктік шығындарды төмендету тетіктері пысықталатын болады.

Технологиялар мен инновациялар

Өнеркәсіптік зерттеулерге инновациялық гранттар беру, оның ішінде нысаналы технологиялық бағдарламаларды гранттық қаржыландыруды пысықтау жөніндегі тетіктер пысықталады.

Мыналарға:

технологияларды сатып алуға;

технологияларды коммерцияландыру үшін;

өндірістің тиімділігін арттыруға (консалтингтік, инжинирингтік және жобалау ұйымдарын тарту; басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізу) инновациялық гранттар беру бойынша жұмыс жалғасады.

Техникалық диагностика жүргізу кезінде ШОБ пен ірі кәсіпорындарды бірлесіп қаржыландыру бойынша жұмыс жалғасатын болады, сондай-ақ еңбекті техникалық нормалау жүйесін енгізу бойынша ірі кәсіпорындар мен ШОБ шығындарын өтеу жөніндегі жұмыс жалғасын табады.

Енгізілетін жаңа (импортталатын) технологияларды бейімдеу жөніндегі шығындарды өтеу бойынша тетіктер пысықталады.

Қаржы ресурстары

Мынадай тетіктер пысықталатын болады:

инвестициялық мақсаттарға, сол сияқты басым секторларда айналым қаражатын толықтыруға және өңірлік мамандануды ескере отырып, кредиттер немесе қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау;

басым секторларда және өңірлік мамандануды ескере отырып, ЕДБ кредиттері бойынша кепілдіктер беру.

Инфрақұрылым

Салынып немесе жаңғыртылып жатқан объектілерге инфрақұрылым жеткізу мәселесі пысықталатын болады.

Адами ресурстар

Кәсіпорындардың басшылығын (топ-менеджерлерін) өнімділікті және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша оқыту жөнінде жұмыс жалғасады.

Біліктілігі жоғары шетелдік мамандарды тартуға, инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін шетелде арттыруға гранттар беру бойынша жұмыс жалғасын табады.

Мемлекеттік сатып алу

Мемлекеттік сатып алу бойынша ұзақ мерзімді келісімшарттар жасасу тетіктері пысықталады.

Төлеудің ең ұзақ мерзімдерін нормативтік реттеу тетіктері пысықталатын болады.

Кәсіпкерлік және ШОБ

Кәсіпорынды дамытудың кешенді жоспарын әзірлеуге арналған шығындарды өтеу бойынша жұмыс жалғасады.

Ірі кәсіпорындар айналасынан сабақтас өндірістер құру мақсатында тапсырыс беруші мен өндіруші арасында келісімшарттар жасасу жұмысы жалғасатын болады.

Мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну қолданыстағы Бизнестің жол картасы 2020, Өнімділік 2020, Агробизнес 2020 бағдарламаларының, сондай-ақ отандық өңделген тауарларды, көрсетілетін қызметтерді ынталандыру мен ілгерілету және шетелдік инвестицияларды тарту бойынша мемлекеттік қолдау шеңберінде жүргізіледі. Қолданыстағы құралдарды ұсыну шарттары мен тетіктерін нақтылау және жаңа құралдарды ұсыну тетіктері мен шарттарын айқындау үшін аталған Бағдарламаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етіледі.

кәсіпорындар мен олардың жобаларын қолдау мынадай тәсілдерге сәйкес жүзеге асырылады;

1. Стандартты тәсіл - құралдардың стандартты пакетін ұсыну. Қолдау объектісі - өңдеуші өнеркәсіп салаларында жобаларды іске асыратын шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне Бизнестің жол картасы 2020, Өнімділік 2020, Агробизнес 2020 бағдарламаларының, сондай-ақ отандық өңделген тауарларды, көрсетілетін қызметтерді ынталандыру мен ілгерілету және шетелдік инвестицияларды тарту бойынша мемлекеттік қолдау шеңберінде стандартты қаржылық және сервистік құралдар қолданыла отырып, жүйелі негізде қолдау көрсетілетін болады.

Меншік көлеміне және нысандарына қарамастан, барлық кәсіпорындар инвесторларды сертификаттау, қолдау және тарту, экспортты ынталандыру, инновацияларды дамыту, тиімділікті арттыру, технологияларды жетілдіру, адами капиталды дамыту жөніндегі сервистік шараларға үміткер бола алады.

Қаржылай қолдау шаралары жобаның құны және басымдықтар бойынша ренжирленетін болады.

750 млн. теңгеге дейінгі жобалар үшін кредиттер немесе қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және ЕДБ кредиттері бойынша кепілдік беру басым секторлар шеңберінде және/немесе өңірлік мамандануға сәйкес жүзеге асырылады.

Ауылдық елді мекендерде, моноқалаларда және шағын қалаларда қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлер үшін, сондай-ақ ісін жаңа бастаған жас дара кәсіпкерлер үшін сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және ЕДБ кредиттері бойынша кепілдіктер беру салалық шектеулерсіз жүзеге асырылады.

Инвестиция көлемі 4,5 млрд. теңгеге дейінгі жобалар үшін қосымша критерийлер қолданылады: (а) басым 14 секторда және/немесе тиісті өңірлік мамандануға сәйкес қызмет; (б) өндірілетін өнімнің жалпыға бірдей танылған халықаралық стандарттарға сәйкестігі; (в) еңбек өнімділігі, энергия тиімділігі; (г) шикізаттық емес тауарларды өткізу үшін нарықтарды кеңейту; (д) түпкілікті өнім шығару кезінде ҚҚТ дамытатын өндірістер.

Жобалардың осы санаты үшін кредиттер/қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және ЕДБ кредиттері бойынша кепілдіктер беру айрықша шарттар бойынша жүзеге асырылатын болады.

2. Жеке тәсіл стандартты тәсіл шегінен тыс республикалық деңгейде үйлестіру мен қолдауды және қосымша мемлекеттік қолдау шараларын талап ететін өңдеуші өнеркәсіптің басым секторларында ауқымды жобаларды іске асыратын ірі кәсіпорындар үшін қолданылады. Бұл жобалар Индустрияландыру картасының негізін құрауға тиіс. Бұл тәсілді пайдалану жөніндегі шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

Критерийлері: (а) басым 14 сектордағы қызмет; (б) инвестициялар көлемі 4,5 млрд. теңгеден басталады; (в) өндірілетін өнімнің жалпыға бірдей танылған халықаралық стандарттарға сәйкестігі; (г) еңбек өнімділігі, энергия тиімділігі; (д) шикізаттық емес тауарларды өткізу үшін нарықтарды кеңейту; (е) түпкілікті өнім шығару кезінде ҚҚТ дамытатын өндірістер; (ж) Бағдарламаның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге үлес қосу.

Индустрияландыру картасы жеке тәсілді іске асыру құралы болмақ.

Алдағы кезеңге арналған Қазақстанды индустрияландыру картасы - бұл негізінен, жаңа индустрияларды қалыптастыратын, кластерлерді дамытатын, мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылатын басым 14 сектордағы инвестициялық ірі жобалар тізбесі.

Индустрияландыру картасы жобаларының күрделілігі мен ауқымдылығы мемлекеттік қолдау шараларын келісімдер жасасу арқылы жеке тәртіппен ұсынуда талап етеді.

Индустрияландыру картасына жобаларды іріктеу процесі интеграциялы болып табылады. Индустрияландыру картасына енгізілген жобалар тізбесін өтінімдердің түсуіне және олардың тиісінше қаралуына қарай жылына кемінде бір рет жаңа жобалармен толықтыруға болады.

Индустрияландыру картасына жобаларды іріктеу критерийлеріне мыналар жатады:

1) салалық басымдықтар - Индустрияландыру картасының жобалары басым 14 сектор тізбесіне сәйкес Бағдарламаның салалық басымдықтарына сәйкес келуге тиіс;

2) жобаның ауқымы - Индустрияландыру картасына инвестициялардың жалпы көлемі 4,5 млрд. теңгеден астам республикалық деңгейде үйлестіру мен қолдауды талап ететін ауқымды жобалар ғана енгізіледі;

3) Бағдарламаның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге үлесі - жобаны іске асыру Бағдарламаның нысаналы индикаторларына қол жеткізу арқылы Бағдарлама нәтижелеріне тікелей әсер етуге тиіс;

4) мемлекеттік қолдау шараларына қажеттілік.

Индустрияландыру картасына жобаларды іріктеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын болады.

Жобаларды Индустрияландыру картасына енгізу жөнінде, сондай-ақ өтініш берушімен келісім жобасын жасау жөнінде шешімді өнеркәсіптік даму жөніндегі комиссия қабылдайды. Өнеркәсіптік даму жөніндегі комиссия жобаның өтініш берушісімен бірлесіп келісім жобасын әзірлеу үшін жобаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органды айқындайды.

Өнеркәсіптік даму жөніндегі комиссияның шешімі бойынша Индустрияландыру картасына басым болып табылмайтын, бұл ретте Индустрияландыру картасының өзге критерийлеріне сәйкес келетін, өңдеуші өнеркәсіп салаларында іске асырылатын жобалар енгізілуі мүмкін. Олар бойынша мемлекеттік қолдау шаралары басым болып табылмайтын өңдеуші өнеркәсіп секторларындағы жобаларды қолдауға Бағдарлама бойынша бөлінетін 20 % қаржы ресурстарын бөлу шеңберінде көрсетіледі.

Жобалар Индустрияландыру картасына Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен енгізіледі, онда Үкімет оны іске асыруға жауапты мемлекеттік органға жобаның өтініш берушісімен келісімге қол қоюға уәкілеттік береді.

Келісімде жобаны іске асыру бойынша өтініш берушінің және мемлекеттік органның жауапкершілігі көзделетін болады.

Индустрияландыру картасы жобаларының мониторингі Индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институтының базасында Бағдарламаны басқару кеңсесінің шеңберінде жүргізілетін болады.

Бұдан басқа, Индустрияландыру картасының жобаларына Индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институты қолдау көрсетеді:

- 1) жобаларды іске асыру барысында әкімшілік кедергілерді жою бойынша ұсынымдарды анықтау және ұсыну;
- 2) жобаларды іске асырудағы проблемаларды анықтау және осы проблемаларды ведомствоаралық үйлестіру тетіктері арқылы шешу;
- 3) жобаларды жоспарлау және іске асыру кезінде салалық сарапшылардың көмек көрсетуі.

2015 жыл бойы Индустрияландыру картасын жаңа тәсілдерге көшіру жөніндегі іс-шаралар өткізілетін болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 303 қаулысымен бекітілген 2010 - 2014 жылдарға арналған республикалық индустрияландыру картасына енгізілген, пайдалануға беру мерзімі 2015 жылдан басталатын жобалар, басым болып табылмайтын секторларда іске асырылатын жобаларды қоспағанда, алдағы жылдарға арналған индустрияландыру картасының шеңберінде іске асырылады.

Алдағы жылдарға арналған Индустрияландыру картасына 2010 - 2014 жылдарға арналған өңірлік индустрияландыру карталарына енгізілген, пайдалануға беру мерзімі 2015 жылдан басталатын және алдағы жылдарға арналған Индустрияландыру картасының критерийлеріне сәйкес келетін жобалар да енгізіледі.

2010 - 2014 жылдарға арналған өңірлік индустрияландыру карталарына енгізілген, пайдалануға беру мерзімі 2015 жылдан басталатын, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларын талап ететін қалған өңірлердің Кәсіпкерлікті қолдау карталарының негізін құрайды, олар бойынша іріктеуді және мониторингтеуді жергілікті уәкілетті органдармен бірлесіп өңірлік кәсіпкерлер палаталары жүзеге асырады.

Өңірлердің кәсіпкерлігін қолдау карталарына өңдеуші өнеркәсіпте іске асырылатын жобалар енгізіледі. Бұл ретте басымдылық Бағдарлама бойынша бөлінетін, нысаналы бюджеттік қаржы ресурстарының 80 %-ы бағытталатын 14 басым сектордағы жобаларға берілетін болады. Қалған 20 %-ы өндіруші өнеркәсіптің басқа секторларының сәтті жобалары мен кәсіпорындарын қолдауға беріледі.

Карта жобалары бойынша жалпы үйлестіру және жауаптылық ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және жергілікті уәкілетті органдармен бірге өңірлік даму саласындағы уәкілетті органға бекітіледі. Жергілікті уәкілетті орган тоқсан сайынғы негізде өңірлік даму саласындағы уәкілетті органға Кәсіпкерлікті қолдау картасының жобалары туралы ақпарат береді, оның көшірмесі салалық мемлекеттік органға да жіберіледі.

5. Бағдарламаны іске асыру тетігі, оны басқару және мониторингтеу

Бағдарламаны іске асыру тетігі

Бағдарламаны іске асырудың тиімділігін арттыру үшін күтілетін нәтижелер бойынша өзара келісілген бірқатар бағдарламалық және өзге де құжаттарды дәйекті түрде қабылдау қажет:

1) Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған нақты іс-қимылдар егжей-тегжейлі көрсетілген, мерзімдері, орындаушылары, аяқтау нысандары, оны іске асыруға жұмсалатын нақты шығындар анықталған Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары);

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен бекітілетін Республиканың орталық атқарушы органдарының стратегиялық жоспарлары;

3) өңірлердің мәслихаттары мен әкімдіктерінің тиісті шешімдерімен бекітілетін аумақтарды дамыту бағдарламалары және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары;

4) Бағдарламаны іске асыруға қатысатын ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың, мемлекет бақылайтын өзге де акционерлік қоғамдар мен серіктестіктердің стратегиялары мен даму жоспарлары;

5) саясатты іске асыруға қатысатын ұлттық даму институттарының, мемлекет бақылайтын өзге де акционерлік қоғамдар мен серіктестіктердің стратегиялары мен даму жоспарлары.

Аталған құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісті кезеңнің өзекті болмысын есепке ала отырып, қажеттіліктің туындау шамасына қарай жүргізіледі.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды әзірлеу мен қабылдаудың мұндай тәртібі Бағдарламаны сатылай және деңгейлес дәрежеде іске асырудың тиімділігі мен ашықтығын арттырып, іс-шараларды іске асырудың дәйектілігі мен үндестігін қамтамасыз етеді.

Бағдарламаны дамыту үшін әзірленетін арнайы салалық бағдарламалардың болмауы қағидатты болып табылады. Бағдарлама мен жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілер мен межелеңген іс-шаралар жөніндегі өзге де құжаттарды әзірлеу және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде олардың арасындағы нақты өзара байланыстарды сақтау маңызды болып табылады.

Бағдарламаның іске асырылуын басқару

Бағдарламаның іске асырылуын басқару үшін оны іске асыруға, мониторингтеу мен қаржыландыруға негізгі қатысушылар арасындағы жауаптылық пен институционалдық тетіктерді нақты бөлу бекітілді.

Қазақстан Республикасының Үкіметінен басқа, орталық және жергілікті басқару органдары, ұлттық холдингтер мен даму институттары, ұлттық кәсіпкерлер палатасы Бағдарламаны іске асыру үшін, оның ішінде ұлттық және аумақтық кластерлерді дамыту мәселелері бойынша стратегиялық құжаттарды талқылауға және әзірлеуге белсенді түрде қатысатын болады.

Қазақстан Республикасын өнеркәсіптік дамыту саласында ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылған Қазақстан Республикасын өнеркәсіптік дамыту жөніндегі комиссияға маңызды рөл беріліп отыр.

Өнеркәсіп салаларын дамыту жөніндегі жұмысты үйлестіру, индустрияны дамыту саласында ұлттық даму институтының базасында даму институттары арқылы қолдау жүйесін реттеу үшін индустриялық саясат саласында белгіленген тәртіппен құзыреттер орталығын қалыптастыру көзделіп отыр, оның қызметінің негізгі бағыттары: елді индустриялық дамытуды ақпараттық-талдамалық қолдау; Бағдарламаның іске асырылуын мониторингтеу; өнімділікті жоғарылату бағдарламаларын дамыту; өнім берушілер жүйесін дамыту және жаһандық салалық тізбектерге ықпалдасу; кластерлерді қолдау бойынша мемлекеттік саясатты үйлестіру; әкімшілік кедергілерді азайту жөніндегі жол карталарын әзірлеу; Индустрияландыру картасын сүйемелдеу; жедел қызметтерді қолдау және Комиссияны талдамалық қамтамасыз ету; Бағдарламаны басқару кеңсесін құру және дамыту.

Бағдарламаның іске асырылуын мониторингтеу

Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жедел (жыл сайынғы) деректерді, сондай-ақ оны іске асыруға жұмылдырылған министрліктер мен даму институттарының іс-шаралар жоспарларын тиімді үйлестіру, мониторингтеу және олардың қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін оның іске асырылуын мониторингтеу және бағалау жүйесі жетілдірілетін болады.

Қол жеткізілген нәтижелерге байланысты фактілерге негізделген бағалау және орындаушыларды қаржыландыру Бағдарламаның іске асырылуын мониторингтеу жүйесіндегі түйінді тетікке айналуға тиіс. Бұл тәсілді енгізу Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесін одан әрі жетілдіруді талап етеді, ол бірінші кезекте, талдау мен бағалаудың - бағдарламалар мен жобаларды алдын ала бағалау, жұмсалатын мемлекеттік ресурстарға қатысты оларды іске асырудың нәтижелілігін бағалау сияқты жаңа түрлерінен көрінуге тиіс.

Оның іске асырылуын бағалау тиімді ведомствоаралық үйлестіру үшін бағдарламаларды басқару саласындағы үздік әлемдік практикаларға сәйкес Индустрия саласындағы ұлттық даму институтының базасында Бағдарламаны басқару кеңсесін құру жоспарланып отыр. Ол нысаналы көрсеткіштердің орындалуын, жекелеген іс-шараларды іске асыру дәрежесін бағалауды жүзеге асыратын болады. Бағдарламаның іске асырылуын мониторингтеу ауытқуларды анықтап, оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсынуға мүмкіндік береді, оның негізінде Бағдарламаны түзету жүзеге асырылады.

6. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Алға қойылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізу қадамдап жүзеге асырылатын болады.

Бірінші кезең экономиканың базалық ресурстық секторларынан ұлттық кластерді, экономиканың нарыққа бағдарланған секторларынан 3 кластерді және «жаңа экономика» секторларынан екі инновациялық кластерді дамыту жөніндегі іс-шараларды іске қосуды қамтиды. Басым секторларда индустриялық дамуды қолдау үшін индустриялық дамуды қолдаудың пилоттық құралдары іске асырылады.

Іске асырудың екінші кезеңінде басым секторларда индустриялық дамуды қолдау құралдарының бүкіл жинағы пайдаланылады. Базалық ресурстық секторлардан, нарыққа бағдарланған секторлардан басым кластерлерді және инновациялық кластерлерді дамыту жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылады. Даму институттары жүйесін жаңарту аяқталады. Сондай-ақ, қажет болған жағдайда, саясат өзектілендіріледі, ал бұл кезеңнің соңғы сатысында Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың үшінші бесжылдық бағдарламасы әзірленетін болады. Бұдан басқа, өнеркәсіптің базалық және нарыққа бағдарланған секторларының кластерлері, сондай-ақ «жаңа экономика» секторларының инновациялық кластерлері үшін ТМД мен Орталық Азия елдерін қамтитын макроөңірде халықаралық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуді қамтамасыз ету қажет.

Саясаттың өзгермелі сыртқы жағдайларға сай келуін қамтамасыз ету мақсатында оны қайта қарау жүзеге асырылады, оның ішінде Саясатты іске асыруға жұмылдырылған министрліктердің стратегиялық жоспарлары, үш жылдық және бес жылдық жоспарлары (бюджет циклін есепке ала отырып), сондай-ақ даму институттарының стратегиялық жоспарлары, үш жылдық және бес жылдық жоспарлары (бюджет циклін есепке ала отырып) қайта қаралады.

Іске асырудың үшінші - соңғы сатысында Саясатты іске асыру қорытындыларын кешенді бағалау жүргізіледі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың үшінші бесжылдығының 2020 - 2024 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу ұйымдастырылатын болады.

7. Қажетті ресурстар

Бағдарламаны сәтті іске асыру үшін мемлекеттің және жекеше сектордың қаржы ресурстары шоғырландырылатын болады, бұл ретте мемлекет жекеше инвестициялардың құйылуы үшін жағдай жасайтын қолдау шараларын қаржылай қамтамасыз етуге назар аударады.

Алға қойылған мақсаттар мен индикаторларға қол жеткізу үшін өңдеуші өнеркәсіптің инвестицияларды болжамды қажет етуі 6,6 трлн. теңгеге жуық, оның ішінде мемлекеттік бюджеттен - 600 млрд. теңгеге жуық.

62-кесте. Өңдеуші өнеркәсіптегі инвестициялардың жалпы қажеттілігі, млрд. теңге

	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2015-2019 жж.
Қара металлургия	89	53	84	72	93	390
Түсті металлургия	361	400	216	59	66	1102
Мұнай өңдеу	48	50	514	68	70	750
Мұнай-химия	14	284	264	582	144	1289
Тамақ өнімдерінің өндірісі	59	61	66	73	82	341
Агрохимия	30	12	18	361	96	517
өнеркәсіпке арналған химикаттар өндірісі	16	18	23	29	36	121
Автомобильдер өндірісі	17	31	44	24	49	164
Электр жабдығы	23	34	42	34	36	169
А/ш техникасының өндірісі	19	13	14	16	18	80
Т/ж техникасының өндірісі	53	64	76	86	107	385
Тау-кен жабдығы	17	17	18	21	18	90
мұнай өңдеу және мұнай-газ өңдеу жабдығы	8	9	9	11	14	51
Құрылыс материалдарының өндірісі	124	77	77	77	83	436

Басым секторлар бойынша жиыны	876	1121	1464	1512	912	5885
Өзге де секторлар	144	152	165	124	130	715
Өндеуші өнеркәсіп	1020	1273	1629	1636	1042	6600

Бағдарлама бойынша бөлінетін нысаналы бюджеттік қаржы ресурстарының 80%-ы басым секторларды қолдауға бағытталатын болады. Қалған 20%-ы өндеуші өнеркәсіптің басқа секторларының табысты жобалары мен кәсіпорындарын қолдауға бағытталады.

Бағдарламада көзделген іс-шараларды мемлекеттік қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналып нақтыланады.

Пайдаланылатын терминдер

Аддитивті технологиялар - бөлшегі дәстүрлі технологиялардағыдай дайындамадан алу арқылы емес, материалды күшейте отырып қалыптастырылатын технологиялар класы.

Голландтық ауру - экономиканың екі белгі тән болатын жай-күйі. Бірінші - шикізатты өндіру мен экспорттаудың ұлғаюы. Екінші - отандық өнеркәсіптік өндіріс көлемінің азаюы. Бұл ретте, екінші белгінің пайда болуы біріншісімен тікелей байланысты. Басқаша айтқанда, «голландтық ауру» - шикізат экспорты ел экономикасының дамуын баяулататын экономикалық ахуал.

Іскерлік ахуал - елдің шетелдік инвестициялар үшін артықшылықтарын, сондай-ақ барлық көлемдегі және саладағы ұлттық компаниялардың дамуға инвестиция салуға бейімділігін айқындайтын саяси, экономикалық, заңдық және материалдық факторлардың ауқымды жиынтығы.

Әртараптандыру - экономикалық тәуекелдерді азайту мақсатында капиталды салымдардың әртүрлі нысандары арасында шоғырландыру.

Ұлттық даму институттары - дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу немесе одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі, индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға уәкілетті заңды тұлғалар.

Интернационалдандыру - өнім әзірленгеннен өзге өңірдің тілдік және мәдени ерекшеліктеріне өнімді бейімдеуді жеңілдететін технологиялық әзірлеу амалдары.

ТШИ жанындағы сенім индексі (FDI Confidence Index by A.T.Kearney) - халықаралық ірі инвесторлардың пікірлерін жүйелі түрде сұрау деректеріне негізделген, A.T.Kearney компаниясы әзірлеген индекс. Елдердің рейтингтерін жасаған кезде жылдық айналымы 2 трлн. АҚШ долларынан асатын компаниялар қатысады.

Кластер - тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді түпкілікті немесе аралық өндірушілерді, жиынтықтаушы, мамандандырылған көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерді, өндірістік және өзге де жабдықтарды өндірушілерді, мамандандырылған инфрақұрылымды жеткізушілерді, ғылыми және зерттеу ұйымдарын, жоғары білім беру ұйымдарын, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен белгілі бір салалық маманданған басқа ұйымдарды қамтитын өзара байланысты әрі бірін-бірі толықтыратын компаниялар мен ұйымдардың географиялық шоғырланған тобы.

Коммодитиз - сапалы біртектілікке ие ұзақ уақыт кезеңдері ішінде сапалық сипаттамалары салыстырылатын және жеке партиялары бірін-бірі алмастыратын, жаппай өндірістің белсенді экспортталатын тауарлары, бұл олардың саудасын сипаттамалары мен үлгілері бойынша жүргізуге мүмкіндік береді.

Орташа кіріс тұзағы - экономикалық дамуда белгілі бір кіріске қол жеткізген ел сол деңгейде «тұрып қалатын» ахуал. Оқшаулау - бастапқыда шетелде шығарылған өнімнің өндірісін ел аумағында орналастыру.

Макроөңір - Қазақстан Республикасымен ықпалдасу дәрежесіне байланысты бес деңгейден тұратын өңір.

Бірінші деңгей Ресей Федерациясының шекара маңы өңірлерін қамтиды: Астрахань, Волгоград, Саратов, Самара, Орынбор облыстары, Башқұртстан Республикасы, Челябинь, Қорған, Түмен, Омбы, Новосібір облыстары, Алтай өлкесі, Алтай Республикасы.

Екінші деңгей Ресей Федерациясының барлық өңірлерін, Украина мен Беларусьті қамтиды.

Үшінші деңгей Қытайдың Қазақстан Республикасымен шекаралас батыс өңірлерін қамтиды.

Төртінші деңгей Қытайдың, Өзбекстанның, Тәжікстанның, Түрікменстанның, Қырғызстанның барлық өңірлерін қамтиды.

Бесінші деңгей Түркияны, Иранды, Иракты, Әзербайжанды қамтиды.

ЭЫДҰ елдері - Жапония, АҚШ, Австралия, Германия, Италия, Канада, Ұлыбритания, Франция, Оңтүстік Корея, Мексика, Испания, Түркия.

Үнемді өндіріс әдісі - өндірістік кәсіпорынды басқарудың барлық шығын түрлерін жоюға үнемі ұмтылуға негізделген тұжырымдамасы.

Yellow pages қағидаты - жекеше бизнес айтарлықтай шоғырланған секторларда мемлекет бизнес-ойыншы ретінде қатыспауға тиіс.

Өнеркәсіп - өнеркәсіптің өзі үшін де, халық шаруашылығының салалары үшін де еңбек құралдарын шығарумен, сондай-ақ шикізат, материалдар, отын өндірумен, энергия өндірумен, ағаш дайындаумен, өнеркәсіпте алынған немесе ауыл шаруашылығында шығарылған өнімдерді одан әрі өндеумен айналысатын кәсіпорындар (зауыттар, фабрикалар, кеніштер, шахталар, электр станциялары) жиынтығы (БЭС).

Трансұлттық компания - екі және одан көп елде өндірістік бөлімшелері бар компания, сондай-ақ активтердің жалпы көлемінің шамамен 30 %-ы шетелдік активтерге тиесілі компания.

R&D (Research & Development) орталық - жаңа білім алуға және жаңа бұйымды немесе технологияны жасау кезінде практикалық пайдалануға бағытталған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер орталығы.

ҚҚТ - қосылған құн тізбегі (сондай-ақ бизнес жүйесі ретінде мәлім) сипаттама модельді білдіреді, ол өнімнің жеткізушіден тұтынушыға дейінгі осы өнімге құн немесе құндылық қосатын сатылар арқылы қозғалыс процесін сипаттау үшін қолданылады. ҚҚТ талдау тиімділікті арттыруға болатын салаларды айқындау үшін өндірістік процестің құрылымын түсінуге мүмкіндік беріп, сол арқылы жұмыс істеу тиімділігін арттырады және оның бәсекеге қабілеттілігін нығайтады.

